

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

2

ФЕВРАЛЬ

1966

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ШЫҒУЫНА 45 ЖЫЛ

2

ФЕВРАЛЬ

1966

БҰЛ НОМЕРДЕ:

**Март Пленумының
шешімдері жүзеге
асуда**

Ғылым және өндіргіш күштер

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ
КӨМЕК

Даңқты қос мереке алдында

**Халық шаруашылығына
білгір мамандар керек**

**Баға саясаты—өндірісті
көтермелеу құралы**

МАЗМҰНЫ

Бас мақала — Ауыл шаруашылығын ғылыми негізде өркендету бағыты	3
Халықтық бақылау	10
Ш. Шөкин — Оңтүстік Қазақстанның өндіргіш күштерін дамыту проблемалары	15
А. Бақаұов — КПСС Уставының талаптары — бұлжымас заң	20
Қ. Біләлов — Экономист кадрлар даярлау — өмір талабы	26

ДАҢҚТЫ ҚОС МЕРЕКЕ АЛДЫНДА

М. Қозыбаев — Тарихшылардың абыройлы борышы	31
---	----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Т. Бекенов — Мастер — өндірісті ұйымдастырушы әрі тәрбиеші	34
М. Садықов — Атеистердің игі істері	39

АУДАНДЫҚ ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРЫНАН. К. Қазыбаев — Бүгінгі күннің рухы, Н. Телеуов — Экономикалық талдау — басты шарт	43
--	----

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Х. Айдарова, Э. Елшібеков — Елімізде социалистік индустрияландырудың жүзеге асырылуы	49
С. Көлбаев — Партияның XX съезінің тарихи маңызы	54
Қ. Сапарғалиев — Насихатшы және коллектив	57

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Ғ. Смағұлов — Бағаны жоспарлы түрде белгілеу мәселелері	60
Ұранымыз — ұқыптылық	65

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Ә. Махмұдов — Ташкент Декларациясы — бейбітшілік докумені	67
---	----

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Д. Кішібеков — Әдет-ғұрып пен дәстүрдің даму диалектикасы	70
---	----

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Өмірден туған өзекті тақырып	74
Байырғы газеттердің жаңа қадамы	77
Халықтық бақылау комитеттерінде	79



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҒЫЛМИ НЕГІЗДЕ ӨРКЕНДЕТУ БАҒЫТЫ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің биыл 21—22 январьда болып өткен XV пленумы КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март Пленумы шешімдерінің орындалу барысы және республика партия ұйымының 1966 жылы ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі міндеттері туралы аса маңызды мәселе қарады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың жасаған баяндамасында, пленумға қатысқандардың сөйлеген сөздерінде және пленумның қаулысында март Пленумы шешімдерінің ауыл шаруашылық өндірісін неғұрлым жедел қарқынмен өрге бастыру ісіндегі шарапатты күші мен игі әсері айтылды, бұдан да шапшаң өсуімізге тұсау болып отырған қателіктер мен кемшіліктер батыл ашып көрсетілді, бұл кемшіліктер мен қателіктерді тезірек жоюға, сөйтіп ауыл шаруашылық өнімдерін еселеп арттыруға бағытталған шаралар белгіленді.

Тарихи март Пленумының шешімдерін жүзеге асыру жолында істелген істерімізге көз жіберсек, табыстарымыз аз емес.

Өткен жылы республикамыз мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерінен мемлекетке берешегін толық өтеп шықты, атап айтқанда жылдық жоспар еттен 104, сүттен 100,2, жүн мен жұмыртқадан 106, қаракөл елтірісінен 110 процент орындалды. Үстіміздегі жылдың есебіне мемлекетке 90 мың тонна мал өткізілді. 1964 жылмен салыстырғанда 146 мың тонна ет, 123 мың тонна сүт, 4,9 мың тонна жүн, 68 миллион дана жұмыртқа артық дайындалды.

Колхоздар мен совхоздарда малдың өлім-жітімі едәуір азайды, қойдың, жылқының, құстың саны өсті, малдың өнімділігі арта түсті. Былтыр республика бойынша әрбір 100 саулықтан 97 қозы алынды. Мұнда әсіресе Шымкент және Қызылорда шопандары үздік шықты. Бұл екі облыста әр жүз саулықтан тиісінше 117 және 116 қозы алынды.

Алматы және Жамбыл облыстарының қызылшашылары былтыр тамаша табысқа жетті: алматылықтар әр гектардан 304 центнер тәтті тамыр өндірді, ал жамбылдықтар 1964 жылғымен салыстырғанда 143 мың тонна қызылшаны артық дайындады. Қызылшадан мол өнім алудың өнерін жетік меңгерген асқан шеберлердің Социалистік Еңбек Ері деген мәртебелі атақ алуы, көптеген озаттардың ордендермен, медальдермен наградталуы осы екі облыс қызылшашылары еңбегінің жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Шымкент облысының мақташылары да өткен жылы өнімді мол алып, мемлекетке 85,7 мың тонна «ақ алтын» тапсырды, яғни жоспарын 122 процент орындап шықты.

Қызылорда мен Алматы күрішшілерінің табыстары да айтарлықтай: осынау аса бағалы дәнді дақыл былтыр бұрынғыдан едәуір көп өндірілді, екі облыс бойынша да күріш дайындау жоспары толық орындалды.

Өткен жылы құрғақшылықтың салдарынан Қазақстанда астық өндіру және дайындау жоспарының орындалмай қалғаны мәлім. Бұл жағдай тек қана ауа райының қолайсыздығынан тап болды десек, қатты қателескен болар едік. Егер барлық колхоздар мен совхоздар қазіргі өскелең талаптарға сай қолда бар мүмкіндіктерді толық пайдаланған болса, былтыр олар, қуаншылыққа қарамай, дәнді дақылдардан едәуір мол өнім жинаған болар еді.

Біздің республикада барлық табиғи жағдайы бірдей, бірақ экономикалық көрсеткіштері әртүрлі, іргелес шаруашылықтар аз емес.

Мысалы, Қостанай облысында «Пешков» және «Қостанай» совхоздарының егістік жерлері бір өңірде. Ал бұлардың нәтижелері қандай? Былтыр «Пешков» совхозы әр гектардан 7,8 центнерден астық алған болса, «Қостанай» совхозындағы егіннің түсімі гектарына 4,4 центнерден ғана айналды. Мұның себебі не? Мұның себебі, алғашқы шаруашылықта егіншілік мәдениеті жоғары, егістік жер күзден бастап әзірленіп қойылған, оған ылғал тоқтатылған, егіс жұмысы ең қысқа мерзімнің ішінде аяқталған. Ал соңғы шаруашылықта мұндай шаралар тек жарым-жартылап қана іске асырылған, агротехника өрескел бұзылған, соның салдарынан егінді арам шөп басып кеткен.

Солтүстік Қазақстан облысында «Заречный» және «Ново-Никольский» совхоздары Есіл өзенінің бойына орналасқан. Жаздық бидайдан алғашқысы әр гектардан 6,2

центнерден өнім алғанда, екіншісінде егіннің түсімі 4,4 центнерден ғана келді. Мұның себебі, «Заречныйда» бидайдың 80 проценті жақсы өңделген жерге егілді, мұнда кілең жоғары сортты, өнгіш тұқым қолданылды, ал «Ново-Никольский» совхозында барлық егіннің төрттен біріне өнгіштігі төмен тұқым себілген, оның үстіне егіннің үштен бірі бұрын бапталмаған жерге орналасқан.

Орал облысындағы «Пермский» және «Красновский» совхоздары — көршілес шаруашылықтар. Өткен жылы алғашқысы 40 мың гектар егіннің әр гектарынан 12,2 центнерден өнім алғанда, соңғысында 27 мың гектар егіннің түсімі 7 центнерден ғана айналды. Мұның себебі, алғашқысында егін шаруашылығы ылғи жергілікті жағдайға және агротехника талаптарына сай жүргізіледі: тұқым терең жыртылған зябқа себіледі, барлық егістік жерге қар тоқтатылады, ылғалды сақтау мақсатымен егістік жер ерте көктемде тырмаланады, мұнда тек қана аудандастырылған сортты тұқым қолданылады. Ал соңғы шаруашылықта мұның бәрі шала-шарпы іске асырылады.

Мұндай мысалдарды республикамыздың әр облысынан көптеп келтіруге болады. Бұл мысалдар колхоздар мен совхоздарда іске қосылмай жатқан резервтер мен мүмкіндіктер ұшан-теңіз екенін, бұлардың көзін тауып пайдалана білген жерде тіпті қуаңшылық кезінде де егіннен мол өнім алуға болатынын көрсетеді.

ҚПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдеріне сәйкес республика партия ұйымына жауапты да ардақты міндеттер жүктеліп отыр. Биыл Қазақстан мемлекетке 598 миллион пұт астық, оның ішінде 500 миллион пұт бидай сатуға тиіс. Сонымен қатар 40 миллион пұт қарыз тұқымды қайтару үшін, өткен жылғы борыштың орнын неғұрлым көбірек толтыру үшін партия, совет, шаруашылық ұйымдары мемлекеттік жоспарды әлдеқайда асыра орындауға барлық күш-жігерін жұмсауға міндетті. Бұл жөнінде Қостанай, Целиноград, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Павлодар, Ақтөбе, Орал және Қарағанды облыстарының қосатын үлесі ете-мөте қомақты болуға тиіс.

Бұл міндеттің үдесінен шығу үшін қазірден бастап бірқатар ірі шараларды жүзеге асыру керек.

Қазіргі ең басты жұмыстардың бірі — егіс көлемінің құрылымын анықтау. Мұнда — дәнді егістің, әсіресе ең басты дақыл бидай егісінің көлемін арттыру мақсаты көзделуге тиіс. Жасыратыны жоқ, кейбір облыстарда бидай егісінің көлемін дәлелсіз қысқартуға әрекеттенушілік бар. Мұндай әрекетті үзілді-кесілді айыптамаққа болмайды. Биыл Қазақстанда бидайды 18 миллион гектар жерге егуге болады.

Егіннің әрбір гектарынан биыл неғұрлым мол өнім алу үшін толық жатқан шарттарды бұлжытпай орындау керек. Бұл шарттардың ішінде таза парды пайдалану, егіншілік мәдениетін көтеру зор маңыз алады. Әрбір совхозда, әрбір колхозда көктемгі егіс жоғары агротехникалық дәрежеде өткізілуге тиіс. Бұған бар мүмкіндік жасалған: биылғы егіске арналып 18,1 миллион гектар зябь, 3,4 миллион гектар пар жыртылған, дәнді егіс тұқымымен шаруашылықтар толық қамтамасыз етілген, ауыл шаруашылық техникасы әбден жеткілікті. Тек бұл техниканы дер кезінде сайлап алу керек.

Партиямыздың алдағы XXIII съезінің құрметіне жарысқа қосылған шаруашылықтар Солтүстік Қазақстан механизаторларының үндеуін қызу қостап, техника жөндеу ісін мықтап қолға алды, олар съезд ашылатын күнге дейін барлық техниканы сақадай сайлап қоюға міндеттеніп отыр. Қазір бұл істің барысы жаман емес. Атап айтқанда өткен жылдың IV тоқсанында трактор жөндеу жоспары республика бойынша 121 процент орындалды, яғни жоспардан тыс 11,7 мың трактор жөнделді. Басқа да машина-саймандар графиктегіден ерте жөнделуде.

Бірақ техниканы жөндеу сапасына мықтап назар аудару керек, өйткені кейбір жерлерде бұл істің жайы мақтарлықтай болмай отыр. Таяуда жүргізілген тексеру кезінде Алматы және Шымкент облыстарының шаруашылықтарында жөндеуден өткен техникадан көптеген ақау табылады. Жөндеуден өткен техниканың сапасын тексеру ісін барлық жерде ұдайы жүргізіп, табылған ақауды дереу түзетіп отыру керек. «Қаз-

сельхозтехника» бірлестіктері мен бөлімшелері жөндеу кезінде шаруашылықтарды қажетті жабдықтармен, материалдармен, запас бөлшектермен үзбей қамтамасыз егін отыруға міндетті.

Болашақ егіннің тағдыры көбінесе тұқымның сапасына байланысты. Соңғы кезге дейін шаруашылықтарда қолда бар тұқымның 44 проценті ғана өнгіштік дәрежесіне жеткізілген. Әсіресе Павлодар, Целиноград, Жамбыл, Алматы және Шымкент облыстарында тұқым әзірлеу ісі баяу жүргізілуде. Бүгін таңдағы міндет әрбір совхоз бен колхоздағы тұқымның жайын анықтап, өнгіштігі төмен, былғаныш тұқымды жоғары сапалы тұқымға дереу айырбастап алу керек.

Егіннен мол өнім алуда қысқы агротехникалық шаралардың да үлкен маңызы бар. Солтүстік және батыс облыстарда биыл қар қалың жауды. Бірақ шаруашылықтарда бұл мүмкіндік жөнді пайдаланылмай отыр. Республика бойынша 19 миллион гектар жерге қар тоқтату жоспарланған еді, әзірге қар тоқтатылған егістік жер көлемі 6,6 миллион гектар ғана болып отыр. Көң, ки, корда сияқты жергілікті тыңайтқыштарды пайдалану жөнінде де осыны айтуға болады.

Бүгін таңдағы ең жауапты да шұғыл міндеттердің бірі — механизатор кадрларын даярлау мәселесі. Бірқатар облыстарда әсіресе тракторшылар мен комбайншылар жетіспейді. Көптеген совхоздар мен колхоздарда бұл жөнінде түк істелмей отыр. Бірсыпыра шаруашылық басшылары жергілікті мүмкіндікті пайдаланудың орнына бұрынғыша механизаторларды сырттан күтуде. Енді бұл жарамсыз әдеттен үзілді-кесілді бас тартатын мезгіл жетті.

Бұл мәселе жөнінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі тыңғылықты шаралар белгілеп отыр. Партия ұйымдары осы шаралардың әрбір совхозда, әрбір колхозда жүзеге асуына бас-көз болуға тиіс. Бұл жөнінде қазір баршаға үлгі боларлық жақсы істер де бар. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы әрбір шаруашылықта механизаторларды жаппай даярлау ісі ұйымдастырылған. Осындай қысқа мерзімді курстар арқылы 8 мың механизатор жанадан даярланып шығады. Бұл барлық техниканың толассыз жұмыс істеуін қамтамасыз етпек. Осы игі бастаманы республикамыздағы барлық шаруашылықтарға тарату керек.

КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерінде егіншілікті ғылыми негізде жүргізу жолдары көрсетілген. Ең өзекті мәселелердің бірі — ауыспалы егіс жүйесін дұрыс қолдану. Мұнда өткен кезде орын тепкен субъективтік, волюнтаристік көзқарастар мен әдістердің зиянды зардаптарын жойып, бұл істі толық жөнге салу керек. Қазір озат шаруашылықтар жер қыртысын аудармастан жырту әдісін қолдана бастады. Мұның өзі эрозияның сойқанды әсеріне қарсы ең бір пәрменді амал екені дәлелденіп отыр. Жер құйқасын тыңайтып, құнарландыруда, қолдан көгеріш, тоғай жасауда екпе шөптердің, әсіресе жоңышканың маңызын айтып жеткізу қиын. Оның ең бір сүйікті мал азығы екені де белгілі. Егістік жерлерден арам шөпті аластау үшін гербицидтерді енді барлық жерде жаппай қолдана бастау керек.

Шортандыдағы Бүкілодақтық астық шаруашылығы институтының коллективі атакты ғалымымыз А. И. Бараевтың жетекшілігімен егіншілікті ғылыми негізде жүргізуге бағытталған бағалы ұсыныстар жасап отыр. Бұл ұсыныстарды жер-жерде өндіріске батыл енгізу керек. Енгізгенде бұрынғы кездегідей шаблонға, құрғақ әкімшілікке әсте жол берілмеуге тиіс. Бұл шаралар әр өңірдің нақты жағдайларына сәйкес білгірлікпен, жинақталған ұтымды тәжірибе негізінде іске асырылуы керек.

Егіннің түсімділігі егіс жұмыстарын дәл мерзімінде жүргізуге де көптен-көп байланысты екенін әркім жақсы біледі. Егісті аяқтау мерзімін белгілегенде әрбір шаруашылықтың табиғи жағдайы, егістік жер алқабының күйі қатаң ескерілуге тиіс.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің соңғы пленумында суармалы егіншілікті дұрыс жүргізу мәселесі жан-жақты әңгіме болды. Одап бұрынырақ бұл мәселенің арнаулы республикалық кеңесте талқыланып, онда нақты ұсыныстар қабылданғаны мәлім. Біздің республикада бұл мәселеге ерекше маңыз беріліп отыруы әбден түсінікті. Бұл мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланған күнде суармалы жердің берері көп-ақ. Бірақ осыншама берекелі ырыс бізде әлі де нашар пайдаланылып келеді.

1965 жылы республикада 356 мың гектар суармалы жерге дәнді дақылдар егілген еді. Оның түсімі әр жерде әртүрлі болды: республика бойынша әр гектардан орта есеппен 11,1 центнерден өнім алынды, оның ішінде Алматы облысында 12,7, Жамбыл облысында 7,5, Шымкент облысында 7,7, Шығыс Қазақстан облысында 6,4 центнер. Суармалы жерден өнімді тіпті 3—4 центнерден алған шаруашылықтар да аз емес. Әрине, суармалы егіншілікті бұлайша жүргізуге болмайтыны әркімге аян.

Суармалы жерден өнімнің өте аз алынып отырған себебі не? Мұның ең басты себебі, суармалы жерлер орналасқан өңірлерде су жеткілікті бола тұрса да, егін суару ісі дұрыс ұйымдастырылмай келеді, су құрылысының жүйелері, суаруға болатын егістік жерлер толық іске қосылмай отыр. Өткен жылы республикада 109 мың, оның ішінде Алматы облысында 41 мың, Шымкент облысында 28 мың, Жамбыл облысында 15 мың гектар суармалы егістік пайдаланылмай қалды. Оның үстіне 161 мың гектар жерге орналастырылған ауыл шаруашылық дақылдары су ішпегендіктен өнімді өте аз берді. Суармалы егіншіліктегі ұқыпсыздықтан, шалағайлықтан қаншама байлық зая кетіп отыр десеңізші!

Биыл республикада суармалы жердегі дәнді дақылдар егісін 580 мың гектарға жеткізу ұйғарылып отыр. Оның ішінде Алматы облысында 212 мың, Жамбыл облысында 109 мың, Шымкент облысында 68,6 мың, Қызылорда облысында 61,9 мың, Шығыс Қазақстан облысында 49,9 мың, Семей облысында 55,7 мың гектар болып белгіленді. Қазір партия, совет, шаруашылық органдарының барлық ұйымдастырушылық қызметі суармалы егіншілікті дұрыс жүргізуге, әр гектар жерден өнімді барынша көп алуға бағытталуы керек.

Суармалы егіншіліктің мүмкіндіктерін толық пайдаланған күнде, мұның әдісін жетік білетін дикандарды, әсіресе мұрабтар мен егін суарушыларды осы іске түгел жұмылдыра білген күнде дәнді дақылдардың әр гектарынан 30—40 центнерден өнім алуға болатынын озат шаруашылықтардың тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Суармалы егіншілікті ілгері бастыруда оңтүстік облыстардың алатын орны үлкен. Былтыр Қызылорда және Алматы облыстарында 40 мың гектар жерге күріш егілген болатын, ал биыл осы аса бағалы дақылдың егіс көлемі 46—50 мың гектарға жеткізілмек. Мемлекетке 4,3 миллион пұт күріш тапсырылуға тиіс. Қызылорда күрішшілері осы аса жауапты тапсырманы орындау жолында күресе отырып, биыл күріш егісінің әр гектарынан 30—35 центнер өнім алуға міндеттеніп отыр. Алматы облысының партия ұйымы суармалы жерден астық өндіруді шұғыл арттыру мақсатымен әрбір шаруашылықтың бұл жөніндегі мүмкіндіктері мен резервтерін мұқият зерттеп өтті. Соның нәтижесінде облыста суармалы егістіктің көлемін шұғыл арттыру, бұл жерлерден өндірілетін астық мөлшерін биыл 32 миллион пұтқа жеткізу шаралары белгіленіп отыр. Бесжылдықтың аяғында облыста суармалы егістік көлемі 500 мың гектарға жеткізілмекші. Қорыта айтқанда биыл республикамыз мемлекетке астық сату жоспарын суармалы егіншіліктің есебінен едәуір артығымен орындай алады.

Майлы дақылдар, қант қызылшасы, мақта, темекі, овощ, картоп, жеміс республика егін шаруашылығында елеулі орын алады. Бұлар да — суармалы жер ырысы. Бірақ бұл дақылдарды өсіру мәдениеті, бұлардан алынып жүрген өнім мөлшері бізде әлі де төмен. Мұнда да шалағайлық пен ұқыпсыздық көп-ақ. Мысалы, Жамбыл облысының Мерке және Жуалы аудандарын алыңыз. Мұның скеуінде де қант қызылшасын

жақсылап өсіруге қолайлы жағдай бар. Бірақ бұл екі ауданның жағдайы бірдей бола тұрса да, нәтижелері әртүрлі болып жүр. Өткен жылы Мерке ауданының озат шаруашылықтары әр гектардан 400—500 центнерден қапт қызылшасын алғанда, Жуалы ауданындағы көптеген шаруашылықтардың бұдан алған өнімі гектарына 150—200 центнерден асқан жоқ. Мерке ауданында қызылшадан мол өнім алғандар бұл дақылдан қыруар пайда түсірді. Мысалы, «Красный Восток» колхозында қызылшаның әр гектарынан алынған таза табыс 1 100 сом болды. Ал өнімді өте аз алған Жуалы шаруашылықтарының бұл дақылдан табыс түсірмегені былай тұрсын, қайта зиян шеккені белгілі. Бұл дақылды өсірудегі ұқыпсыздық пен шалағайлықтың зардаптары міне осындай!

Март Пленумының шешімдерінде мал шаруашылығын жедел өркендету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінгені мәлім. Ауыл шаруашылығының осынау аса маңызды саласында өткен жылы едәуір табыстарға қол жеткені жоғарыда айтылды. Бірақ мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру ісінде әлі де кемшілік аз емес. Былтыр мемлекетке мал өнімдерін сату жоспары республика бойынша орындалғанымен, еттен 23 аудан және 250 шаруашылық, сүттен 60 аудан және 679 шаруашылық мемлекетке борышты болып қалды. Бірқатар облыста малдың өсуі баяу. Тіпті кей жерлерде қойдың саны кеміп кеткен. Малдың өлім-жітімі бұрынғыдан азайғанымен, Қостанай, Орал, Қарағанды және Жамбыл облыстарында қойдың шығыны едәуір болып отыр.

Мал басының баяу өсуі, бір жағынан, оны бағып-күтудегі шалағайлықтан және жемшөптің тапшылығынан болса, екінші жағынан, мұның өзі аналық малдың қысыр қалуына байланысты болып отыр. 1964 жылы біздің республикада әр 100 сиырдан 71 бұзау, 1965 жылы — 80 бұзау алынды. Кейбір облыстарда бұл көрсеткіш өте төмен. Мысалы, Көкшетау облысындағы «Урожайный» совхозында былтыр 100 сиырдан небәрі 35 бұзау алынған. Тек осының өзінен ғана бұл совхоз 202,8 мың сом зиян шеккен. Қостанай облысындағы «Айдарлы» совхозы әр 100 сиырдан тек 44 бұзау өсіргендіктен 165 мың сомның өнімін жоспардағыдан кем алған. Мал басын өсірудегі мұндай өрескел кемшіліктер малды қолдан ұрықтандыру ісінің нашарлығынан, зоотехникалық жұмыс дәрежесінің төмендігінен болып отыр.

Өткен жылы қоғамдық мал өнімділігінің өсуі де баяу болды. Жыл бойына әрбір сауын сиырдан 1 707 килограмм сүт алынды, яғни бұрнағы жылғыдан тек 50 килограмм артық. Ал Көкшетау облысында әр сиырдан сауылған сүт мөлшері бұрнағы жылғыдан 126 килограмм кеміп кеткен. Мал өнімділігінің баяу өсуінің негізгі бір себебі — республикада мал тұқымын асылдандыруға жеткілікті көңіл бөлінбей келеді.

Үстіміздегі жылы республика малшыларына жауапты да ардақты міндеттер жүктеліп отыр. Биыл совхоздар мен колхоздар мемлекетке 865 мың тонна ет, 1 590 мың тонна сүт, 90 мың тонна жүн, 310 миллион жұмыртқа сатуға тиіс.

Мал басын өсіру жоспарын алатын болсақ, жыл аяғына дейін қой мен ешкі саны 29,2 миллионға (яғни қазіргіден 2 миллион артық), ірі қара мал 5 038 мыңға жеткізілуі керек, шошқа 1,6 есе, құс 1,3 есе өспек.

Осынау үлкен міндеттердің үдесінен шығу үшін алдымен мал қыстатуды үлгілі өткізу қамын мұқият ойластыру керек. Ендігі жерде мал шығынына жол беруге болмайды. Қазірдің өзінде-ақ республика шаруашылықтарында арық және көтерем малдың едәуір екені байқалып отыр. Арық малды әлдендіру, оның қондылығын арттыру үшін барлық шараны қолданған жөн. Шөпті малға турап, булап, нәрлеп беру керек, әйтпесе құр сабан мен сояу шөп сол күйінде арық малға азық болып жарытпайды. Алдағы март, апрель, май айлары — мал қыстатудың ең жауапты кезені. Шаруашылық басшылары жемшөпті мейлінше үнемдеп жұмсау қамын көздеуге міндетті. Партия және совет ұйымдары бұл істі үнемі

қатаң бақылап отыруға тиіс. Малдың қыстан аман шығуы ең алдымен малшылардың ерлік еңбегіне байланысты. Сондықтан олардың тұрмыс жағдайын жақсарту, мәдени тілектерін орындау жөнінде айрықша қамқорлық жасап отыру керек.

Халықты етпен, сүтпен және басқа өнімдермен үзбей қамтамасыз етіп отыру үшін биылғы жылдың жоспарлары әрбір шаруашылық, аудан, облыс бойынша дер кезінде орындалып отыруға тиіс. Озат шаруашылықтардың үлгілі тәжірибесін қолдана отырып, партиямыздың съезі ашылатын күнге дейін мал өнімдерін дайындау жөніндегі бірінші тоқсанның жоспарларын толық орындап шығу қажет. Көптеген озат шаруашылықтар қазірдің өзінде-ақ етке өткізілетін малды бордақылап семирту ісін жақсы ұйымдастырып отыр. Мысалы, Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» атты колхоз жөнінде осыны айтуға болады. Осындай игі істерді барлық колхоздар мен совхоздарға тарату — партия ұйымдарының абыройлы борышы.

Мал шаруашылығын ойдағыдай өрге бастыру ісі берік жемісөп қорын жасауға байланысты екені мәлім. Ең алдымен әр шаруашылықта биыл егілетін мал азығындық дақылдарды осы бастан белгілеп қою керек. Сонымен қатар шабындық жерлер мен жайылымдарды жақсарту жөнінде бірқыдыру тыңғылықты шаралар жүзеге асырылуға тиіс. Мал азығын әлгіме еткенде екпе шөптердің, әсіресе жоңышқаның тұқымы қазір солтүстіктегі шаруашылықтарға өте-мөте зару болып отырғанын баса айту керек. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі жоңышқаның және басқа екпе шөптердің тұқымын оңтүстік облыстарда жеткілікті мөлшерде өндіру жағын ойластыруға міндетті. Өткен жылы мал азығын дайындауда жіберілген өрескел кемшіліктер биыл қайталанбауға тиіс. Былтырғыдай мезгілін өткізіп алмай, шөпті ең балауса кезінде жинап алу үшін бұған керекті техниканы осы бастан жөндеуден өткізіп, әзірлеп қою керек. Партия және совет ұйымдары биыл мал азығын дайындау ісін ерекше ұйымшылдықпен жүргізуге борышты.

Март Пленумының шешімдерінде егіншілік пен мал шаруашылығын жедел өрге бастыруда, бұлардың өнімділігін еселеп арттыруда ғылымның ерекше роль атқаратынын атап көрсеткен болатын. Ауыл шаруашылық өндірісінің жан-жақты негізделген жүйесін енгізу, түрлі дақылдардың ең жетік агротехникасын белгілеу, өнімді көп беретін үздік тұқым сорттарын өсіру, мал тұқымын асылдандыру, өндірісті мамандандыру, шаруашылық есепті енгізу және басқа шаралар ғылымның ең басты міндеттері болып табылады. Шынын айту керек, көптеген ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе станцияларының жұмысы әлі де осы міндеттердің дәрежесінде болмай отыр.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумында селолық құрылыс мәселелеріне көп көңіл бөлінді. Былтыр Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты совхоздарда құрылыс-монтаж жұмысының жоспары 100,3 процент орындалды, 409 миллион сомнан астам қаржы игеріліп, бірталай өндірістік жайлар, тұрғын үйлер, мәдениет-тұрмыс объектілері салынды. Бірақ республиканы тұтастай алғанда ауыл шаруашылығына күрделі қаржы жұмсау жоспары тек 89 процент, оның ішінде Астық өнімдері мен қоспалы азық өнеркәсібі министрлігі бойынша 73,3 процент, Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі бойынша 91 процент, республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі бойынша 87,6 процент орындалды. Әсіресе шөл және шөлейт аудандарда жаңадан ұйымдастырылған қой совхоздарында құрылыс ісі нашар жүргізілуде.

Үстіміздегі жылы ауыл-селодағы құрылыс-монтаж жұмысына мемлекеттік жоспар бойынша 563 миллион сом күрделі қаржы белгіленіп отыр, яғни өткен жылы игерілген қаржыдан 22 миллион сом артық. Ауыл шаруашылық өндірісінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған шараларды толық жүзеге асырып, күрделі құрылысқа

бөлінген қаржыны толық игеру — партия және совет органдарының бүгін таңдағы ең жауапты міндеттерінің бірі.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі март Пленумының шешімдеріне сәйкес ауыл шаруашылығына шексіз көмек көрсетіп, әрбір совхоз бен колхоздың рентабельділігін, тиімділігін арттыру жөнінде зор қамқорлық жасап отыр. Атап айтқанда негізгі азық-түлік дақылдарының сатып алу бағасы арттырылды; колхоздар мен совхоздардан сатып алынатын малдың бұрынғы бағасына үстеме қосылды. Осының өзінен ғана 1965 жылы республика шаруашылықтары 152 миллион сом қосымша табыс тапты; совхоздар мен колхоздарға сатылатын жүк автомобильдерінің, тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының бағасы едәуір арзандатылды; колхоздар мен совхоздарға және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарына босатылатын электр қуатының тарифы төмендетілді; таяудағы жылдардың ішінде барлық колхоздар тікелей мемлекеттік банктен кредит алып отыратын болады.

Осындай ағыл-тегіл көмек көрсетіле тұрса да, шаруашылықты жүргізу әдістерін жетілдіруге, шаруашылық есепті кеңінен енгізу негізінде колхоздар мен совхоздардың рентабельділігін арттыруға бағытталған экономикалық жұмыс нашар жүргізілуде, осының салдарынан көптеген шаруашылықтар зиян шегуде. Республика совхоздары соңғы екі жыл ішінде 630 миллион сом қор жинау орнына едәуір өнімсіз шығындарға жол берді. Әсіресе солтүстік облыстардың шаруашылықтарында зиян көп. Мұны құрғақшылық салдары деп қана есептеуге болмайды. Мұнда шаруашылықты шалағай жүргізудің, ақша және материалдық ресурстарды жұмсаудағы ұқыпсыздықтың қырсығы да аз емес. Шаруашылықтардың 1964 жылы шеккен зиянының 60 проценті, 1965 жылғы зиянының 40 проценті осындай ұқыпсыздықтың салдарынан болған.

Ұқыпсыздықтың тағы бір көрінісі — совхоздарда өнімнің өзіндік құны жоспардағыдан тым жоғары. Мысалы, бір центнер сүттің өзіндік құны жоспарда 13 сом 7 тиын болып белгіленген, ал іс жүзінде бұл 16 сом 97 тиынға түсіп отыр.

Техниканы, әсіресе тракторларды тиімді пайдаланбаудан, өнім сапасының нашарлығынан, талан-тараж бен ысырапқорлықтан келіп отырған зиян да аз емес. Осындай себептерден әсіресе Қостанай облысының шаруашылықтары көп зиян шегіп отыр.

Партия, совет және шаруашылық органдары мұндай сорақы кемшіліктерді дереу жоюға міндетті. Материалдық заттар мен ақша қаражатының дұрыс есепке алынып, орнымен жұмсалуына жауапкершілікті барынша күшейтетін мезгіл жетті.

Ауыл шаруашылығын өрге бастыру жөніндегі келелі міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін партия комитеттерінің ұйымдастыру-саяси жұмысын, оның стилі мен әдістерін қазіргі өскелең талапқа сай мейлінше жетілдіре түсу қажет. Бастауыш партия ұйымдарының ауыл шаруашылық өндірісін өркендетудегі ролін күшейту, совхоздар мен колхоздарды білімді де зерделі, ынталы да алғыр қызметкерлермен нығайту, сөйтіп әрбір шаруашылықты жоғары рентабельділік дәрежесіне көтеру партия жұмысының бүгінгі таңдағы шешуші буындары болып табылады.

Қазақстан еңбекшілері, совхоз жұмысшілары мен колхозшылар, ауыл шаруашылығының мамандары, коммунистер мен комсомолецтер, партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары партиямыздың XXIII съезін лайықты табыстармен қарсы алу үшін, КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін толық жүзеге асыру үшін өздерінің күш-жігерін аямай жұмсайды.

Халықтық бақылау

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы партиялық-мемлекеттік бақылау органдарын халықтық бақылау органдары етіп қайта құрды. Бұл өзгеріс елді, шаруашылықты басқаруға еңбекшілердің қалың бұқарасын мейлінше кең қатыстыру жөніндегі лениндік идеяларға негізделген және партия мен үкімет нұсқауларының жер-жерде мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету, мемлекеттік тәртіп пен социалистік заңдылықты нығайту ісін онан сайын жақсартуға түсуге бағытталған.

В. И. Лениннің бақылау мәселесіне айрықша көңіл бөлгені белгілі. Социализм жағдайында өндірісті қалай ұйымдастыру керек? Басқару-өкімшілік аппаратының қызметін қалай жақсарту керек? Міне осы сұрауларға жауап бере келіп, В. И. Ленин: «Есеп пен бақылау — коммунистік қоғамның бірінші фазасын жөнге салу үшін, оның дұрыс қызмет атқаруы үшін керекті басты шарт» деп данышпандық қорытынды жасады.

Капитализм тұсында бұқара еңбек өнімділігін арттыруға, жаңа техниканы енгізуге, шикізат пен материалды үнемдеп жұмсауға мүдделі емес. Себебі, оның өзі жұмысшылардың қаналуын, езілуін күшейтіп, ат төбеліндей капиталистерді байыта түсер еді. Ал пролетариат революциясы жеңгеннен кейінгі жағдай мүлдем басқаша. Еңбекшілер елге де, жерге де, өндіріс құрал-жабдықтарына да түгелдей өздері қолға. Енді олар еңбекке, тәртіпке, мемлекет мүлкіне жанаша көзбен қарауға, қоғамдық өндірісті дұрыс жүргізуге, жұмыстағы самарқаулық, енжарлық, ысырап-қорлық, талан-тараж, бюрократизм секілді ескілік қалдықтарына қарсы күресе білуге үйренулері керек. Ол үшін еңбек мөлшері мен тұтыну мөлшерін қатаң есепке, бақылауға алудың, әрбір адамның өзіне тапсырылған іске, мемлекет мүддесіне жауапкершілігін арттырудың шешуші маңызы болмақ. «Жұрттың бәрі, — деп жазды В. И. Ленин, — қоғамдық өндірісті өздігінен басқара алатын болғанда, іс жүзінде басқарғанда, арамтамақтарды, байбатшаларды, алаяқтарды және басқа да солар сияқты «капитализм дәстүрлерін сақтаушыларды» өздігінен есепке алып, бақылайтын болған кезде, — сонда осындай бүкіл халықтық есеп пен бақылау ісінен жалтару қалайда адам айтқысыз қиын болады, адамзат қауымының онша қиындығы жоқ, негізгі ережелерін бұлжытпай орындау қажеттігі өте тез-ақ дағдыға айналып кетеді» (25-том, 495-бет).

Совет өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап Ленин жұмысшы-шаруа инспекциясы түрінде құрылған бақылау жүйесінің жұмысына «барлық еңбекшілер бұқарасын, еркектерді де, әсіресе әйелдерді қатыстыру» талабын алға қойды. Ол социалистік құрылысты нығайтқымыз келсе, әрбір тиынды, әрбір пұт көмір мен астықты есепке алып, орнымен жұмсалуды қатаң бақылап отыруға тиіспіз деп үйретті.

Бақылаудың мейлінше кең, мейлінше бұқаралық болуы, оның жария жүргізілуі — лениндік басты талаптардың бірі. Социалистік өмірдің барлық саласы — өндіріс пен басқару мәселелері, ғылым мен мәдениетті дамыту, еңбекшілерге тұрмыстық қызмет көрсету, т. б. мәселелер түгел бақылауға алынуы керек. Еңбекшілер тексеру нәтижелерін, неңдей кемшіліктердің ашылғанын, оған кінәлі кімдер екенін, кемшілікті жою үшін қандай шаралар қолданылып жатқанын анық білетін болу-

ға тиіс. Соның өзінде Владимир Ильич тек артта қалғандарды ғана емес, алдыңғы қатардағыларды да үнемі тексеріп, бақылап отырудың қажет екенін атап көрсетті. Ең бастысы — адамдардың табысқа мастанып, тоқырап қалуына жол бермеу, үнемі алға ұмтылдырып, бағалы бастамаларға кең өріс ашу, кемшіліктер мен қателіктердің алдын алу, халық бақылаушының қырағы көзінен ештеңені де таса қалдырмау деді ол.

Коммунистік партия ұлы Лениннің осы нұсқауларын бұлжытпай басшылыққа алып, дәйекті түрде жүзеге асырып келеді. Қазір біздің елімізде бақылау органдарының орасан кең жүйесі қалыптасқан. Олардың құрамында еңбекшілердің ең қалың топтарының өкілдері — жұмысшылар, колхозшылар, инженер-техник қызметкерлер, мамандар, ғылым мен мәдениет қайраткерлері, т. б. бар. Бір ғана біздің республиканың өзінде 400 мыңға тарта бақылаушыны қамтитын 40 мыңдай топ жұмыс істейді.

Ең маңызды нәрсе сол, біздің адамдарымыз осыдан елу жыл бұрынғы езілген, қаналған жұмысшылар мен қараңғы шаруалар емес. Совет өкіметі жылдарында халықтың сана-сезімі, идеялық дәрежесі өлшеусіз өсті, қоғамдық еңбекке, мемлекет мүддесіне көзқарасы мүлдем жаңарды, олар өздерінің іске жан ашырлық ақыл-кеңесі, сын ескертпелері, ұсыныстары, дабылдары арқылы бақылау органдарына күнбе-күн көмектесіп отырады. Миллиондаған еңбекшілер халықтық бақылау ұйымдастырған алуан түрлі тексерулерге, байқауларға, рейдтерге қатысады. Мысалы, бір ғана Семей облысында электр энергиясы мен отынды үнемдеп жұмсауға жаппай тексеріс жүргізген кезде оған қатысқан екі мыңнан аса адамның 800-ге жуығы бақылаушы топтардың мүшесі де, қалғандарының бәрі еңбек озаттары мен жаңашылдары, экономистер, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының активистері болды. Осы фактінің өзінен-ақ біздегі бақылау жүйесінің шын мәнісіндегі халықтық, бұқаралық сипаты айқын көрінеді.

Міне КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы бақылау органдарының атын өзгерткен кезде осы жағдайды еске алды. Пленум осыдан үш жыл бұрын құрылған партиялық-мемлекеттік бақылау органдары партия мен үкімет шешімдерінің орындалуын қадағалауда, экономиканы өрге бастыру, мемлекеттік тәртіпті нығайту ісіне коммунистер мен партияда жоқтардың қалың бұқарасын кеңінен қатыстыруда елеулі жұмыс жүргізгенін атап көрсетті. Дегенмен қазіргі кезеңде партиялық-мемлекеттік бақылау деген атау онша дәл емес екенін, оның өзі біздің елімізде бақылаудың нағыз бұқаралық бақылау болып отырған фактісін толық бейнелемейтінін ескере келіп, бұдан былай оларды халықтық бақылау органдары деп атаған дұрыс деп тапты.

Мұның тағы бір себебі, Орталық Комитеттің көрсеткеніндей, халықтық бақылау органдары партия органдарының жұмысын бақыламайды. Бұл жұмыс КПСС Уставы негізінде ішкі партиялық бақылау жүйесі — партия комиссиялары арқылы бақыланады. Ал еңбекшілердің бақылауы ең алдымен шаруашылыққа, өндіріс пен бөліс саласына, мемлекеттік аппараттың қызметіне қолданылады. Бұл бақылау ісіне неғұрлым көп адам қатыстырылса, совет адамдары елдің қожасы екенін неғұрлым терең сезінетін болса, біздің мемлекеттік системамыз жұмысты соғұрлым жақсы істейтін болады. Сондықтан да бақылау жүйесін онан сайын демократияландыра түсу, оны халықтық бақылау органдары деп атау коммунистік құрылыстың бүгінгі талабына толық сай келеді.

Қазір халықтық бақылау органдары жана кезеңде, жана міндеттер алдында тұр. Осыдан бірер ай бұрын Москва мен Ленинградтың озат өнеркәсіп орындары коллективтерінің металды, материалды үнемдеп жұмсау, соның есебінен қосымша өнім шығару жөнінде бастама көтергені белгілі. КПСС Орталық Комитеті бұл бастаманы мақұлдап, барлық

партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарын кәсіпорындарда, құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда үнемшілдік пен ұқыптылық жолындағы қозғалысты кең өрістетуге міндеттеді. Осы міндетті ойдағыдай жүзеге асыруда халықтық бақылау органдары маңызды роль атқаруға тиіс. Бұл жөнінде КПСС Орталық Комитетінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, СССР Халықтық бақылау комитетінің арнаулы қаулыларын басшылыққа алу қажет.

Республикамыздың халықтық бақылау органдары үнемшілдік пен ұқыптылық жолындағы күреске қызу кірісті. Бұл бағытта бақылауға көмектесетін әрбір топ пен постының, әрбір бақылаушының міндеті сараланды. Партия мен үкіметтің үнемдеу және ұқыптылық жөніндегі директиваларын министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындар мен құрылыстардың, совхоздар мен колхоздардың, мекемелер мен ұйымдардың қалай орындап отырғанын жаппай тексеру ұйғарылды.

Үнемшілдік пен ұқыптылық үшін күрес өткінші науқан емес, ұдайы, күнбе-күн жүргізілетін пәрменді жұмыс. Сондықтан бұл жөніндегі тексеру бүкіл 1966 жыл бойына жүргізіледі. Тексерудің алдын-ала қорытындылары мен қабылданған шаралардың нәтижесі әрбір тоқсан сайын жинақталып отырады.

Халық бақылаушылары жаппай тексеру кезінде мына мәселелерді анықтауға баса назар аударулары керек. Шикізат пен материалды, дайын өнімді өндіру, жеткізу, тасу, сақтау, пайдалану кезінде болған ысыраптың мөлшері қанша және оның себебі неде? Машиналар мен механизмдердің, приборлардың техникалық дәрежесінің төмен болуы, тез тозу себебі неде? Бракқа шығарылған өнімдердің саны қанша? Машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, транспорт құралдарының босқа тұрып қалуы мен өнімсіз пайдаланылу себептері неде? Сондай-ақ орнатылмаған жабдықтарды іске қосуға не пәрсе кедергі болып отыр? Технологиялық процестердің тиімсіз болуы себебі неде? Шикізатты, материалды, дайын өнімді нормалап, есепке алып отыруда қандай кемшіліктер бар? Еңбек ресурстары неге қанағаттанғысыз пайдаланылады?

Тексеру барысында басқару аппаратының құрылымын жетілдіру ісіндегі кемшіліктерді ашуға, командировкаға, әртүрлі кеңестер өткізуге, әкімшілік үйлерін жабдықтауға қаржының орынсыз көп жұмсалудың және басқа сондай ысыраптардың себептерін анықтауға да мықтап кеңіл бөлген жөн.

Республиканың Халықтық бақылау комитеті тексеру жұмысын жақсырақ жүргізу үшін барлық облыстық, қалалық, аудандық бақылау комитеттері мен топтарына тексеру кезінде салалық комиссиялар, сондай-ақ уақытша бақылау постыларын құруды ұсынды. Мұндай постылар мен комиссиялардың құрамына әртүрлі мамандықтың өкілдері (экономистер, технологтар, нормалаушылар, есеп-бухгалтерия қызметкерлері, т. б.), халықтық бақылау органдарының активистері, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының, баспасөздің, радионың, телевизияның өкілдері енгізілуге тиіс. Тексерудің қорытындыларын еңбекшілер коллективтерінің жиналыстарында кеңінен талқылап, ол жөнінде қолданылған шараларды кеңінен жариялап отыру қажет.

Халықтық бақылау органдарының үнемшілдік пен ұқыптылық жолындағы күресте жинақтаған елеулі тәжірибесі бар. Қазір олар барлық жерде СССР Министрлер Советінің «Халық шаруашылығында электр және жылу энергиясын, отынды үнемдеп жұмсау туралы» қаулысының срындалу барысын тексеріп жатыр. Бұл тексеру ойдағыдай нәтижелер беруде. Көптеген заводтарда, құрылыстарда, электр станцияларында халық бақылаушыларының көмегімен елеулі резервтер табылуда, электр энергиясын, буды, көмірді, мұнай өнімдерін жұмсаудағы ысыраптың себептері ашылуда.

Республикамызда үнемшілдік жолындағы жорыққа ерте аттанғандардың бірі — В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының коллективі. Мұнда отынды, энергияны үнемдеп жұмсау жөнінде жалпы комбинаттық және цехтық комиссиялар құрылған. Олар отын, энергетика ресурстарының қосымша көзін табу мақсатымен жаппай тексерулер, байқаулар ұйымдастырады, әрбір двигательдің жұмысын бақылауға алады, инженерлермен, жанашылдармен, ғылыми-техникалық қоғамдармен бірлесіп отын мен энергияны үнемдеуге бағытталған бағалы ұсыныстарға бәйге жариялайды. Осының арқасында комбинат өткен жылдың он айы ішінде 4 719 мың киловатт-сағат электр энергиясын, 7 300 тонна отын үнемдеді. Бұл іске комбинаттың В. Ф. Туницкий, В. А. Зорков, И. В. Якунин сияқты ондаған жанашылдары көп еңбек сіңірді.

Ленингор полиметалл комбинатында, Ертіс химия-металлургия заводында, Согринск жылу-электр орталығында, жөндеу-механикалық базасында электр энергиясы мен отынды үнемдеп жұмсау ісі творчестволықпен ұйымдастырылған.

Семейдегі кеме жөндеу заводында жылу мен отын үнемдеу жөнінде өткен жылы 12 техникалық-ұйымдастыру шаралары белгіленген еді. Соның он бірі толық жүзеге асырылды, сөйтіп 184 мың киловатт-сағат электр энергиясы, 1 873 тонна мазут, 500 тонна дизель отыны үнемделді. Былғары-мех бірлестігіндегі Б. Образцов жолдас басқарған комиссия тексеру үстінде электр двигательдерінің өнімсіз пайдаланылу себептерін анықтап, бұл кемшіліктерді түзетудің жолын ұсынды. Осының өзі кәсіпорынның 102 мың киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеуіне мүмкіндік берді.

Мұндай коллективтер республиканың қай облысынан болса да көптеп табылады. Партия ұйымдары, халықтық бақылау органдары солардың үнемшілдік ісіндегі тәжірибесін қорытып, таратып отыруға қамқорлық жасаулары керек.

Бүкіл халықтық байқау электр энергиясы мен отынды үнемдеп жұмсау саласында жақсы істермен қатар елеулі кемшіліктердің де бар екенін, республиканың халық шаруашылығында энергия, отын ысырабы әлі де тым мол екенін көрсетуде. Бір ғана Павлодар облысының электр станцияларында ай сайын 65 миллион киловатт-сағат электр энергиясы өндірілсе, ысырапқорлықтың салдарынан айына соның 5 миллион киловатт-сағаттан астамы шығын болады. Павлодардағы темір-бетон бұйымдары комбинатының жалғыз өзі өткен жылы төрт миллион киловатт-сағаттан астам электр энергиясын ысырап етті. Машина жасау заводы 10 миллион киловатт-сағаттан астам электр энергиясын нормадан артық жұмсады.

Республикада жылу электр орталығы бар 23 қалада екі жүзге жуық өнімсіз, ұсақ котельныйлар істейді. Солардағы 16 мың адамға жыл сайын 18 миллион сомдай жалақы төленеді. Бір Петропавл қаласында жүзге тарта ұсақ котельный жылына 110 мың тонна отынды ысырап етуде. Осы котельныйларды жыл сайын пайдалану және жөндеу шығыны 2 миллион сомнан асып кетіп жүр.

Отын мен электр энергиясын үнемдеп жұмсаудың жайы ауыл шаруашылығында да мәз емес. Өткен жылы 350 мың тонна отын нормадағыдан артық жұмсалды. Сұйық отын ысырабы өте-мөте Қостанай, Целиноград, Көкшетау, Павлодар облыстарында шамадан тыс көп болып отыр.

Электр энергиясы мен отынды үнемдеп жұмсау жалпы ұқыптылық пен үнемшілдік жолындағы күрестің бір саласы ғана. Өнеркәсіп орындарында, құрылыс пен транспортта шикізатты, материалды, техника қуатын тиімді пайдалану, өнімсіз шығындарды азайту жөнінде де халық

бақылаушыларының араласуын, көмегін күтіп тұрған мәселелер аз емес. Көптеген кәсіпорындарда жабдықтар мен агрегаттардың дұрыс пайдаланылмауынан өндіріс жиі-жиі тұрып қалады. Өнімсіз, ескі жабдықтардан айрылмай, содан көп зиян шегіп жүрген кәсіпорындар да баршылық. Өнімнің сапасыз шығарылуы, бракқа жол берілуі де өнеркәсіп орындарының рентабельділігін арттыруға үлкен нұқсан келтіруде.

Ауыл шаруашылығында да ысырапқорлық, ұқыпсыздық әлі көп. Республика колхоздары мен совхоздары аудандастырылған, сортты тұқыммен өздерін толық қамтамасыз етпеуден ғана жыл сайын 200—220 миллион пұт астықты кем алып жүр. Қоғамдық малға жемшөп базасын жасау мәселесі де түпкілікті шешілген жоқ. Көп жылдан бері республика бойынша табиғи шабындықтың әр гектарынан 3—5 центнерден артық шөп жиналмай келеді. 1958 жылдан бері ірі қара 1,5, қой 1,2 есе көбейсе, шөп дайындау 20 процент азайып кетті. Мұның өзі қоғамдық малдың өнімділігіне кері әсерін тигізуде. Соңғы жеті жыл ішінде әр сиырдан сауылған сүт 49 килограмм ғана өсіп, әр қойдан қырқылған жүн 2,5 килограммнан 2,3 килограммға дейін төмендеді.

Республиканың колхоздары мен совхоздарында ұқыпсыздықтың, несіздіктің салдарынан мал шығыны әлі көп. Мемлекетке тапсырылатын малдың қоңы да нашар. 1964 жылы республика бойынша өткізілген еттік 133 мың тоннасы ортадан төмен және арық болды. Сондай-ақ шаруашылықтар техниканы нашар пайдаланудан, еңбекті көп тілейтін процестерді механикаландырмаудан, қоғам мүлкін, қаражатын талан-таражға ұшыратудан көп зиян шегіп жүр.

Міне осы жағдайдың бәрі үнемшілдік пен ұқыптылық жолындағы жорықтың дер кезінде басталғанын, бұл қозғалысқа бүкіл жұртшылықты кеңінен қатыстыру қажет екенін көрсетеді. Әрбір еңбек адамын халық дәулетіне ұқышты, өз ісіне жауапты қарауға дағдыландыру керек. Бұл жөнінде халық бақылаушыларына үлкен міндет жүктеледі. Олар шикізатты, еңбек пен қаражатты аз жұмсай отырып, өнімді мол шығару, сапасын жақсарту, өнімсіз шығындарды азайту, қоғамдық малды ойдағыдай қыстату, көктемгі егіске мінсіз әзірлену күресінде, қысқасы, халық шаруашылығының барлық саласында, барлық буынында адалдықтың, іскерліктің, ұқыптылықтың өнегесін көрсетулері керек.

В. И. Ленин бақылаудың міндеті тек кемшіліктерді ашу ғана емес, сонымен бірге ең жаңа, ең озат атаулының бәрін қолдап, көтермелеп, таратып отыру деп көрсетті. Қай жерде қандай жаңа іс, жақсы тәжірибе бар? Оған қандай әдіспен, қандай жолмен жеткен? Ол жаңалықты басқа жерлерде қайтіп қолдануға болады? Міне бұл мәселелер халық бақылаушыларының күнбе-күн назарында болуға тиіс. Ғылым жетістіктерін, еңбектің озат тәсілін жалықпай зерттеп, өндіріске енгізіп отыруға айрықша қамқорлық жасау керек. Еңбек адамдарының өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарының бірде-біреуі аяқсыз қалмай, пайдалысы ел игілігіне жаратылып отыратын болсын.

Коммунистік құрылыс өрістеген сайын мемлекеттік аппарат мейлінше жетілдіріле беруге тиіс. Демек, мемлекеттік мекемелердің, шаруашылық орындардың еңбекшілер тілегіне, олардың орынды ұсыныстары мен ескертпелеріне, арыздары мен дабылдарына мұқият құлақ асып, тыруын қадағалау, бюрократизм, менмендік, қағаз бастылық, көз бояушылық, ұқыпсыздық көріністеріне қарсы ымырасыз күрес жүргізу халық бақылаушыларының басты міндеттерінің бірі болып табылады.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы халықтық бақылау органдарын партияның жауынгер көмекшілері деп бағалады. Халық бақылаушылары армиясының әрбір жауынгері осы жоғары сенімді абыроймен ақтау үшін күресуге борышты.

Оңтүстік Қазақстанның өндіргіш күштерін дамыту проблемалары

Ш. ШӘКИН,

Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті

Республикамыздың оңтүстік облыстарында табиғи байлық ұшан-теңіз. Мұның өзі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын жаңа белеске көтеруге зор мүмкіншілік береді. Үнемі, жоспарлы түрде жүргізіліп келе жатқан геологиялық-барлау жұмыстарының арқасында Оңтүстік Қазақстаннан әртүрлі минералдық шикізаттың ірі көздері ашылды. Мұнда фосфориттің, полиметалл және ванадий рудаларының, тұздың, құрылыс материалдарының мол қоры бар.

Оңтүстік Қазақстанның осындай табиғат байлығы бұл өңірдің өндіргіш күштерін жедел дамытуға жақсы жағдай жасап отыр. Жергілікті минералдық шикізат негізінде мұнда түсті және сирек кездесетін металдар, химия өнімдерін, құрылыс материалдарын өндіру ұлғайтылды. Оңтүстікте машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі қарыштап өркендеп келеді.

Мәселен, Шымкент облысында Ащысай полиметалл, Қаратау кен-химия комбинаттары сияқты кен-руда кәсіпорындары бар, сонымен қатар советтік түсті металлургияның тұңғышы — Калинин атындағы Ленин орденді қорғасын заводы, пресс-автомат заводы, цемент, гидролиз, химия-фармацевт заводтары, Жамбыл қаласында суперфосфат, былғары аяқ киім заводтары, Қызылорда целлюлоза-картон комбинаты жұмыс істейді. Республикамыздағы ең ірі қант заводтары мен жеңіл, тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындары осы оңтүстік облыстарда.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін молайтуда да Оңтүстік Қазақстанның алатын орны үлкен. Оның егіс көлемі 3,4 миллион гектар, яғни республикадағы егіс көлемінің 12 процент шамасы. Ал техникалық дақылдар түгелдей дерлік осында өсіріледі. Біздің оңтүстік облыстарымыз республикадағы суармалы жерлердің 80 процентін алып жатыр. Оңтүстік ауыл шаруашылығының маңызды саласы — мал шаруашылығы, оның ішінде қой шаруашылығы. Қазақстандағы барлық қойдың 30 проценттен астамы осы өңірде.

Таяу жылдары оңтүстік облыстардың экономикасы бұрынғыдан да шапшаң дамығалы отыр.

КПСС Программасы табиғи байлықтарды жан-жақты әрі тиімді пайдалану — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың аса маңызды міндеттерінің бірі деп көрсетті. Осы тұрғыдан өсіресе ғылымның өрісі кең. КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы халық шаруашылығын ғылыми негізде, ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктерін есепке ала отырып жоспарлау қажеттігін талап еткені мәлім.

Республикамыздың ғылыми-зерттеу мекемелері, жоғары оқу орындары соңғы жылдары оңтүстік облыстардың экономикасын дамытуға байланысты бірқатар маңызды зерттеулер жүргізді. Бұл зерттеулерді жүргізгенде өндіріспен, жобалау институттарымен тығыз ынтымақ жасалды. 1965 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы Шымкент қаласында ғылыми сессия өткізіп, Оңтүстік Қазақстанның өндіргіш күштерін дамыту, оның ұшан-теңіз табиғи байлығын пайдалану проблемаларын талқылады, ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағытын белгіледі.

Оңтүстік облыстардың халық шаруашылығы алдында тұрған өзекті міндеттер, сөз жоқ, ғылыми-зерттеу, жобалау-іздеу жұмыстарын күшейтуді талап етеді. Ғалымдардың творчестволық ынта-жігері минералдық шикізат қорын зерттеуге, қазба байлықтарды табуға, химия өнеркәсібін өркендетуге, мұнай, табиғи газ өндіруге, қуатты энергетика базасын жасауға, суармалы жерлерді кеңейтіп, жайылымдарды жақсарту үшін жергілікті су көздерін тиімді пайдалануға, ауыл шаруашылығын интенсификациялауға жұмсалмақ.

Оңтүстік облыстардың өнеркәсібін мықтап өркендетудің негізі — минералдық шикізат қоры болып қала беретіні даусыз. Ал мұның өзі геология ғылымына келелі міндет артады. Бұл өңірді зерттеуде геологтарымыз қыруар іс тындырды. Атап айтқанда ірі аумақта геологиялық зерттеу жасалды, енді комплексті прогноз-металлогениялық жұмыс жүргізіліп жатыр. Осының арқасында геологиялық құрылымның жалпы келбеті анықталды, геологияның көптеген заңдылығы мен арнаулы мәселелері мәлім болды. Дегенмен геологтардың алда істейтін жұмыстары да аз емес. Геологтар қазба байлықтардың басты-басты түрлерінен Оңтүстік Қазақстанда прогноз-металлогениялық зерттеулерді тез бітіруі керек.

Оңтүстік облыстардың экономикасында халық шаруашылығын химияландырудың маңызы зор. Қазіргі кездегі химияландыру — техникалық прогрестің аса маңызды әрі шешуші бағытының бірі. Сондықтан Қазақстанның оңтүстік облыстары еліміздің үлкен химиясына лайықты үлес қосуға тиіс. Мәселен, Оңтүстік Қазақстанның тек республика ауыл шаруашылығын ғана емес, сонымен бірге Орта Азия мен Сибирьдің негізгі ауыл шаруашылық аудандарын минералдық тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етуге қыруар мүмкіншілігі бар.

Еліміздегі фосфорит қорының үштен бірі осы өңірде. Қазыналы Қаратау — фосфориттің ірі қоймасы. Оның жалпы запасы 1,3 миллиард тоннадан астам. Оның рудаларында фосфор ангидридін 26 процентке жетеді. Бірақ Қаратау қазынасын игеру өте баяу жүргізіліп келеді, сондықтан ол ауыл шаруашылығының мұқтаждарын толық өтей алмай отыр. Қазіргі уақытта Қаратау кендерінің негізінде жалғыз Жамбыл суперфосфат заводы ғана жұмыс істейді, ал оның бір жылдағы бар өндіретіні 250 мың тонна жай суперфосфат.

Ғалымдар мен практик қызметкерлер қосарлы суперфосфат, фосфор тұздарын, аммофос және балқытылған фосфат өндіруді тездету жөнінде жарытымды ештеңе істеген жоқ. Алдағы уақытта Қаратау фосфориттерін өндеудің термикалық және электротермикалық әдістерін барынша өрістеткен мақұл. Сондай-ақ мал азығындық фосфат өндіруді қолға алған жөн. Бұл үшін Жамбыл суперфосфат заводында мал азығындық фосфат өндіретін бірінші тәжірибе цехының құрылысын көп кешіктірмей аяқтау парыз. Қазақ ССР Ғылым академиясы химия ғылымдары институтының алдында таяу уақытта концентрациялық және күрделі тыңайтқыштардың жаңа түрлерін өндіру әдістерін шешу міндеті тұр.

Ауыл шаруашылығын азот тыңайтқыштарымен қамтамасыз ету үшін Оңтүстік Қазақстанда Бұхардың табиғи газынан аммиак өндіруді ұйымдастырудың пайдасы зор. Бұхар газы қазірдің өзінде тұрмыстық және өнеркәсіптік мақсат үшін кең пайдаланылуда. Ал аммиак Жамбыл суперфосфат заводында аммофос өндірісін мықтап ұлғайтуға, сондай-ақ ішінде азот, фосфор, калий бар сұйық комплексті тыңайтқыштар өндіру мәселесін шешуге жәрдемдесер еді. Қаратау фосфориттері мен табиғи газ негізінде азот-тук өнеркәсібін өркендету мүмкін болады.

Оңтүстік Қазақстанда органикалық химияның дамуы көбінесе Шымкент мұнай өңдеу заводының құрылысына байланысты. Мұның өзі республика жоспарлау ұйымдарының алдына Шымкент мұнай өңдеу заво-

дың негізінде органикалық химия өнеркәсібін (пластмасса және әртүрлі синтетикалық материал өндіру) өркендетудің перспективалық жоспарын жасау міндетін қояды. Мұнда әсіресе фосфорлы органикалық құрамалар, детергент, гербицид, инсектофунгицид өндірісіне баса көңіл бөлінбекші. Сөйтіп фосфор өндіруді Оңтүстік Қазақстан өңірінде шоғырландырған жөн.

Оңтүстік облыстар дәрі-дәрмек өсімдіктері мен техникалық дақылдарға бай. Ал мұның өзі органикалық химияның көптеген саласы үшін шикізат қоры болуға жарайды. Ең алдымен Шымкент химфарм заводының шикізат базасын жасауды ойластыру қажет. Бұл тамаша кәсіпорын шикізаттың жетімсіздігінен өзінің қуатын толық пайдалана алмай келе жатқаны анық.

Оңтүстік аудандарда халық шаруашылығының маңызды саласы — түсті металлургия. Бірақ мұнда да ғалымдардың дереу шешуін керек етін отырған кейбір проблемалар бар. Жеке рудниктерде руданың ысырабына жол беріледі. Қайсыбір кен-руда өнеркәсібінде, әсіресе Мырғалымсай кендерінде бірсыпыра техникалық мәселелер шешілмей келеді. Сол сияқты Оңтүстік Қазақстанның байыту фабрикаларында рудалардан алынуға тиісті бағалы заттардың шығыны көп. Шымкент қорғасын заводында шлактармен, газдармен, ертінділермен қоса бағалы металдар да кетіп қалып жүр. Технологиялық схемалардың жетімсіздігінен мұнда бірсыпыра сирек металдар алынбай қалатыны бар.

Тағы бір кемшілік, Шымкент қорғасын заводының қазіргі уақытта өзіндік дербес шикізат базасы жоқ. Сол себепті шикізаттың үштен бірі завсдқа шеттен әкелінеді. Сондықтан ғалымдар мен өндірісшілердің таяудағы елеулі міндеттерінің бірі — осы завод үшін берік шикізат базасын жасау қамын ойластыру. Сонымен бірге Қаратау, Жоңғар Алатауы, Кіндіктас тәрізді кенді аудандарда зерттеу және барлау жұмыстарының өрісін ұлғайту керек. Геологтардың болжауына қарағанда, бұл заводтың шикізат базасын нығайтуда Қаратаудағы Шалқия кенінің ерекше мәні бар.

Кен ісі жөнінде де бірқатар ғылыми мәселелерді шешу керек сияқты. Мәселен, Мырғалымсай қорғасын-барит кендерінде өзі жүретін машиналарды қолданып, жер астынан руда өндіруді комплексті механикаландыру жөніндегі зерттеулер тездетілуге тиіс. Сондай-ақ руда шығынын азайту жолдарын іздестіру, Мырғалымсай руднигін судың көп күйілуден сақтау шараларын қарастыру да — ғалымдарымыздың шұғыл назар аударатын мәселесі.

Қаратау жоталарында ванадий рудаларының дүние жүзілік запасы бар. Ал ванадийдің сапалы болат алуға кең қолданылып жүргені белгілі. Мәселен, ванадийді болатқа жалатқан күнде болаттың беріктігі артады, металл шығыны 25—30 процент кемиді. Бірақ, амал не, осы уақытқа дейін руда өндеудің тәуір схемасы жасалмай келеді. Сол себепті халық шаруашылығында қара металдардың орасан көп шығынына жол берілуде. Бұл жөнінде Қазақ ССР Ғылым академиясының металлургия және кен байыту институтының алдында келелі міндеттер тұр. Ол басқа да ғылыми-зерттеу мекемелерімен бірлесе отырып, Қаратаудың ванадий-фосфор рудаларын байыту және өңдеу схемаларын жасау жөніндегі зерттеулерді күшейтуге тиіс.

Оңтүстік Қазақстанның халық шаруашылығын шапшаң өркендету үшін тиісінше энергетикалық база жасау қажет. Ашығын айтсақ, оңтүстік аудандарда жергілікті энергетика қоры тапшы. Сондықтан бұл өңірдің отын мен электр қуаты жөніндегі өскелең қажеттері негізінен көршілес аудандардың энергетика қоры арқылы ғана өтелмек. Мұндағы ең тиімдісі — Бұхардың табиғи газы. Оңтүстік Қазақстан үшін Бұхар газының электр станцияларында, өнеркәсіп орындарының пештері мен қазандарында және коммуналдық мақсаттарға пайдалану экономикалық

жағынан анағұрлым тиімді. Ендеше Газли — Алматы газ құбырының құрылысын тездету керек. Энергетика қорының барлық түрін үнемдеу мәселесінің оңтүстік облыстар үшін маңызы күшті. Біздіңше, электр қуатын пайдаланудың күн санап арта түсуіне байланысты оңтүстік өңірдің электр-энергия базасы бүтіндей қайта құрылуға тиіс. Ол шынында осы заманғы энергетика шаруашылығы болуы керек. Бұрынғыдай ескі жабдығы бар, ұсақ электр станциялары оған енді тірек бола алмайды.

Бұл үшін Қазақстанның бүкіл оңтүстігін, атап айтқанда Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстарын түгел қамтитын біртұтас энергетика жүйесін құрған пайдалы. Мұны ең алдымен газ отынымен жұмыс істейтін ірі бу электр станцияларын, таулы өзендерден су электр станцияларын салу және электр линияларын жүргізу арқылы жүзеге асыруға болады. Таяу мерзімде Жамбыл мемлекеттік аудандық электр станциясының құрылысын аяқтау керек және оның жобалық қуатын арттыру мүмкіндігін қарастыру керек. Оңтүстік Қазақстандағы селолық аудандардың басым көпшілігін электрмен жабдықтауды энергетика жүйелеріне қосу арқылы іске асырған жөн, ал бұл жоғары вольтті электр жүйелерін көп салуды қажет етеді.

Оңтүстік облыстардың экономикасында су шаруашылығының орны ерекше. Бұл өңірде суармалы егістікке жарамды жерлер көп. Оңтүстік Қазақстанда суармалы егіншілікке жарамды 10 миллиондай гектар жер бар. Ал мұның 3 миллионға жуығын жергілікті су көздерімен суландыруға болады. Ал қазіргі уақытта осы өңірдегі суармалы жерлердің көлемі 475 мың гектардан аспайды.

Оңтүстік облыстардың су шаруашылығын зерттеу жайы мынаны көрсетеді: біріншіден, мұнда суармалы егіншілікке су тиімді пайдаланылмайды, екіншіден, ирригациялық жүйелердің халі мүшкіл, оның үстіне суару мәдениеті төмен.

Турасын айтқанда, суармалы егіншілік мұқтажын, халық шаруашылығының басқа салаларының қажеттерін өтеуге оңтүстік облыстардың су қорлары әлі жеткіліксіз. Осыған байланысты Сырдария, Талас, Шу өзендері бойынша су шаруашылық балансын мұқият зерттеу парыз. Өйткені бұл өзендер — оңтүстік аудандардың негізгі су байлығы. Сонымен бірге Сырдария өзенінің суын Тәжікстан, Өзбекстан, Қазақстан, ал Талас, Шу өзендерінің суын Қырғызстан мен Қазақстан қатар пайдаланып келеді. Сондықтан осы өзендердің суын аталған республикалардың арасында дұрыс бөлу — толғағы жеткен өзекті мәселе. Оңтүстік Балқаш жағалауының да су шаруашылық балансын жақсылап анықтап, Іле өзенінің бір арнасын Шу өзеніне қарай бұру жайын тез арада ойластырған мақұл. Өйткені Шу өзенінің суы тапшы әрі бұл аймақта құнарлы жерлер көп екенін ескермеске болмайды.

Республика Ғылым академиясы үстіміздегі бесжылдықта өзендер мен көлдерді және жер астындағы суларды зерттеу ісін кең жүргізіп, әсіресе жер астындағы суларды халық шаруашылығының әртүрлі саласына мол пайдалану мүмкіншілігін іздестіруі керек. Ғалымдар мен практик қызметкерлер суармалы егіншіліктің мәдениетін көтеруге, оның ішінде дұрыс суландыру жүйесінің ғылыми негізін жасауға міндетті. Сондай-ақ жердің сортаңданып немесе батпақтанып кетуімен күрес жүргізу қажет. Міне осы себептерден де едәуір жер ауыл шаруашылық қажетіне жаратылмай келеді.

Оңтүстік Қазақстанның табиғи байлығы — ауыл шаруашылық өндірісін онан әрі өркендетудің қайнар бұлағы. Алайда оңтүстік аудандардың ауыл шаруашылығы қазіргі талапқа сай емес. Суармалы жерлерде егіннің түсімі төмен. Мал шаруашылығына берік жемшөп қоры жасалмай келеді. Соның кесірінен қыс кезінде оқтың-оқтың мал шығыны болып тұрады. Мал тұқымын асылдандыру және мал өнімдерін көбейту жөніндегі жұмыс та ойдағыдай емес.

Міне осындай кемшіліктерді оңтүстік аудандардың табиғи-шаруашылық ерекшеліктеріне терең талдау жасау арқылы, ауыл шаруашылығын ғылыми негізде жүргізу арқылы сөзсіз жоюға болады. КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы ғылымның ауыл шаруашылығын өрге бастырудағы ролін айрықша атап көрсетті.

«Теориялық зерттеулерді, — делінген Пленум қаулысында, — кең өрістетіп, бұл зерттеулердің дәрежесі мен нәтижелілігін арттыру, колхоз бен совхоз өндірісінің барлық салаларын онан әрі өркендету мүдделері үшін ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені кеңінен қолдануда колхоздар мен совхоздарға барынша көмек көрсетіп отыру—ғылым қызметкерлерінің борышы».

Суармалы жерлердің құнарлылығын арттыру, күріштің, техникалық дақылдардың егіс көлемін ұлғайтып, мал шаруашылығына берік жемшөп базасын жасау мақсатында суландыру жұмыстарын дұрыс жолға кәю—бүгінгі күндердің басты талаптарының бірі.

Ауыл шаруашылық өндірісінде химияның ролі зор екені белгілі. Бірақ химия құралдарын қолдану технологиясының көптеген шешілмеген мәселелері бар. Ендеше ауыл шаруашылығында химия препараттарын (тыңайтқыштар, өсіргіш заттар, гербицидтер, дефолианттар, инсектофунгицидтер және басқалары) қолдануға байланысты зерттеулерді жүргізе берген мақұл.

Оңтүстік Қазақстанда мал шаруашылығын онан әрі өркендету мәселесі берік жемшөп базасын жасау міндеттеріне тікелей байланысты. Жайылымдар мен шабындықтарды жақсарту осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын өрістетуді талап етеді.

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру саласында іске асырылуға тиісті бірсыпыра ғылыми проблемалар бар. Ғалымдар мен практик қызметкерлердің бірлескен еңбегі жемісті болып, Оңтүстік Қазақстан мериносының жана асыл тұқымы өсірілуде. Оның биязы жүнді көп алуға себі тиіп отыр. Келешекте бұл саладағы жұмыстарды өрістете беру қажет. Қаракөл шаруашылығының институты жоғары сапалы әдемі елтірі беретін қозылар алу жөнінде қызықты зерттеулер жүргізіп келеді.

Оңтүстік облыстарымыз жылқы мен түйе шаруашылығын өркендетуге өте қолайлы. Сондықтан осы өңірде жылқы және түйе шаруашылығын өркендету жөніндегі ғылыми зерттеулер мен ғылыми-өндірістік тәжірибелерге баса көңіл бөлінуге тиіс.

Оңтүстік облыстардың, әсіресе Шымкент облысының топырақ-ауа райы жағдайлары жүзім шаруашылығына таптырмайды. Алайда Шымкент облысында жүзім өсірудің зор мүмкіндіктерінің ойдағыдай пайдаланылмай келе жатқанын әдейі атап кетпеске болмайды.

Таяу болашақта Оңтүстік Қазақстанның экономикасы бұрынғыдан да алға басатыны сөзсіз. Оңтүстік облыстардың халық шаруашылығына орасан күрделі қаржы жұмсалғалы отыр. Мұнда көптеген ірі кәсіпорындар іске қосылады, сөйтіп өндіргіш күштерді орналастыруда үлкен өзгерістер болмақшы.

Осыған байланысты экономист-ғалымдардың алдында өндіргіш күштерді дамытудың, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында еңбек пен материалдық ресурстарды тиімді пайдаланудың, еңбек өнімділігін арттырудың тиімді жолдарын іздестіру міндеттері тұр.

Оңтүстік облыстардың еңбекшілері ғалымдармен, жобалау ұйымдарының мамандарымен тығыз ынтымақтаса отырып, таяу жылдары өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастырудың зор программасын жүзеге асырғалы отыр. Бұл жөнінде ғылым мен техниканың ең соңғы жаңалықтарын, озат тәжірибелерді кең қолданудың, сөйтіп өндірістің барлық саласында техникалық прогресті дамытудың орны ерекше.

КПСС Уставының талаптары— бұлжымас заң

Х. БАҚАУОВ.

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті
партия комиссиясының председатели*

Партия тұрмысының нормалары, оның ұйымдық принциптері, әрбір коммунистің праволары мен міндеттері КПСС Уставында айқын белгіленген. Устав партия ұйымдарының, барлық коммунистердің тіршілігі мен қызметі үшін негізгі заң болып табылады. Алайда қандай заңның болса да күші мен ықпалы оның барлық ережелерінің мүлтіксіз орындалуына байланысты ғой. Сондықтан партия тұрмысы нормаларының, КПСС Уставы талаптарының қатаң сақталуын күнбе-күн бақылап отыру — партия комитеттері мен олардың партия комиссияларының, бастауыш ұйым секретарьларының аса маңызды міндеті. Устав талаптары неғұрлым мүлтіксіз орындалса, партия қатарының бірлігі соғұрлым нығайып, оның күш-қуаты, бұқараға ықпалы арта түспек.

Біз бұл мақалада партия Уставы туралы жалпылама емес, оның 8-ші және 16-шы тармақтары туралы арнайы сөз етпекшіміз. Себебі, кейбір партия ұйымдары жекелеген КПСС мүшелері мен кандидаттарына Уставтың осы екі тармағын қолдануда түсінбестік жасап, елеулі кемшіліктер мен қателіктерге жиі жол беріп жүр. Сондықтан қазір бұл мәселе жайлы кеңірек әңгіме қозғап, толығырақ түсінік беру өте қажет болып отыр.

КПСС-тің ХІХ съезінен кейін қолданылып келген Устав бойынша мүшелік жарнасын дәлелді себепсіз үш ай бойы төлемеген партия мүшесі мен кандидаты КПСС қатарынан өзінен-өзі шығып қалған болып есептелетіні белгілі. Мұндай тұжырым коммунистің партиялылығы туралы мәселені белгілі дәрежеде оп-онай шеше салуға мүмкіндік беруші еді.

XXII съезде қабылданған Уставта дәлелді себепсіз үш ай бойы мүшелік жарнасын төлемеумен қатар, партия ұйымынан іс жүзінде қол үзген коммунист партиядан шығып қалған болып есептеледі деп белгіленген. Бұл тұжырымның лениндік нормаға неғұрлым толығырақ үйлесетіні айқын. Жана Уставтың 8-ші тармағынан «өз-өзінен шығып қалған» деген сөз мүлдем алынып тасталды, өйткені нақтырақ, байыптырақ алғанда ешкім де партиядан өз-өзінен шығып қалмайды, ол жөнінде қайткенмен де партия ұйымының жалпы жиналысында талқыланып, тиісті шешім қабылданады, ол шешімді аудандық немесе қалалық партия комитеті бекітеді.

Жана Уставтың 8-ші тармағының өте айқын, түсінікті екеніне қарамастан, кейбір партия комитеттері мен олардың партия комиссиялары осы тармақты дұрыс қолданбай жүр. Кейде коммунисті нақты қылығы үшін Уставтың 9-шы тармағына сәйкес партиядан шығару керек болса, оған Уставтың 8-ші тармағын апарып қолданады. Бірнеше мысал келтірейік.

КПСС мүшесі А. Ф. Климченко партиялық есептен шықпастан сонау Одессадан Целиноград облысына келген. Тұрмыста жарамсыз қылықтар жасап, маскүнемдікке салынған. Сөйтіп жүріп партиялық билетін жоғалтқан. «Терсак» совхозының партия ұйымы Климченконың дербес ісін қарап, КПСС қатарынан шығарды. Бірақ Жақсы аудандық партия комитеті бастауыш ұйымның шешімін бұзып, Климченконы Уставтың

8-ші тармағына сәйкес КПСС мүшелігінен шығып қалды деп теріс шешім қабылдады.

КПСС мүшесі В. Н. Ганьшин өз бетімен партия ұйымынан кетіп, барған жерінде партиялық есепке тұрмаған, ұзақ уақыт мүшелік жарнасын төлемеген, бір жыл бойына бастауыш ұйымның жұмысына мүлдем қатыспаған. Құрылыс-монтаж басқармасының бастауыш партия ұйымы осының бәрін ескеріп, Ганьшинді Уставтың 8-ші тармағына сәйкес партиядан шығып қалды деп дұрыс шешім қабылдап еді, Зеленев аудандық партия комитеті оны сөгіспен КПСС қатарында қалдырып, Устав талабын бұзды. Аудандық комитеттің бұл қатесін Орал облыстық партия комитеті түзетті.

Жергілікті жерлерде КПСС Уставының 8-ші тармағын қолдануда түсінібестік бар екені осы мәселе жайында Қазақстан КП Орталық Комитетінің Партия комиссиясына жиі түсіп жататын хаттардан да байқалады. Мысалы, Павлодар облысындағы Железинск аудандық партия комитетінің секретары Соколов жолдас былай деп жазады: «Біздің ауданда КПСС мүшелігіне кандидат Мусагитов есепте тұрушы еді. Ол партиялық есептен шықпастан, өз бетімен Омскіге кетіп қалды.. Аудандық комитеттің бюросы Мусагитов КПСС Уставының 8-ші тармағына сәйкес партия қатарынан шығып қалды деп есептелсін деген шешім қабылдады. Уставтың 8-ші тармағын осылай қолданғанымыз дұрыс па?»

Партия мүшелері мен кандидаттарын есепке алудың, олардың бір ұйымнан екінші ұйымға ауысуының тәртібі КПСС Орталық Комитетінің Нұсқауында белгіленген. Коммунист басқа ұйымға өзі есепте тұрған аудандық (қалалық) партия комитетінің рұқсатымен ғана ауыса алады. Ондай рұқсат коммунистің арызы мен бастауыш ұйымның келісімі негізінде беріледі. Ал Соколов жолдастың хатына қарағанда, Мусагитов аудандық комитетте партиялық есептен шықпастан, өз бетімен Омскіге кетіп қалған, сөйтіп КПСС Орталық Комитетінің Нұсқауын, яғни партиялық тәртіпті бұзған. Мусагитов нақ сонысы үшін жауап беруге тиіс. Ал оған КПСС Уставының 8-ші тармағын қолдануға дәлел жоқ сияқты.

Уставтың 8-ші тармағынан ауытқудың тағы бір мысалын келтірейік. Егер партияның мүшесі немесе кандидаты үш ай бойына дәлелсіз себеппен жарна төлемеген болса, бастауыш ұйым оның мәселесін қарауға міндетті. Алайда кейбір жерлерде қайсыбір коммунист ұзақ уақыт мүшелік жарна төлемейді, ал бастауыш ұйым оған мән бермей, ескерусіз қалдырып жүре береді, сөйтіп әлгі коммунисті партиядан шығып қалатын жағдайға дейін жеткізеді. Мәселен, «Южэлеватормелъстрой» тресінің механикалық-жөндеу мастерскойының партия ұйымында есепте тұратын 1942 жылдан КПСС мүшесі З. Шамсутдинов бес жыл бойы жарна төлемей, сол үшін партиядан шығарылған. Осы жерде партия ұйымының бес жылға дейін неге күтіп жүргені, үш айдан асысымен коммунистің мәселесін қарап, дер кезінде неге ықпал жасамағаны түсініксіз. Мүшелік жарна төлемегендік жөніндегі мәселені уақтылы талқылаудың тікелей кінәлі коммунист үшін ғана емес, сол ұйымдағы барлық коммунистер үшін де тәрбиелік әсері болар еді ғой.

Қышжыларлық нәрсе, мұндай кемшілік өте жиі ұшырайды. Кейбір партия ұйымдары 5—8 ай және одан да көп уақыт мүшелік жарна төлемеген коммунистерді ешбір талқыға салмастан, барлық айға берешегін бір жолы қабылдай береді. Мысалы, Алматы ағаш өңдеу комбинаты партия ұйымының секретары Ф. И. Қауи бастауыш ұйымда қарамастан, коммунист Суворкин мен Лисьевтің төрт жылғы жарнасын тұтасымен қабылдай салған.

Көптеген аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттері бастауыш ұйымдардағы мүшелік жарна төлеудің жайы туралы мәселені жиі қарайды. Бірақ солардың шешімдерінен мүшелік жарнасын төлемей

сол себепті партия ұйымымен байланысын үзгендіктен КПСС қатарынан шығып қалушы коммунистердің саны неліктен жылдан-жылға көбейіп бара жатыр деген сұрауға жауап таба алмайсыз.

КПСС Уставының 16-шы тармағын теріс қолданудап туатын бұрмалаушылықтар бұдан да жиі кездеседі. Нақты бір жарамсыз қылық жасаған мүшелікке кандидаттың дербес ісі партия мүшесімен бірдей, Уставтың 9-шы тармағында көрсетілген тәртіп бойынша қаралуға тиіс екені белгілі. Алайда кейбір партия ұйымдары Уставтың осы талабын бұзып жүр. Коммунист атағына кір келтіретін өрескел қылығы үшін Уставтың 9-шы тармағын қолданып, партия қатарынан шығарып жіберудің орнына көп жағдайда кандидат өзін көрсете алмағаны себепті партиядан шығып қалды деп шешім қабылданады. Ал кейде мұның керісінше, 16-шы тармақты қолдануға барлық дәлел бола тұрса да, партия ұйымы ешқандай өрескел қылық жасамаған кандидатты КПСС қатарынан шығару туралы шешім қабылдайды.

Партияның ХІХ съезінен ХХІІ съезіне дейін қолданылып келген Устав бойынша кандидаттық мерзімін өту кезінде кандидаттың жеке мінездері жағынан партия мүшесі болуға лайық емес екені анықталса, партия ұйымы оны партиядан шығару туралы шешім қабылдайтын. Бірақ шығару — адамға сенімсіздік көрсету, оның абырой-беделіне дақ түсіру деген сөз ғой. Бәлкім, ол кісі коммунизм ісіне адал берілген шығар, тек белгілібір жағдайға байланысты коммунист міндетін атқаруға әзірлене алмаған болар. Сол үшін партиядан шығару оған тым ауыр тиеді, киянат боп көрінеді.

КПСС ХХІІ съезі бекіткен жаңа Уставта кандидаттық мерзім аяқталғаннан кейін бастауыш партия ұйымы кандидатты мүшелікке қабылдау туралы мәселені қарап, шешуге міндетті делінген. Егер кандидат сол мерзім ішінде өзін көрсете алмаса және жеке басының қасиеттері жағынан КПСС мүшелігіне қабылдануға лайықсыз болып шықса, онда партия ұйымы оны мүшелікке қабылдамау жөнінде шешім шығарады. Ондай шешімді аудандық (қалалық) партия комитеті бекіткеннен кейін әлгі кісі КПСС мүшелігіне кандидаттықтан шығарылған емес, шығып қалған болып есептеледі. Ал бұл екі ұғымның үлкен айырмасы бар. Коммунист атағына кір келтіретін өрескел қылық жасаған жағдайда ғана сондай адам кандидаттықтан шығарылады.

Уставтың 16-шы тармағын дұрыс қолданғандықтың бір мысалын келтірейік. 1962 жылғы ноябрьден КПСС мүшелігіне кандидат Данияров Орысхан кандидаттық мерзімді өту кезінде өзін көрсетпеді, мәдени-идеялық дәрежесін көтермеді, партиялық тапсырма атқармады, партия ұйымының жұмысына ешбір қатыспады, партиялық жарнасын төлеуді қойды. Оның кандидаттық мерзімінің таусылуымен байланысты Семей облысындағы Аякөз ауданының «Мыңбұлақ» совхозының партия ұйымы Данияровты КПСС Уставының 16-шы тармағына сәйкес кандидаттықтан шығып қалды деп есептеп дұрыс шешім қабылдады. Данияров кандидаттықтан шығарып тастайтындай жарамсыз қылық жасаған жоқ, ал жеке қасиеттері жағынан, жұмысқа қатысы жөнінен ол КПСС мүшелігіне де қабылдана алмайды. Сондықтан оны «кандидаттықтан шығып қалды» деп есептеу әбден дұрыс.

Жаңа Уставтың 16-шы тармағы талаптарының айқын екеніне қарамастан, көптеген партия комитеттері мен олардың партия комиссиялары бұл тармақты теріс қолданады. Мысалы, КПСС мүшелігіне кандидат А. И. Пилюгин мас болып, бұзақылық жасап, милиционерді сабаған, сол үшін сотталып, бір жылға бас бостандығынан айрылған. Ал Семей қалалық партия комитеті оны кандидаттық мерзімін өту кезінде өзін көрсете алмаған адам ретінде Уставтың 16-шы тармағына сәйкес кандидаттықтан шығып қалды деп шешім қабылдаған. Дұрысында Пилюгин мұндай қылығы үшін партия қатарынан шығарылуға тиіс еді.

1961 жылдан КПСС мүшелігіне кандидат А. Тұрымқұлов жолаушы-жүк автобазасының экономисі болып жүріп, қызмет бабын бас пайдасына пайдаланған, жалған документтер жасаған, пара алған. Алматы қаласының Ленин аудандық партия комитеті сол үшін оны партиядан шығарудың орнына Уставтың 16-шы тармағын қолданып, КПСС мүшелігіне қабылдаудан бас тартумен тынған.

Уставтың 16-шы тармағы бойынша мүшелікке кандидат адам кандидаттықтан шығарылмайды, шығып қалған болып есептеледі. Алайда көп жерде осы екі ұғымды шатастырып алушылық бар. Мысалы, Екібастұз қалалық партия комитеті: «Екібастұз станциясының партия ұйымы жиналысының шешімі бекітіліп, Яговдик жолдас кандидаттық мерзім сынынан өте алмаған адам ретінде КПСС Уставының 16-шы тармағына сәйкес КПСС мүшелігіне кандидаттықтан шығарылсын» деп шешім қабылдаған. Немесе Шахта қалалық партия комитетінің: «...Р. И. Куфельд кандидаттық мерзімді өту кезінде өзін теріс мінез көрсеткен ретінде КПСС Уставының 16-шы тармағына сәйкес партия мүшелігіне кандидаттықтан шығарылсын» деген шешімін алыңыз. Уставтың 16-шы тармағын түсінбей, осылайша теріс қолданушылық басқа да көптеген аудандық, қалалық партия комитеттері тарапынан жиі кездесіп жүр.

Кейбір партия комитеттері мүшелікке қабылдаудан бас тарту немесе кандидаттықтан шығып қалды деп есептеу жөніндегі шешімдерінің түпкілікті екенін пайдаланып, Уставтың 9-шы тармағына сәйкес кандидаттықтан шығарылсын деп шешім қабылдануға тиіс жерде де кандидаттық мерзімді өту кезінде өзін көрсете алмағандықтан кандидаттықтан шығып қалды деп шешім шығара салады. Мұндай қателік кейде аудандық (қалалық) партия комитеттері қызметкерлерінің тәжірибесіздігінен жіберілсе, кейде біле тұрып, коммунист туралы мәселені тез шешіп жіберу үшін, оған дербес іс түзіп, облыстық партия комитетіне документ жіберіп жатпас үшін әдейі істеледі. Осының салдарынан мұндай шара кейде заң жолымен жауапқа тартуға жататын өрескел қылмыс істеген коммунистерге де қолданылады. Мәселен, Теміртау қалалық партия комитеті мынадай қаулы қабылдаған: «Сауықтыру орнында ұрлық жасағаны, маскүнемдікке салынғаны және КПСС мүшелігіне өту үшін кепілдеме тапсырмағаны үшін Покушайко жолдас партия Уставының 16-шы тармағына сәйкес КПСС мүшелігіне кандидаттықтан шығып қалды деп есептелсін».

КПСС Уставының 8-ші және 16-шы тармақтарын дұрыс қолданбаудың салдарынан өткен жылы көптеген партия ұйымдарында партиядан шығып қалушылардың саны нақты қылығы үшін партиядан шығарылғандардың бәрін қосып есептегендегіден көп болды. КПСС мүшелігіне қабылдаудан бас тартумен байланысты кандидаттықтан шығып қалушылар өте-мөте Қарағанды, Семей және басқа облыстардың партия ұйымдарында көбейіп отыр.

Бұл фактілер нені көрсетеді? Бірсыпыра жағдайда нақты қылығы үшін партиядан шығарылғандармен салыстырғанда партиядан шығып қалушылардың көбейіп кету себебі неде?

Біздіңше, мұның үш себебі бар. Біріншіден, кейбір партия ұйымдарында партияға адам алу ісінде елеулі кемшіліктер бар; екіншіден, қайсыбір жерлерде жас коммунистерді, әсіресе мүшелікке кандидаттарды тәрбиелеу жөнінде тыңғылықты жұмыс жүргізілмейді; үшіншіден, кейбір партия ұйымдары КПСС Уставының 8-ші және 16-шы тармақтарына сәйкес партиядан шығып қалушылардың арыздарына үстірт қарайды. Осы себептерге толығырақ тоқтап көрейікші.

Ең алдымен КПСС-ке адам қабылдау кезінде жіберілетін кемшілікке назар аударыңыз. Кейбір партия ұйымдары өз қатарының санын көбейтумен әуестеніп, партияға саяси, іскерлік және моральдық қасиеті жоғары, ең лайық адамдарды ғана жеке-жеке іріктеп алуға жеткілікті

көңіл бөлмейді. Көп ретте кандидаттық мерзім КПСС-ке өтушіні шын мәнісінде сынап байқау үшін пайдаланылмайды. Кейде тіпті партияға қабылдамай жатып қайта шығаруға тура келетін фактілер де кездеседі. Мысалы, Зеленов аудандық партия комитеті 1964 жылғы июльде Манчинскийді КПСС мүшелігіне кандидат етіп қабылдады да, арада екі ай өткен соң, сол жылғы сентябрьде оны социалистік меншікті ұрлағаны үшін партиядан шығарды. Целиноград қалалық партия комитеті Д. Пакты КПСС мүшелігіне кандидат етіп қабылдап, мемлекет қаржысын немденгені үшін жарты жылдан соң қайта шығарды. Бұл екеуінің де жаман мінездері кандидаттық мерзімнен өту кезеңінде ғана пайда болды дегенге сену қиын. Бұл жерде партия ұйымы өздері қабылдаған адамның идеялық-моральдық бейнесін жете зерттемегені, оларға кепілдеме берушілердің де, ұйым коммунистерінің де партияға ең озат, ең үздік адамдарды іріктеп қабылдау талабынан ауытқып кеткені айдан анық.

КПСС мүшелігіне кандидат етіп қабылдаумен іс тынбайды, қайта партия ұйымының қабылдаған кісіні нағыз коммунистік рухта шындау жұмысы содан басталады. Бұл әбден заңды да. Себебі, коммунистік қасиет партияға қабылдау туралы шешіммен қоса берілетін куәлік емес қой. Сондықтан партия қатарына жаңа қосылған әрбір адам алғашқы күннен бастап коммунистердің шынайы қамқорлығында болуы керек. Жас коммунистерді, әсіресе мүшелікке кандидаттарды қоғам жұмысына белсенді қатыстырып, партиялық тапсырма беріп, идеялық-саяси жағынан өсуіне қамқорлық жасау қажет.

Устав бойынша аудандық (қалалық) партия комитетінің партиядан шығып қалғандардың ісі жөніндегі шешімдері түпкілікті болып есептеледі және жоғарғы партия органдарының бекітуіне жатпайды. Бұл дұрыс та. Бірақ партиядан шығып қалушы адам кей жағдайда аудандық (қалалық) партия комитетінің шешіміне риза болмайды, сөйтіп облыстық партия комитетіне, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне, кейде тіпті КПСС Орталық Комитетіне арыз береді. Мұндай арыздар тікелей партия комиссияларына да түсіп жатады.

Біздіңше, партия органдарының бөлімі немесе партия комиссиясы, барлық басқа арыздар секілді, мұндай арызды да мейлінше мұқият, әділ қараулары керек. Кейбір жолдастар мұндай арыздарға партия комиссиялары араласпауға тиіс деген пікір айтып жүр. Бұл дұрыс емес. Мысалы, кейде облыстық партия комитеті немесе Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті бастауыш ұйымға, аудандық яки қалалық партия комитетіне Уставтың 8-ші немесе 16-шы тармағының дұрыс қолданылмағаны туралы істі қайта қарауға ұсынбас бұрын партия комиссиясына бұл істің жайын мұқият зерттеп анықтауды, содан соң барып партия комитетіне тиынақты, сындарлы ұсыныс енгізуді тапсырады. Өмірде нақ осылай болып та жүр.

Облыстық комитеттердің партия комиссиялары міндетінің өзі КПСС Уставының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ете отырып, әрбір дербес істі, соның ішінде партиядан шығып қалушының арызын да мейлінше мұқият жан-жақты тексеру, сөйтіп оны партия комитеті бюросының қарауына енгізу болмақ.

Сонымен бірге партия комиссияларының қызметін тек дербес істерді қарауға әзірмеумен ғана шектеген дұрыс болмас еді. КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы партиялық-мемлекеттік бақылаудың халықтық бақылау болып қайта құрылуымен байланысты партия комиссияларына жүктелетін міндеттің көлемі мен мазмұны мейлінше артатынын атап көрсетті. Партия комиссиялары КПСС мүшелері мен кандидаттарының партиялық тәртіпті қатаң сақтауын қадағалап, тексеріп отыруға, партияның Программасы мен Уставын, партиялық және мемлекеттік тәртіпті, партиялық моральды бұзған және соған жол берген

коммунистерді жауапка тартып отыруға, барлық жерде ұйымдық-партиялық жұмысты жақсартуға белсене ат салысуға тиіс.

Соңғы кездері көптеген облыстық партия комитеттері жергілікті партия комитеттерінің КПСС Уставының 8-ші және 16-шы тармақтарын дұрыс қолдану ісінде Устав талабын қалай орындайтындарын үздіксіз бақылайтын болды. Ондай бақылау партия органдары бөлімі тарапынан да, партия комиссиялары тарапынан да жүргізілуде. 1964—1965 жылдары бұл мәселелер жөнінде Қарағанды, Қостанай, Орал және басқа бірсыпыра облыстық партия комитеттері арнайы шешім қабылдады. Ол шешімдерден айқын көрінетін нәрсе, облыстық партия комитеттері партия комиссияларының араласпауын қостамайтыны былай тұрсын, қайта мұндай мәселелерді тексеруді, өз шешімдерінің орындалуын бақылауды үнемі соларға тапсырып отырады. Бұл өте дұрыс та.

Әңгіме мұндай мәселені кімнің: партия комиссиясының, партия органдары бөлімінің немесе скеуінің бірігіп дайындағанында емес, қайта әңгіме КПСС Уставының барлық талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынуында, партияға адам қабылдау, жас коммунистерді тәрбиелеу ісіндегі кемшіліктердің дер кезінде ашылуында, партия ұйымдарына түскен арыз-шағым атаулының атүсті емес, мұқият, әділ каралуында, ұйымдық-партиялық жұмысты үздіксіз жақсарту беруге бағытталған нәрменді шаралардың уактылы қолданылып отыруында.

КПСС Уставы коммунистердің дербес істерін, әсіресе партиядан шығару туралы істерді қараған кезде партия органдарынан мейлінше сергек болуды, коммунист тағдырын шешуге жолдастық жан ашырлықпен, әділ карауды, оған тағылған айыптын дәлелді-дәлелсіздігін әбден байыптап тексеруді талап етеді.

Қазір, КПСС Орталық Комитетінің октябрь және одан соңғы Пленумдарынан кейін партия тұрмысының лениндік нормаларын толық қалпына келтіріп, онан әрі дамытуға берік бағыт ұсталып отырған кезде, бұл нормадан болмашы ауытқушылықтың өзін қатал айыптап отыру керек. Осыған байланысты партия комитеттері мен олардың партия комиссиялары жоғарыда көрсетілгендей кемшіліктерді және КПСС Уставын бұзушылықтың басқа да фактілерін дер кезінде жойып, Устав ережелерінің, соның ішінде 8-ші және 16-шы тармақтарының дұрыс қолданылуын қамтамасыз етіп отыруға тиіс. Коммунистердің дербес істері жөнінде қабылданатын шешімдердің сапасына, КПСС Уставының 8-ші және 16-шы тармақтарының дұрыс қолданылуына партия комитеттері мен олардың партия комиссияларының жауапкершілігін мейлінше арттыру қажет.

ЭКОНОМИСТ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ — ӨМІР ТАЛАБЫ

Қ. БІЛӘЛОВ.

*Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім
министрі*

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы белгілеп берген еліміздің экономикасын өркендетудің зор программасы жоғары және арнаулы орта оқу орындарының алдына да жаңа міндеттер қойды. Өйткені жоғары мектептер мен техникумдар — социалистік өнеркәсібімізге іскер, маман кадрлар даярлау дүкені.

Сентябрь Пленумының шешімдерін жүзеге асыруға байланысты республика оқу орындары экономист кадрлар даярлау жөнінде біраз жұмыс істеуге тиіс. Осыған орай СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі үстіміздегі оқу жылында институттар мен техникумдардың сабақ кестесіне КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерін оқып үйренуді енгізген еді, соның негізінде барлық курстарда лекциялар оқылды, семинар сабақтары өткізілді.

СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің ұсынысы бойынша сентябрь Пленумының материалдары емтихан билеттеріне, қоғамдық ғылымдар пәндерінен жазылатын курс, бақылау жұмыстарының тақырыптарына еніп отыр.

Сентябрь Пленумының материалдары саяси экономия курсы оқыту үстінде «Өндірістің коммунистік әдісі» деген бөлімнен кең орын алды. Мысалы, «Өндіріс құрал-жабдықтарына социалистік меншік», «Социалистік мемлекеттің экономикалық ролі», «Социализмнің негізгі экономикалық заңы», «Социалистік экономиканың жоспарлы дамуы», «Социализм тұсында қоғамдық еңбек өнімділігінің үздіксіз артуы», «Еңбекке қарай бөлу. Тұтырудың қоғамдық қорлары», «Шаруашылық есеп. Қор айналымы», «Баға, өзіндік күн және кәсіпорындардың таза пайдасы», «Социалистік ұлғаймалы ұдайы өндіріс», «Коммунизмге өту кезінде өндірістік қарым-қатынастардың дамуы», «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау және оны одан әрі дамыту» деген тақырыптар, сондай-ақ нақты экономика курсы сентябрь Пленумының материалдарымен байланыстырыла өтуде.

КПСС тарихы курсының тиісті тақырыптарында социалистік шаруашылықты басқаруда централизм мен демократизмді ұштастыру, шаруашылық есеп пен шаруашылықты басқара білудің маңызы туралы, бұқараның бастамасын, социалистік жарысты материалдық ынталандырумен ұштастыру туралы, социализм орнатудың лениндік жоспарын жүзеге асыруда еңбек өнімділігінің шешуші ролі туралы В. И. Ленин идеяларына кеңінен тоқталу парыз.

КПСС Орталық Комитетінің март және сентябрь Пленумдарының шешімдері ғылыми коммунизмнің онан әрі дамуының белесі екені ақиқат. Осы тұрғыдан КПСС Орталық Комитетінің соңғы Пленумдарының шешімдерін орындау біздің қоғамымыздың коммунизмге аяқ басуын тездететінін, дүние жүзілік социалистік системаны нығайтатынын ғылыми коммунизм курстарында баса айту керек. Сондай-ақ Орталық Комитеттің соңғы Пленумдары жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайта түсуде, қала мен деревня арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоюда өте-мөте маңызды болғанын талдау қажет. Март және сентябрь Пленумдарының шешімдері тұрғы-

сынан ұлттарды өзара жақындастырып, гүлдендіру, республикалар экономикасының даму болашағы, жалпы мемлекеттік мүдделерді әрбір ұлтың мүддесімен және одақтас республикалардың праволарын ұлғайтумен ұштастыру, студенттерге интернационалдық тәрбие беру, халықтар достығын нығайту туралы мәселелер қарастырылатын болады.

Болашақ экономистер мен инженерлер өндірістің экономикасынан, еңбекті және социалистік кәсіпорындарды басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыру жайынан жүйелі білім алып шығуға тиіс. Осыған байланысты жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушылары өздері оқытып жүрген пәндердің жеке бөлімдерін қайта қарап, олардың мазмұнын біраз байытты.

Халық шаруашылығының салалары экономикасының курсы өнеркәсіпті басқарудың салалық принципіне көшудің объективтік қажеттігін және оның халық шаруашылығындағы маңызын талдап көрсетеді. Бұл мәселені оқып үйрену шаруашылықты басқарудың жаңа системасының мәнін ашуға мүмкіндік береді. Осы курстың тиісті бөлімдерінде халық шаруашылығын өркендетудің перспективалық жоспары, ғылым мен техниканың жаңалықтарын өндіріске енгізу жайлы мәселелер қоса қарастырылып отыр.

Лекциялар мен семинар сабақтарында қоғамдық өндірістің даму қарқыны мен тиімділігін арттыра түсу жөніндегі мәселелерді өткенде экономикалық заңдардың маңызы, пайданың, кредиттің және бағаның ролі жақсылап түсіндіріледі. Өндірісті ұйымдастыру мен жоспарлау курстарында «Социалистік мемлекеттік өндірістік кәсіпорын туралы ережені» оқып үйренуге баса назар аударылуы керек.

Технологиялық және арнаулы пәндерді оқыту енді олардың ғылым-техникалық мазмұнын экономикамен тікелей ұштастыру арқылы жүргізіледі. Жоғарыда аталған жаңа материалдар арнаулы және технологиялық пәндердің мазмұнына едәуір өзгерістер енгізді. Сондықтан да кафедралар экономистер даярлаудың және болашақ инженерлерге экономикалық тиянақты білім берудің сапасын жақсартуға бағытталған зор методикалық жұмыс жүргізе бастады.

Сондай-ақ арнаулы орта оқу орындарында кейбір пәндерден бірсыпыра тақырып қайта қаралды. Мысалы, «Өндіріс экономикасы, оны ұйымдастыру және жоспарлау» деген пәнге «Социалистік кәсіпорын туралы ереже», өнеркәсіпті басқарудың салалық принципі, жалақы төлеуді ұйымдастырудың жаңа тәртібі, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру тақырыптары енгізілді.

Республиканың институттары мен техникумдарында қазірдің өзінде КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерін насихаттау жөнінде біраз жұмыс істелді.

Сентябрь Пленумының шешімдерінен туатын міндеттер жоғары оқу орындары мен техникумдардың советтерінде және партия жиналыстарында қаралып, оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына елеулі өзгерістер енгізілді. Қоғамдық ғылымдар кафедралары КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының материалдарын КПСС тарихы, философия, саяси экономия, ғылыми коммунизм курстарының тиісті тақырыптарында баяндау шараларын белгіледі.

Сабақтан тыс уақытта да көптеген шаралар жүргізіліп келеді. Жоғары оқу орындары мен техникумдардың барлық оқу топтарында сентябрь Пленумына арналған саяси әңгімелер өткізілді. Жеке тақырыптар бойынша қоғамдық ғылымдар кафедраларының оқытушылары, сондай-ақ кәсіпорындардың, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, жоспарлау органдарының мамандары лекциялар оқып, теориялық конференциялар өткізуге көмектесті. Мәселен, мұндай конференциялар Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінде, Петропавл, Өскемен педагогикалық институттарында өткізілді. Алматының халық ша-

руашылығы институты «Сентябрь Пленумының шешімдері және экономикалық пәндерді оқытуды жақсарту түсу міндеттері» деген тақырып бойынша жоғары оқу орындары арасында ғылыми-теориялық конференция өткізуге қызу әзірленіп жатыр.

Қазақтың химия-технология және Шымкент педагогикалық институттарының саяси экономия кафедралары партия органдарымен бірлесе отырып, «Қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру жолдары» деген тақырыптан экономикалық конференция өткізуді ұйғарып отыр. Павлодардың индустрия институты социалистік экономиканың өзекті проблемалары жөнінде өнеркәсіп пен құрылыс кәсіпорындарының қызметкерлерін қатыстыра отырып институт оқытушыларының ғылыми сессиясын өткізбекші.

Үстіміздегі оқу жылында қоғамдық ғылымдар кафедралары оқытушылардың ғылыми зерттеулеріне, сондай-ақ студенттердің диплом, курс және бақылау жұмыстарына тын тақырыптар қосты. Қоғамдық ғылымдар кафедраларының оқытушылары сентябрь Пленумының шешімдерін еңбекшілер арасында насихаттауға да күнделікті көңіл бөлуде. Мысалы, Алматының халық шаруашылығы институты экономикалық білімдердің халықтық университетін ұйымдастырды. Оның үш факультеті бар. Бұл университетте қоғамдық ғылымдар кафедралары мен нақты экономика кафедраларының оқытушылары сабақ береді.

Экономист кадрлар даярлау ісін жақсарту — сентябрь Пленумының шешімдерінен туатын басты талаптардың бірі. Алматының халық шаруашылығы институты, оның облыс орталықтарындағы филиалдары мен оқу-консультациялық пункттері 9 мамандық бойынша экономистер даярлап шығарады. Алматының халық шаруашылығы институты — жаңа құрылған жоғары оқу орны. Ол 1963 жылы Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің экономика факультетінің негізінде ұйымдастырылған-ды. Осыған қарамастан бұл институт қазірдің өзінде Қазақстанның ірі оқу орындарының біріне айналды. Одан білім алып, тәрбиеленіп шыққан экономистер республикамыздың көптеген кәсіпорындарында, құрылыстарында және жоспарлау-финанс органдарында жұмыс істейді. Қазір бұл институтта 7 400 студент оқып жүр.

Республика өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының қарыштап өркендеуі институттың алдына экономистер даярлауды едәуір ұлғайту жөнінде келелі міндет қойып отыр. Осы мақсатпен өткен жылы институттың оқу корпусын және тұрғын үйлер комплексін салу басталды. Сондай-ақ 1965 жылы Шымкентте бұрынғы Оңтүстік Қазақстан халық шаруашылығы советінің үйінде институттың филиалы ұйымдастырылды. Бұл да өндірістен қол үздіре оқыту арқылы экономистер даярлайды.

Өндірістен қол үзбей оқытандардан экономистер даярлаудың сапасын жақсарту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі 1965 жылы «Алматы халық шаруашылығы институтының республика облыстарындағы филиалдары мен оқу-консультациялық пункттерінің орналасуын тәртіпке келтіру туралы» қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес Ақтөбе қаласында Алматы халық шаруашылығы институтының филиалы ашылды. Бұл қазір Ақтөбе, Гурьев, Қостанай, Орал облыстарында жұмыс істеп, сырттан оқитын студенттерді қамтиды. Алматы халық шаруашылығы институтының Шымкенттегі оқу-консультациялық пункті филиал болып қайта құрылды. Ол Шымкент, Қызылорда, Жамбыл облыстарының сырттан оқитын студенттеріне арналған. Қостанай мен Целиноград қалаларында осы институттың жаңа оқу-консультациялық пункттері бар. Мұнда негізінен Қостанай, Целиноград, Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарының сырттан оқушы-өндірісшілері білім алады.

Үстіміздегі оқу жылынан бастап республиканың техникалық жоғары оқу орындарында машина жасау, металлургия, ет, сүт және жеңіл өнер-

кәсібі үшін, автомобиль транспорты, энергетика және қала құрылысы үшін инженер-экономистер даярлана бастады. Таяудағы жылдар ішінде халық шаруашылығына аталған мамандықтар бойынша инженер-экономистер даярлау мақсатында басқа мамандықта оқып жүрген студенттерден олардың қалауы бойынша жоғарғы курстар ұйымдастырылмақ.

Біздің техникалық жоғары оқу орындарымыз химия, кен-руда және тамақ өнеркәсібі үшін инженер-экономистер даярлауға шұғыл кірісті. Бұл салалар бойынша инженер-экономистерді Қазақтың және Қарағандының политехника институттары, Қазақтың химия-технология, Өскеменнің құрылыс-жол институттары, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің Жамбылдағы технология институты және оның Семей қаласындағы филиалы даярлайды. 1966 жылдан бастап Теміртаудағы завод-втузда экономистер даярлау жоспарланып отыр.

Жоғары оқу орындарының экономика мамандықтарына студенттер қабылдау жылдан жылға ұлғая түсуде. 1966 жылы тек Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне қарасты жоғары оқу орындарында осы мамандықтар бойынша 2 650 адам, яғни 1964 жылғымен салыстырғанда 1 050 адам артық қабылданады.

Маман экономистер даярлаумен қоса қазіргі уақытта біз министрлікке қарасты арнаулы орта оқу орындарында жоспарлаушылар мен бухгалтерлерді көптеп даярлау шараларын ойластырып отырмыз. Мәселен, 1965 жылы техникумдарда экономикалық он мамандық бойынша 2 580 адам қабылданып еді, ал бұған 1966 жылы жаңадан алты мамандық қосылады. Сөйтіп 1965 жылғыдан 1 500 адам артық қабылданғалы отыр.

Көп ұзамай кен-руда, жеңіл, тамақ және химия өнеркәсібінің кәсіпорындары үшін, сол сияқты су транспорты, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары үшін жоспарлаушылар даярлауға кірісеміз. Халық шаруашылығының әртүрлі салаларына бухгалтерлер даярлау да едәуір ұлғайтылады. Мысалы, біздің министрлікке қарасты жоғары оқу орындары алдағы оқу жылында бухгалтерлік мамандыққа 475 адам, ал техникумдар 2 130 адам қабылдайтын болады.

Бір қышжыларлық жәйт, халық шаруашылығының мамандарға зәрулігі ғылыми тұрғыдан дұрыс анықталмай келеді. Ал мұның өзі осы мұқтаждықты еске ала отырып маман кадрлар даярлауды ұйымдастыруға кедергі келтіретіні даусыз. Ендеше жана құрылған салалық министрліктер мамандар, әсіресе экономистер жөніндегі мұқтаждықты дұрыс көрсетуге елеулі маңыз беруге тиіс.

Институттар тәжірибелі профессор-оқытушы кадрлармен толықтырылды. Бұларда ғылым докторлары мен кандидаттары көп. Сондай-ақ кафедралар жоғары оқу орындарында сабақ беруге республиканың ірі кәсіпорындары мен ұйымдарының экономистерін қатыстырып отырады.

Қазақтың политехника институтындағы өндіріс экономикасы, ұйымдастыру және жоспарлау кафедрасының жаңынан 1962 жылы аспирантура ашылған еді. Қазір мұнда 5 аспирант оқиды. Олар кен өнеркәсібінің экономикасынан ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданып жүр.

Біз техникалық жоғары оқу орындарының экономика кафедралары оқытушыларының мамандығын көтеруге ерекше көңіл бөліп келеміз. Мысалы, 1962 жылы февральда және 1964 жылы мартта министрлік Қазақтың политехника институтында техникалық жоғары оқу орындарының экономика кафедралары оқытушыларының республикалық семинарын өткізді. Бұл семинарларда «Техникалық жоғары оқу орындарында салалық экономиканы оқытудың мазмұны мен әдісі», «Өндірісті ұйымдастыру және жоспарлау курсының оқытудың мазмұны мен әдісі», «Диплом және курс жұмыстарының жобаларын экономикалық жағынан негіздеу» жайында баяндамалар тыңдалып, талқыланды.

Қазақтың политехника институтының жанында жоғары оқу орындары аралық оқу-методика кабинеті жұмыс істейді. Қазір өндіріс экономикасы мен оны ұйымдастыру пәні оқытушыларының кезекті республикалық семинарын өткізуге даярлық жүріп жатыр.

Техникалық жоғары оқу орындарындағы экономика кафедраларының оқытушылары өндірісшілермен және ғылыми-зерттеу мекемелерімен тығыз ынтымақта. Мұның өзі олардың кафедрада оқитын лекцияларының сапасын арттыруына, кәсіпорындар мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің нақты бай материалдарын қорытып, талдауына, баспасөз бетінде мақалалар жариялап тұруына мүмкіндік береді.

Техникалық жоғары оқу орындарының жоғарғы курс студенттері қазір өндірістік практикада жүр. Осы практика олардың келешекте дербес жұмыс істеуге дағдылануы үшін өте-мөте пайдалы. Сондықтан студенттердің курс және диплом жұмыстары әдетте еліміздің және Қазақстанның кәсіпорындары мен құрылыстарында тәжірибеден өткен кезде жинаған нақты материалдары негізінде жазылады.

Студенттердің кейбір диплом жобалары кәсіпорындардың немесе құрылыстардың заказы бойынша жасалатынын айтқан жөн. Мысалы, Қарағанды политехника институтының кен факультетінің 24 диплом жобасы кен өндіру кәсіпорындарының заказы бойынша орындалды. Қазір диплом жобаларын қорғауды өндірістің өкілін қатыстыру арқылы институттарда немесе, керісінше, институт оқытушыларының қатысуымен тікелей өнеркәсіп орындарында өткізу тәртібі белгіленіп отыр.

Студенттердің кейбір диплом жобалары өндіріс үшін құнды болып жүр. Мұндай диплом жұмыстарының ұсыныстары мақұлданғаннан кейін-ақ дереу өндіріске енгізіледі. Инженер-құрылыс факультеттері студенттерінің ауыл шаруашылық құрылыстары үшін аса маңызды көптеген жаңалықтары тың аудандарындағы совхоздар мен колхоздарда пайдаға асты.

Маман кадрлар даярлау ісінде оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығарудың орны бөлек. Қазір техникалық мамандық алатын студенттерге арналған диплом жобаларын экономикалық жағынан негіздеу жөнінде методикалық нұсқаулардың коллективтік жинағы баспаға әзірленді. Сонымен қатар Қазақтың және Қарағандының политехника институттарындағы экономикалық кафедралардың оқытушылары күрделі қаржының экономикалық тиімділігін анықтау, жаңа техниканы енгізу жөнінде методикалық нұсқаулар құрастырды, оқу құралдарын жазды. «СССР көмір өнеркәсібінің экономикасы», «Қарағанды бассейнінің шахталарында көмір өндірудің техникалық процесінің есептері» және басқа курстар бойынша практикалық сабақтар өткізуге арналған оқу құралдары басылып шықты.

Сонымен қатар экономист кадрлар даярлау ісінде әлі де елеулі кемшіліктер бар екенін айтпасқа болмайды. Бұл кемшіліктерді тез арада жою, сөйтіп жас мамандардың экономикалық білім алуын жақсарту — біздің министрліктің, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының тікелей борышы.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі жас маман кадрларды халық шаруашылығын өрге бастыру күресіндегі өзінің сенімді тірегі деп біледі. Сондықтан біздің барлық күш-жігеріміз жоғары мектептер мен техникумдарда Отанымызға, халқымызға шын берілген, терең білімді, жоғары идеялы кадрлар тәрбиелеп шығаруға жұмсалмақ.

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ АБЫРОЙЛЫ БОРЫШЫ

Дүниеде бір-бірімен тығыз байланысты толып жатқан құбылыс бар. Күн мен түн, өмір мен табиғат, тірлік пен еңбек, бақыт пен қуаныш қандай егіз ұғым болса, адам баласы үшін В. И. Ленин есімі мен Коммунистік партия, социалистік қоғам сондай егіз. Партия және Октябрь, халық және коммунизм, ұлт саясаты және бейбіт өмір, бостандық және бақыт—осылардың бәр-бәрі Ленин есімімен құрыш болаттай қайнасқан ұғым. Бұл інжу маржандай асыл, жүрекке жылы да қасиетті сөздерді әрқашан да қастерлеп, көңіл күйін паш етіп, көтеріле айтамыз.

✓ Совет халқы, бүкіл дүние жүзінің прогресшіл адам баласы ХХ ғасырдың дүние жүзілік оқиғалары болып табылатын Ұлы Октябрь социалистік революциясының даңқты 50 жылдығы мен В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекелерін лайықты қарсы алу үшін әзірленуде.

✓ Осыған байланысты Қазақстан тарихшылары да Ұлы Октябрь және лениндік ұлт саясатының тамаша тарихын жазуда елеулі еңбек етуде. Бұл ретте көптеген облыстық, өлкелік партия ұйымдары конференцияларының стенографиялық есептерінің, Советтердің Торғай облыстық съезінің және Қазақ АССР-і Советтерінің I (Құрылтай) съезі протоколдарының жеке-жеке кітап болып жарыққа шыққанын атап айтуға тиіспіз.

Партияның ХХ съезі тарих ғылымының дамуына игі әсерін тигізді. Зерттеу жұмысының өрісі кеңейді. Соңғы жылдары «В. И. Ленин Орта Азия мен Қазақстан туралы», «Қазақстандағы 1905—1907 жылдардағы революциялық қозғалыс», «Қазақстандағы 1907—1914 жылдардағы жұмысшы және аграрлық қозғалыс», «Қазақстанда Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңіп шығуы», «Қазақстан Коммунистік партиясының документтері мен цифрлары» сияқты жинақтар жарияланды.

Сонымен бірге 1905—1907 жылдардағы революция, Октябрь революциясына дейінгі жұмысшы табының тарихы, азамат соғысы, коллективтендіру, Ұлы Отан соғысы кезеңі және басқа да келелі тақырыптар бірсыпыра монографиялық зерттеулерге арқау болды. Қазақстан тарихын зерттейтін екі томдық «Қазақ ССР тарихы», «Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очерктері» сияқты іргелі еңбектер шықты.

Алайда Ұлы Октябрь социалистік революциясы мен еліміздегі социализм жеңісінің тарихын зерттеу ісі жаңадан ғана қолға алынып отыр. Қазақстан Коммунистік партиясы қызметінің түрлі кезеңдерін, әсіресе индустрияландыру, коллективтендіру, мәдениет революциясы жолындағы күрестің, соғыстан кейінгі жиырма жылдың тарихын алатын болсақ, бұл мәселелер әзірге толық зерттелмей келеді.

Қазіргі кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының коллективі даңқты қос мерекеге тарту ретінде «Орта Азия партия ұйымдары тарихының очеркі» (1903—1904 жылдар), «Қазақстан лениндік жастар одағының тарихы», «Қазақстан Компартиясы тарихының тарихнамасы» сияқты монографиялар, «В. И. Ленин Қазақстан еңбекшілерінің жүрегінде», «Лениндік шақыру» сияқты жинақтар әзірлеу үстінде. Осыған байланысты қазір өзімізді ойландырып жүрген кейбір мәселелерге тоқталып өтуді жөн көреміз.

Қазақстан тарихын зерттеушілердің арасында екі ғасырдың түйіскен шенінде және XX ғасырдың бірінші ширегінде өлкеің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы екі түрлі пікір бар. Мәселен, тарих ғылымының докторы, Ленинград университетінің профессоры Г. Ю. Бурмистрова XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанды дамуы жағынан Қиыр Шығыстағы халықтармен қатар қойып, «Орта Азия, Сибирь, солтүстік халықтары ол кезде революциялық қозғалысқа тартылған жоқ еді» дейді. Ал енді Қазақстанды зерттеушілердің екінші бір тобы өлкеің дамуы, революциялық қозғалыстың барысы, оның қарқыны мен күлашы жағынан оны Орталық Россия аудандарымен қатар қоюға дейін барады. Біздіңше, осы пікірлердің екеуі де дұрыс емес. Қазіргі кезде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеу негізінде марксизм-ленинизм ілімінің қазақ даласында қалай дамығанын дұрыс көрсететін мезгіл әбден жетті.

Әдебиетімізде «Ұлы Октябрь қазақ ауылына соқпай кетті», ауыл «Октябрь тынысын сезген жоқ», «ауылда Октябрь болған емес» деген сияқты ұшқары пікірлер көпке дейін үстем болып келгені мәлім. Бұл жөнінде 1930 жылы Москвада шыққан «Қазақстандағы партия құрылысы» деген жинақтың 72, 83, 88, 125, 178, 224-беттерін қарауға болады. Атап айтқанда Ф. Голощекин сол жинаққа енген өзінің «Октябрь ауылда» деген мақаласында 1920 жылдан 1925 жылға дейін Октябрь «қазақ ауылына жеткен жоқ», «ауыл бұқарасы Октябрь революциясының мазмұны болатын істі көрген жоқ» деп жазды. Бұл қате пікірді 1962 жылы Москвада шыққан «Қазақ ауылын Советтендіру» атты монографияның авторы А. Кучкин одан әрі дамытуға, дәлелдеуге тырысты.

Қазақстан тарихшылары осындай түп негізінен қате концепцияға 30-жылдарда-ақ қарсы шыққанды (Л. Мирзоян, І. Қабылов, А. Лекерев т. б.). «Октябрь идеясы қазақ даласына найзаның ұшымен келді» деген буржуазиялық бұрмалаушыларға азық боларлық бұл теріс көзқарасқа түпкілікті және батыл тойтарыс беру үшін алдағы қос мереке алдында революцияға қатысқан қазақ еңбекшілерін, Лениннің жіберген шәкірттерінің революциялық ісін жан-жақты көрсету республика тарихшылары мен архив қызметкерлерінің ең абыройлы борышы деп білеміз.

Бұл үшін ең алдымен революция ардагерлерінің еңбектерін зерттеу керек. Тарихшылар мен архив қызметкерлері бұрын артта қалған еңбекшілердің қалың бұқарасына Советтердің соншалықты жақын әрі түсінікті болғанын, революциялық комитеттерде (ревком) қазақ еңбекшілері өкілдерінің таптық саясатты қалайша жүргізгенін нанымды етіп көрсететін документтерді одан әрі іздестіріп, бұл жайындағы олқылығымызды толтыра түссе нұр үстіне нұр болар еді.

Шынын айту керек, біз араб алфавитімен жазылған документтерді, алғашқы большевиктік газеттер мен бюллетеньдерді, үндеулерді әлі де болса дұрыс іздестіріп зерттей алмай жүрміз.

Сонымен қатар Октябрь революциясының Қазақстандағы тамаша жеңісін көрсететін тарихи шежірені жасауға жергілікті авторлар, тарихшылар, архив және музей қызметкерлері, азамат соғысының ардагерлері белсене ат салысып, ол жайындағы қолда бар материалдарды, ереуілдер мен демонстрациялардың статистикасын жинастырса қандай оңды болар еді. Бұл жерде әрбір бағалы тарихи деректің ескерусіз қалмауын көздеген жөн. Осыған орай айта кететін бір мәселе, әрбір аудан, әрбір облыс бойынша революциялық оқиғалардың шежіресін жасайтын уақыт әлдеқашан жеткен сияқты.

Оның бержағында республикамызда Октябрь революциясын баянды ету дәуіріндегі кәсіподақтардың, жастар ұйымының, солдат комитеттерінің, шаруа Советтерінің тарихын зерттеу ісінің мүлде қолға алыпбай келе жатқаны тіпті қынжыларлық нәрсе.

✓ Ал жастарға коммунистік тәрбие беру ісінде аға ұрпақтың ерен ерлік істері, завод пен фабрика тарихы жайлы әдебиеттердің маңызы ерекше екені аян. Амал не, біздің тарихшыларымыз, идеология майданының баска да қызметкерлері бұл жөнінде өз борыштарын әлі де айтарлықтай өтей алмай келеді. Елімізді коллективтендіру, индустрияландыру, жиырма бес мыңшылдар, саяси бөлімдер, алғашқы еңбек екпінділері, стахановшылар, тыл гвардияшылары, майдан бригадалары, Социалистік Еңбек Ерлері, Совет Одағының Батырлары, жетіжылдықтың данқты адамдары туралы әдебиет жоқтың қасы десек, тіпті де қателеспейміз.

Данқты қос мерекеге әзірліктің басты бір мәселесі — елімізде социализм орнату жолында жанын қиған, өмірін сарп еткен ерлер есімін кастерлеп, бүгінгі ұрпақты солардың игі дәстүрі рухында тәрбиелеу жұмысын өрістету. Ол үшін азаттық жолында қаза тапқан ерлерді есте сақтау, оларға ескерткіш орнату, кәсіпорындарды, мектептерді, пионер ұйымдарын, совхоздарды, колхоздарды олардың есімімен атау қажет деп білеміз. Біздің ойымызша, әрбір облыстан, ауданнан шыққан Отан соғысы батырлары жайында да осылай істеу керек. Сондай-ақ қазақ даласындағы колхоз құрылысы санлақтарының есімдерін де ұмытуға болмайды.

1957 жылға дейін Қостанай облысындағы бір аудан мен село баяғы патша заманында миссионерлік жүргізген Введенский деген поптың атымен аталып келгені мәлім. Сол сияқты солтүстік облыстардың кейбір аудандарында қазақ жерінде болған, бірақ революциялық күреске ешбір үлес қоспаған адамдардың есімдерімен аталып жүрген деревнялар әлі де аз емес. Осындай лайықсыз жайларды түзетуіміз қажет.

Қазақ халқынан шыққан тұңғыш социал-демократ Әділбек Майкөтөвтың туған жерінде бірде-бір елді мекеннің сол революционердің есімімен аталмағанын қалайша дұрыс деуге болады? Аманкелдімен, Таранмен үзеңгілес Қ. М. Иноземцев пен А. И. Мироновтың, акгвардияшылар мен алашорда жендеттерінің қолынан қаза тапқан осынау ардагерлердің есімдерін қалайша қастерлемейміз? Жау ордасын құлатып, жеңіс күнін жақындатқан қазақстандық 493 Совет Одағы Батырының көбі осы уақытқа дейін әдебиеттен лайықты орын алмай келеді. Қысқасы, Октябрь революциясы үшін, Советтік Отан үшін еңбек еткен ерлер есімі ешқашан да ұмытылмауы керек.


Партия тарихы институты Лениннің атына жіберілген документтерді, телеграммаларды, хаттарды, түрлі жиналыстардың шешімдерін, Ленин документтерінің таралуы, Ленин есіміндегі колхоз, совхоз, мектеп, қала, аудан жайлы деректерді, Ленинді көрген қазақстандықтардың естеліктерін мұқият жинауға кірісті. «Ленин Қазақстан еңбекшілерінің жүрегінде» атты жинаққа енгізілетін бұл документтерді жинау қазір кеңінен жүргізіліп жатыр. Бұл жерде ескертетін бір жай, Ленин есіміне байланысты документтерде, әсіресе естеліктерде ешқандай субъективтік көзқарасқа жол берілмеуі керек.

В. И. Ленин ескерткіштерінің қашан да болсын ұқыпты, сәнді болғаны бәрімізге мерейлі. Осы үлкен мерекеге арналған фото документтер көрмесін жасау үшін жергілікті орындар Москвадағы В. И. Ленин музейімен тікелей байланыс жасап, одан тиісті кеңес алғаны абзал. «Лениндік шақыру», «Біз В. И. Ленинді көрдік», «В. И. Ленин ескерткіштері» сияқты фотокөрмелер жасауға, Ленин юбилейіне, Ленин музейін құруға революция ветерандарын кең қатыстырған мақұл.

Партиямыздың алда болатын XXIII съезін бүкіл совет халқы лайықты табыстармен қарсы алу үшін күресуде. Бұған республика тарихшылары мен архив қызметкерлерінің қосар үлесі де қомақты болуға тиіс.

М. ҚОЗЫБАЕВ,

тарих ғылымының кандидаты.



Мастер — өндірісті ұйымдастырушы әрі тәрбиеші

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдеріне сәйкес СССР Министрлер Советі социалистік мемлекеттік өндіріс кәсіпорны туралы ереже қабылдады. Мұның өзі кәсіпорынның праволарын ұлғайту, социалистік индустрия қызметкерлерінің ынта-жігері мен жауапкершілігін арттыру мақсатын көздейді, өндірісті басқаруға еңбекшілердің қалың бұқарасын кеңінен қатыстыру үшін, өндірістің тиімді жүргізілуіне әрбір коллективті барынша мүдделі ету үшін экономикалық негіздер жасайды.

Міне осының бәрі өнеркәсіп, құрылыс, транспорт орындары коллективтерінің бұрын-соңды болмаған саяси және еңбек өрлеуін туғызды. Бүкіл еліміз, бүкіл партия осы өрлеу үстінде КПСС XXIII съезін лайықты қарсы алу үшін қызу әзірленуде.

Съезд құрметіндегі социалистік жарыс біздің Теміртау металлургтерін де кеңінен қамтыды. Екпінді вахтаға тұрған бригадалар, сменалар, тұтас кәсіпорындар күн сайын жаңа табыстарға жетуде. Қазақ және Қарағанды металлургия заводтарының, № 1 Қарағанды ГРЭС-нің коллективтері жетіжылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындады. 1965 жылы қала өнеркәсіп орындарының коллективтері жоспардан тыс 9 миллиондай сомның өнімін берді. Өнеркәсіп өнімін шығару жөніндегі жоспар 104 процент орындалды.

Еңбек коллективтерінің бұл тамаша табыстарында өндірістің кіші командирлері — мастерлердің елеулі үлесі бар. Мастер — өндірістегі негізгі тұлға. Ол, жұмысшылардың тілімен айтқанда, кемеңгі капитаны іспетті. Мастер қай дәрежеде басқарса, ұйымдастырса, жұмыс нәтижесі де сол дәрежеде болмақ. Әрбір бригаданың, сменаның, учаскенің, цехтың, демек, бүкіл кәсіпорынның өндірістік көрсеткіші көбінесе мастердің білімі мен мамандық шеберлігіне, тәжірибесіне, адамдармен жұмыс істей білуіне байланысты.

Қазір, КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы кәсіпорын коллективтерінің праволарын ұлғайтып, адам тәрбиесін бірінші кезекке қойып отырған кезде, мастерлердің ролі бұрынғыдан да арта түседі. Партия өндірістің бұл жан ашыр ұйымдастырушыларының абыройы мен беделін көтере түсуге, олардың идеялық білімі мен мамандығын жетілдіруге күнбе-күн қамқорлық жасап келеді.

Біздің Теміртаудың өнеркәсібі мен құрылыс орындарында екі мыңға жуық мастерлер, смена бастықтары, прорабтар істейді. Олардың тең жарымынан астамының жоғары және орта дәрежелі техникалық білімдері бар. Нағыз талапты, жаңашыл ұйымдастырушылар, техникалық прогрестің белсенді жан ашырлары да солардың ішінде. Өздеріне жүктелген міндетті жан-жүрегімен ұғынған озат ойлы мастерлер өндірістік табыстарды ұйымдастырумен қатар коллективте жаңа қатынастардың қалыптасуына ықпал етуде, адамдарды коммунистік мораль рухында тәрбиелеуде.

Қазақ металлургия заводында мартен цехының аға мастери Федор Ильич Ващенконың есімі жұрттың бәріне жақсы таныс. Оның учаскесі

жоғары еңбек өнімділігімен ғана емес, өндірісті мәдениетті ұйымдастырумен, ынтымақшыл, тату коллективтің құрыштай бірлігімен аты шыққан. Ващенко жолдас кеше ғана училище бітірген жастарды, әскерден қайтқан солдаттарды болат балқытушы мамандығына үйретті. Олардың бойына еңбекті, өз мамандығын, өз заводын сүю, аға ұрпақтың ізгі дәстүрлерін қастерлеу, үнемі алға, жаңаға ұмтылу, тынбай іздену қасиеттерін екті.

Федор Ильичтің шәкірттері барлық істе өз ұстазына еліктеп, сондай болуға тырысады, өздерін толғандырған қандай мәселе жөнінде болса да онымен ақылдасып, сырласып отырады. Соған орай Ващенконың өзі де әрбір шәкіртінің жан дүниесін, нені жақсы көретінін, неге бейім екенін, қабілетін бес саусағындай біледі. Сондықтан да ол әрқашан ақыл-кенес беріп, жастарды дұрыс жолға нұсқайды, жақсы іске ынтасын оятып, табысқа құлшындырып отырады. Жастар қашан, қандай шаруамен келсе де, Федор Ильичтен «қолым тимейді» деген сөз естімейді. Ол жастар жатақханасында болуға да, қайсыбір жұмысшының үйіне барып, от басының мәселесін реттесуге де, қажет болған жерде қолғабыс етіп, көмектесуге де уақыт табады.

Озат мастер өз ісін шебер меңгергенін қанағат тұтпай, техникалық білімін көтеруге ұдайы көңіл бөледі. Ол кешкі орта мектепті бітіріп, қазір техникалық жоғары оқу орнының екінші курсына оқып жүр.

Осы заводтағы М. Чернояров, С. Федоров, Г. Шиллер, В. Прищепный, С. Эубәкіров, Қарағанды металлургия заводынан Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, қалалық партия комитетінің мүшесі К. Герашенко, С. Казанский, Б. Хлебников, А. Новиков, А. Локрин жолдас-тардың, Қарағанды ГРЭС-інен И. Беляков, М. Гусик, Ф. Шутов, құю-механикалық заводынан Э. Гинц, И. Иржев, В. Вольтер, құрылысшылардан А. Ильиных, В. Ковтун, Г. Ковалев, А. Ермаков, Ю. Криволапов, Б. Галинский және басқа ондаған, жүздеген мастерлер, прорабтар жөнінде осындай жылы пікір айтуға болады.

Мұндай шебер ұйымдастырушы, ақылшы ұстаз деген құрметке ие болған мастерлер жергілікті өнеркәсіп, транспорт орындарында да көп-ақ.

Социалистік өндіріс іскер басшылықты, шебер ұйымдастыруды, қатаң тәртіпті талап етеді. Ол еңбектің, техниканың, ғылымның тығыз байланысқан, ақылмен ұйымдасқан тұтас комплексі іспетті. Ондай күрделі механизмнің жүрісі біркелкі, тиянақты, тиімді болуы үшін оның әрбір буынын — учаскені, сменаны, бригаданы өз ісіне әбден жетілген, қабілетті адамдар басқаруға тиіс. Осыған байланысты біздің мастерлерге — өндірістің ең бірінші буынының жетекшілеріне қойылатын талаптың мейлінше жоғары болатыны әбден түсінікті.

Теміртау кәсіпорындары мен құрылыстарының көпшілігінде партия ұйымдары мен шаруашылық басшылары мастерлерді іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу міндетінің маңызын дұрыс бағалайды. Әдетте бұл қызметке инженерлер мен техниктер немесе өндірістен қол үзбей-ақ институтта яки техникумда оқып жүрген практиктер тағайындалады. Мысалы, Қарағанды синтетикалық каучук заводындағы 233 мастердің 178-нің арнаулы білімі бар, 33-і мастерлер мектебінде, техникумдарда, институттарда оқиды.

Өнеркәсіп үздіксіз әрі тез өрге басып келе жатқан қазіргі жағдайда мастер жақсы техник әрі экономист болуға, өндіріс саласындағы жаңалықтарды, озат тәжірибені дер кезінде біліп, үйреніп, оны өз бригадасында, учаскесінде дереу қолданып отыратын болуға тиіс. Тиянақты білімі, мол тәжірибесі, өзінің техникалық ой-өрісін үнемі кеңейтіп отыруға ықылас-ынтасы бар маман ғана осындай міндеттің дәрежесінде тұрмақ. Демек, мастерлер үшін білім мен мамандықты үзбей жетілдіру

ауадай қажет. Бірақ қыжыларлық бір нәрсе, бізде осы шындықты жиі ұмытатындар бар әлі.

Қаланың кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарындағы мастерлердің 50 процентке жуығы өншен практиктер. Олардың көпшілігінің тиісті білімі жоқ және еш жерде оқымайды. Ал соның бержағында көптеген техниктер өз мамандығына пайдаланылмай жүр.

Қазақ металлургия зауытында 104 мастер мен смена бастырының 64-і практиктер. Ал жоғары және орта дәрежелі техникалық білімі бар 38 маман жұмысшының міндетін атқарып жүр. Қарағанды металлургия зауытында 337 мастердің 141-і практиктер және 71-і еш жерде оқымайды.

Біз практик мастерлерді жоғары бағалаймыз. Бірақ олар өздерінің саяси-идеялық дәрежесі мен мамандығын үздіксіз жетілдіріп, өз коллективін табысқа жеткізу үшін ерінбей ізденіп, ілгері ұмтылып отырса ғана көрсетілген зор сенімнің биігінде болмақ. Бұл үшін барлық жағдай жасалып отыр. Қалада завод ретіндегі жоғары техникалық оқу орны, техникумдар, мастерлер мектебі, кешкі мектептер бар.

Көптеген мастерлер осы мүмкіндіктерді пайдаланып та жүр. Мысалы, Қазақ металлургия зауытындағы мартен цехының аға мастери Қаратай Рузаев арнаулы білімі болмаса да бірсыпыра уақыт инженер қызметін атқарып жүрді. Бірақ Рузаев тиісті даярлықсыз коллективті басқару оңай емес екенін жақсы түсінді. Сөйтіп ол өндірістен қол үзбей-ақ әуелі жұмысшы жастардың кешкі мектебін, кейіннен Москва болат институтын бітірді. Немесе смена бастығы Н. Масловты алыңыз. Ол қатардағы прокатчиктен смена бастығына дейін көтерілді. Қазір Қарағанды политехника институтының бесінші курсына оқып жүр. Мұндай мастерлер қадір тұтып құрметтеуге әбден лайық.

Өндіріске жаңа техника мен озат технологияны енгізу мәселесінде де мастерлердің ролі күшті. Біздің көптеген мастерлеріміз жаңаның жаршысы, қолдаушысы, инициаторы ретінде көзге түсіп жүр. Қарағанды синтетикалық каучук зауытында өткен жылдың үш тоқсанының өзінде жаңа техниканы енгізуден 951 мың сом қаржы үнемделді. Бұл — жоспардағыдан 300 мың сомдай артық. Мастерлер Луконин, Димов, Прохорченко жолдастардың тікелей қатысуымен товарлы каучукты тасу, қоймаға жинау, темір жол вагондарына тиеу жұмыстары толық механикаландырылды. Сынапсыз катализатормен ацетальдегид алу жөнінде мастерлер О. Пономарев, И. Ильченко, Е. Антонов жолдастардың қатысуымен игерілген жаңа әдісті еліміздің басқа да техникалық зауыттары айдағыдай қолдануда.

Дегенмен кейбір кәсіпорындарда мастерлердің жаңашылдар қозғалысын өрістетудегі ролін көтеруге жеткілікті қамқорлық жасалмай жүргенін жасыруға болмайды. Бұл жөнінде 1965 жылдың ноябрь айында кәсіпорындарда өткен мастерлер жиналыстарында завод басшылары мен цех жетекшілерінің атына орынды сын ескертпелер айтылды. Мысалы, Қарағанды металлургия зауытының фасонды-күю цехы мен кокс-химия өндірісінің мастерлері жаңашыл ұсыныстарды енгізуге цех басшыларының көмектеспейтінін, тіпті бұған тосқауылдар жасайтынын, керекті материалдармен қамтамасыз етпейтінін ашық та әділ сынады. Осындай кедергілердің салдарынан жыл сайын жүздеген жаңашыл ұсыныстар өндіріске енгізілмей, келесі жылға қалдырылып жүр. Сондай-ақ шаруашылық басшылары озат мастерлердің тәжірибесін зерттеп, қорытып, тарату ісіне де самарқау қарап келеді.

Біз мастерлердің бұл сын ескертпелеріне толығымен қосыламыз және одан өнеркәсіп, құрылыс орындарының басшылары мен жетекші мамандары тиісті қорытынды шығарар деп ойлаймыз.

Қазіргі кезеңде өндіріс мастерінің тәрбиешілік, ұстаздық ролі өлшеусіз артып отыр. Өндірістік жоспарлардың орындалуы, сайып келген-

де, жұмысшыларға, солардың көңіл-күйіне, ынта-ықпалына, іскерлігіне, белсенділігіне байланысты. Олай болса мастер әрбір жұмысшының жүрегіне жол тауып, оның белсенділігін көтеретін «басты пернесін» дәл таба білуге тиіс. Жұртты басқарғанда жалаң әкімшілікке салынбай, ақылмен басқару керек. Әсіресе өмір есігін жана ашқан жас жұмысшының аяқтанып, нық басып кетуіне шын ұстаздық қамқорлық жасаған мақұл. Қит етсе ұрсып, айқай салып, кісіні намысқа тиетін сөздермен жабірлеу мастердің қай-қайсысына болса да лайықсыз нәрсе.

Адамның басының жеке өнегесі басқаға ықпал етудің ең күшті құралы екені қашаннан белгілі. Сондықтан жастарды жақсы тәрбиелеймін деген мастер ең алдымен өзінің жүріс-тұрысына, мінез-құлқына мейлінше жауапты карап, барлық істе адалдық пен шыншылдықтың, еңбек сүйгіштіктің, жолдастық қарым-қатынастың үлгісін көрсетуге тиіс.

Жас жұмысшы өндірісте өмір мектебінен өтеді, коммунизм құрылысшысы ретінде оның дүниеге көзқарасы, мінезі, адамгершілік қарым-қатынасы қалыптасады, шыңдалады. Бұл процесте мастердің алар орны ерекше. Сондықтан мастерлерді тәрбиелеу, олардың іскерлік және идеялық даярлығын үздіксіз жетілдіре беру партиялық жұмыстың маңызды саласы болып табылады.

Көптеген кәсіпорындардың партия ұйымдары, шаруашылық басшылары бұл мәселеге тиісінше көңіл бөліп, қамқорлық жасап отырады. Мастерлердің ролін көтеру ісі Қазақ металлургия заводының партия ұйымында (секретары А. Анохин жолдас) жақсы жолға қойылған. Мұнда мастерлерге арналған кештер, кездесулер жиі ұйымдастырылып тұрады. Өткен жылдың соңғы айларында «Басшы — коллектив тәрбиешісі» деген тақырыппен цехтарда өткен партия жиналыстарында мастерге елеулі орын берілді.

Завод партия комитеті өз мәжілістерінде жеке мастерлердің есебін тыңдап отырады. Әр тоқсан сайын «Мастер күні» өткізіледі. Онда мастерлер жаңа техникамен танысады, учаскелер мен бригадалардың экономикалық жайын талқылайды, өндірістік және тәрбие жұмысын жақсы ұйымдастыру жөнінде пікірлерін ортаға салып, тәжірибе алмасады.

Завод әкімшілігі мастерді тағайындау немесе орнынан алу мәселесін парткоммен ақылдасып шешеді. Кәсіпорын басшылары, цех жетекшілері мастерлермен жиі кездесіп, олардың ақыл-кеңесін, сын ескертпелерін тыңдап отырады. Сондай-ақ инженер-техник қызметкерлердің жиналыстарында да мастердің ролін арттыру мәселесі жиі сөз болады. Ай сайын цехтарда және завод бойынша өнім сапасы жайлы кеңестер өткізіліп, онда мастерлердің хабары тыңдалады.

Мастерлерді тәрбиелеуде синтетикалық каучук заводының партия ұйымы да (секретары Б. Ланевский жолдас) көп жұмыс істеді. Завод парткомы 1965 жылы инженер-техник қызметкерлердің, мастерлердің мамандығын көтеру үшін арнаулы университет ұйымдастырды. Оның программасы саяси, экономикалық, техникалық білімдердің тұтас комплексін қамтиды. Сондай-ақ мұнда үгіт-насихат жұмысына қатысатын мастерлерге арнап семинарлар өткізіліп тұрады. Заводта демалыс кештері, әдеби және техникалық конференциялар дәстүрге айналған.

Дегенмен өндірістің кіші командирлеріне қамқорлық әлі де жеткілікті дей алмаймыз. Соңғы кездері Қарағанды металлургия заводының, «Казметаллургстрой», «Металлургжилстрой» трестерінің партия ұйымдары мастердің өндірістегі ролін көтеру жайлы бірде-бір мәселе қараған жоқ. Мастерлердің өндірісті ұйымдастыру және адамдарды тәрбиелеу жөніндегі есебін тыңдау, кемшіліктерін сынап, ақыл-кеңес айту әдісі де кең пайдаланылмай жүр. Партия ұйымдары өте-мөте үздік мастерлердің тәжірибесін жинақтап қорыту, тарату, оларға арнап семинарлар, курстар ұйымдастыру жұмысына аз көңіл бөледі. Кей жерлер-

де жас мамандарды баулып, батыл жоғарылатып отыру мәселесі партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының назарынан тыс қалған.

Жуырда Теміртау қалалық партия комитеті «Мастердің өндірістегі ролін көтеру туралы» арнайы мәселе қарады. Пленумда сөйлеген жолдастардың бәрі де кәсіпорындар мен құрылыс басшылары, инженерлер, мастерлер, прорабтар, партия қызметкерлері жұмысшылар коллективінде мастердің орны ерекше екенін атап көрсетіп, олардың жұмысын жақсартуға бағытталған нақты ұсыныстар жасады. Қаланың өнеркәсіп, құрылыс орындарында мастерлердің өз міндетімен шұғылдануына мүмкіндік бермей, қосалқы жұмыстарға жегіп қоятыны жөнінде көптеген фактілер келтірілді. Кей жерлерде еңбектің нашар ұйымдастырылуынан мастер тікелей өндірісті ұйымдастыру орнына әртүрлі кеңсе қызметімен, шаруашылық істермен әуреленуге мәжбүр болады. Бірсыпыра кәсіпорындар мен құрылыстарда жүргізілген тексеру мастерлердің қызмет уақытының шамамен үштен бірі, кейде одан да көбі нарядтар, табельдер толтыруға, материалдар әкелуге, жиналыстар мен кеңестерге қатысуға кететінін анықтады. Осыдан соң олардың жаңа техника мен озат технологияны енгізу, жабдықтарды тиімді пайдалану, техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету істерімен шұғылдануға уақыттары қалай жетсін!

Кәсіпорын басшылары, партия ұйымдары мастерлердің ролін көтерумен бірге, олардың жан-жақты өсіп жетілуіне шынайы қамқорлық жасауға борышты. Мастерлер де көп жағдайда жолдастық ақыл-кеңесті, шешіліп сөйлескенді керек етеді. Жақсы мастерлерді үнемі қолдап, көтермелеп отыру, олардың тәжірибесін қадір тұтып, әділ бағалау жалпы тәрбие жұмысын жақсартуға игі әсер ететінін ұмытпаған жөн.

Көптеген кәсіпорындар мен құрылыстарда «Мастер күні» өткізілмейді. Ал мұның өзі қажет екені былай тұрсын, міндетті болуға тиіс деп ойлаймыз. Сондай-ақ, Қарағанды металлургия заводында қолданылып жүргеніндей, «Мастер кітапшасын» енгізген мақұл. Бұл өзінше бір қалтада жүретін анықтама іспетті. Оны күнбе-күн пайдаланған мастер өз учаскесінің (сменасының) жұмысына техникалық-экономикалық терең талдау жасап, нақты жағдайды бес саусағындай біліп отыра алады.

Біздің ойымызша, барлық өнеркәсіп орындары мен құрылыс ұйымдарында мастерлер советін құрып, оның праволары мен міндеттері туралы ереже шығару қажет сияқты. Сондай-ақ мастердің экономикалық анықтамасын шығаруды ойластырған да жөн. Әрбір цехқа, учаскеге шаруашылық есеп енгізіп, мастерлердің жауапкершілігін мейлінше арттыру керек. Мастерлердің, барлық инженер-техник қызметкерлердің экономикалық оқуын тыңғылықты ұйымдастыратын мезгіл жетті. Өндіріс мастерлерін дұрыс іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу мәселесі партия ұйымдарының ұдайы назарында болуға тиіс.

Бұл күндері бүкіл еліміз үлкен ізденіс, қызу еңбек шабыты үстінде. КПСС XXII съезінің тарихи шешімдерін басшылыққа алған совет халқы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын ойдағыдай жасап жатыр. Біздің даңқты еңбеккерлеріміз уақыттан озып, партия белгілеген нысанаға тезірек жету үшін, өнім шығаруды еселеп арттырып, оның өзіндік құнын кеміту, сапасын жақсарту үшін күресуде. Өндіріс мастерлерінің ролі мен жауапкершілігін мейлінше арттыру осы ұлы міндеттердің ойдағыдай орындалуына мықтап көмектеседі.

Т. БЕКЕНОВ,

Қазақстан КП Теміртау қалалық
комитетінің бірінші секретары.

Атеистердің игі істері

Республикамыздың ескі қалаларында әртүрлі архитектуралық ескерткіштер бар. Соның бірі — Түркстан қаласындағы «Қожа Ахмет Ясауидің» бейіті. Қаланың аласа үйлері арасында ғасырлар бойы ерекше көрініп, көкпен тілдесіп тұрған бұл заңғар ескерткіш қазірде Түркстандағы еңселі үйлердің бірі.

Ескі заманда халық шеберлерінің қолынан шыққан бұл ескерткіш қазір мемлекет қамқорлығына алынған. Тозып, құлаған жерлері жөнделіп қалпына келтірілген. Оның көп бөлмелерінің бірінде қала жастары үшін кітапхана ұйымдастырылған. Сөйтіп бағзы заманнан бері діндарлар өз пайдасы үшін пайдаланып келген сәулет өнерінің бұл ескерткіші еңбекшілердің немденуіне берілген. Қала партия ұйымдары осы атақты ескерткішті енді атеистік насихат үшін кеңінен пайдалануда. Бүгінде кене Түркстан құлашын кең жайып, жанарып, жасарып барады. Соңғы кездерде салынып жатқан жаңа құрылыстар көп-ақ мұнда. Қала келешегін сөз еткен аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ұ. Бейсенбаев жолдас қарт «Ясауиге» көз қырын сала тұрып:

— Бұл көне заман ескерткішін, халық шеберлігінің үздік үлгісін атеистік музейге айналдырсақ деген ойымыз бар, — дейді. Сөйтіп кейбір дінге сенетіндердің соңғы кезге дейін «киелі орын» деп табынатын қарт «Ясауиді» енді діни наным, сәуегейлік атаулыға қарсы күресетін ғылыми сұралыққа айналмақ.

Қазірдің өзінде-ақ аудан атеистері бұл үйді кейбір дінді уағыздаушылардың халықты алдап-арбайтын өсектеріне қарсы насихат үшін пайдаланып та келеді.

Бірен-саран болса да әлі де кездесіп қалатын діндарлар «киелі жердің қасиетті топырағы» деп Ясауи манына үйілген құрылыс құмын жасырын түрде тасып ала бастаған. Тіпті олардың біреуі бір қалта құмды алыстағы ауылға апарып дінге нанушыларға сатқан да. Әрине, мұндай сорақы жайлардың күлкі туғызатыны белгілі-ақ. Әйтсе де кейбір дінді уағыздаушы «дүмшелердің» мұны жасап жүргені де анық.

Мұндай жағдайда ғылыми-атеистік насихатты кең өрістетудің маңызы ерекше. Аудан партия ұйымдарының бұл бағытта атқарып отырған біраз елеулі жұмыстары да баршылық. Аудандық партия комитеті жоғары білімді, жұрт арасында жұмыс істей алатын, тәжірибелі атеистерді іріктеп алуға үнемі көңіл бөліп келеді. Қазірдің өзінде-ақ ауданда жұрт құрметіне ие болған И. Алтынбеков, О. Достанов, Б. Пәрпиев, И. Портнов тәрізді көптеген лектор-атеистер бар.

Тәжірибелі лектор И. Алтынбековтың мағыналы атеистік лекциялары ауданның Балтакөл, Көктөбе, Қызылшаруа сияқты көптеген елді пункттерінің тұрғындары зор ықыласпен тындап жүр. Ол өз әңгімелерінде құдайы беру, пітір жинау, ораза ұстау сияқты діни салттардың зиянды екенін нанымды түрде түсіндіріп келеді. Жуырда ол Түркстан мақта заводы жұмысшыларының арасында болып, атеистік тақырыпта қызық әңгіме өткізді. Оған Ю. Сұлтанмұратов бастаған қабылдау пунктінің жұмысшылары түгел қатысып, әңгімеге аса риза болды.

И. Алтынбеков тек атеист-насихатшы ғана емес, сонымен бірге тәрбиеші-ұстаз, жан ашыр жолдас та.

Өмірде қанша қиын белестер кездеседі десеңізші. Сондай бір жәйіт жас жігіт Асан Абыдиновтың басына да түсті. Оның жастығын пайдаланған дін иелері Асанды өз дегендеріне икемдей бастады. «Сенің әкен баяғыда молда болған» деген өтірік желеумен оны діни әдет-ғұрыптар-

ға бой ұсындыра берген. Ақыр соңында олар жас жігітті өз уыстарына түсірген.

Арада біраз уақыт өтеді. Осы шақта адасқан жас жігітке көмекке келген кісілердің бірі коммунист И. Алтынбеков еді. Ол бірте-бірте Асанды діндарлардың торынан босатты. Жас жігіттің дін қағидаларымен уланған санасын сауықтырып, оның көкірегіне білім нәрін құя бастады. Сөйтіп оның дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастырды. Ақырында не болды? — дейсіздер ғой. Қамқор аға, білімді атеистің ерінбей-жалықпай айтқан түсінігінен, ақыл-кеңесінен кейін Абыдинов діннен безін, еңбекке араласты.

Адам санасындағы діни нанымдарды жою өте күрделі де қиын жұмыс. Сондықтан да атеистік насихатты, жалпы дін атаулыға қарсы күресті аса білгірлікпен, сақтықпен жүргізген абзал. Коммунистік моральға жат, дін көріністеріне төзбеу, діни әдет-ғұрыпты дәріптеушілерге қарсы бітіспес күрес жариялау — партия ұйымдары жүргізетін идеологиялық жұмыстың негізгі саласының бірі.

Ғылыми-атеистік насихат жұмысын кең өрістетіп жүргізуде аудан партия ұйымдары ең алдымен ауыл-село интеллигенттеріне, жоғары білімді мамандарға арқа сүйеуде. Бірақ өзінің осындай ардақты борышын атқару орнына діни салт-сананың жетегінде кететіндер де кездесіп қалып жүр. Мысалы, осы Түркстан ауданындағы басшы қызметкердің бірі П. Құрбанбаев шешесі қайтыс болғанда, діндарлардың шылауынан шыға алмай, олардың көңілін жыға алмай, жаназа-намаз шығартуға келісім берген. Әрине, мұндай қылық саналы адамға ешбір лайық емес екені белгілі. Сондықтан да ол тиісті жазасын тартты да. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин Коммунистік партия санасыздыққа, қаранғылыққа, әсіресе діни нанымдар сияқты қара түнек надандыққа немқұрайды қарай алмайды деп көрсеткен болатын. Сондықтан да әрбір партия мүшесінің дінге қарсы жүргізетін идеялық күресі оның жеке басының емес, жалпы партияның мүддесін көздейтін күрес болып табылады.

Діни шырмауларға қарсы батыл күресе отырып, аудан атеистері совет адамдарының тұрмысында орын ала бастаған жана салт-дәстүрді, жақсы әдет-ғұрыптарды насихаттауға ерекше көңіл бөлуде.

...Чапаев атындағы колхоздың клубы лық толы. Бурыл сақалды қарттар да, егде тартқан әйелдер де, гүлдей жайнаған жастар да бар мұнда. Жаңа ғана мақта теруден қайтқан қыздар мен келіншектер де бір шеттен орын алған. Жарасты әзіл, көңілді күлкіге толы зал.

Бір уақытта зал іші құлаққа ұрған танадай тым-тырыс бола қалды. Жәй жылжып шымылдық ашылды. Жұрт назары сахнаға ауды. Басына дағарадай сәлде ораған, өңі кукыл тартқан, селдір сақалды молда ернін жыбырлатып бірдене оқып, мүлгіп отыр. Ол анда-санда қанталаған ала көзінің астымен шай жасап жүрген жас Гүлсімге қарап қояды.

— Алланың әмірі күшті, — дейді молда маңызданып, дастарқан басында отырған қыздың әкесін үрейлендіре сөйлеп, — бір кәләм айтамын, сол айтқанымға шәк келтірмей орындаймын деп қолыңа құран ұста, ей алланың құлы, зәуде сөзден тайсаң, күпір боласың.

Тосын сұраққа жауап бере алмай қалған, дінге сенгіш үй иесі «жарайды» деп басын изей береді. Одан әрі молданың Гүлсімді бір маскүнемге зорлап беру жөніндегі сұмдық ойы ашық байқалады. Ол үшін молданың пара алғандығы әшкереленеді. Басы саудаға түскен жас Гүлсім тек мейірімді ана құшағынан ғана пана табады. Ауыл жастарының көмегімен ана өзінің сүйікті қызын молда мен парақордың тырнағынан құтқарып алады.

Түркстан халық театры қойған, жергілікті атеист автор Орынбай Досстановтың «Гүлсім» атты бұл пьесасы колхоз-совхоз театрларының сахналарында үзбей қойылып келеді. Пьеса авторы мен рольдерді орын-

даушылар көрушілердің алғысына бөленуде. Осы пьесаның Чапаев атындағы колхозда қойылуы село еңбеккерлері үшін есте қаларлықтай мәдени оқиға болды.

Колхозшылардың мәдениетті демалып, өз бетімен білім көтеретін орындарының бірі осындағы кітапхана. Бір жағынан ол селодағы атеистік насихаттың орталығына айналған. Кітапханашы қарт коммунист Б. Пәрпиев жолдас әдебиеттерді іріктеуге, жаңа шыққан кітаптармен оқушыларды таныстырып отыруға ерекше көңіл бөледі. Ол әсіресе атеистер бұрышын үлкен іскерлікпен ұйымдастырған. Бұрыштан атеистер өздеріне қажетті әдебиеттерді, газет қиындыларын әркезде таба алады. Жуырда оқушылардың қатысуымен кітапхана советінің мәжілісі болып, онда атеистік насихатты жүргізудің биылғы жоспары талқыланды, осы тақырыпта оқылған кітаптар жөнінде пікірлер алысылды. Мәжілісте озат колхозшылар Азат Мехманова, Алтын Оспанова, Заид Бабажановтар сөз сөйлеп, ойларын ортаға салды.

— Жасыратыны жоқ, мұндай пайдалы кездесулер әзірше сирек өтуде, — дейді облыстық мәдениет басқармасының бастығы К. Сәрсенбаев, өзі басқаратын мәдени мекемелердің жұмысын сөз ете келіп, — мұндай игілікті істерге кей жерлерде ескіліктің қалдықтары мен дін шырмаулары бөгет жасауда. Әсіресе кейбір қазақ қыздары мен келіншектері жөнінде осыны айтуға болады. Ал Түркстан аудандық партия комитеті әйелдер арасындағы тәлім-тәрбие жұмысын әлі де тиісті дәрежеге көтере алмай келеді. Бұл мәселе облыстық партия комитетінің пленумында да сөз болды.

Оңтүстік өңірінде озат еңбеккерлер, асқан өнерпаздар, сүйсінерлік игі істер көп-ақ. Тек осындай қуаныш пен сүйініштің, жаңалық нышандарының ортасында етекпен тартатын ескіліктің батыл аласталмай келе жатқанына налісын.

...Демалыс күні. Құйбышев атындағы совхоздың клубы мерекедегідей безендірілген. Үкісі бұлаңдаған құндыз бөрікті қыздар мен әсем киінген келіншектер қос етекте ақ жібек көйлектері көлендеп клубқа жиналуда. Кіршіксіз ақ жағаға мақпалдай қара галстук таққан сыпайы жас жігіттер де көп мұнда. Сырт қарағанда оларды алыс отарлардан келген шопандар деп ойламайсыз. Бұлшық етті, шымыр жастар лыпылып етіп «қазақша күреске» дайын жүр. «Қыз қуу» ойынына әзірленген күміс өмілдірікті жарау жүйріктер белдеуде байлаулы.

Сән түзеген совхоз үйлерінің ішінде бесеуі алыстан ерекше көз тартады. Олардың әрқайсысының қабырғасына «Адам адамға дос, жолдас, бауыр» деген сөздер жазылған.

Осы ұлы принциптер рухында тәрбиеленген совхоз коллективі өзінің әрбір мүшесінің өміріндегі елеулі оқиғаны ескерусіз қалдырмайды. Қайғыға ортақ, қуанышқа тілектес болып келеді. Ал бүгінгі салтанат совхоздың озат звеношысы Сыздық Мақұлбековтың үйлену тойына арналған. Жаңаша «жар-жар» айту үстінде жас жұбайларға неке туралы куәлік тапсырудан басталған той халқымыздың ең жарқын, өнегелі тұрмыстық дәстүрлерін әдемі де қызықты орындаумен тынды.

Діни нанымның тотығынан тазартылған, келін түсірудегі жаңа дәстүр селоны көркейтіп жібергендей.

— Менің байқауымша, бұл той басқалар үшін де өнегелі іс болды, — дейді озат малшы Төлеген Бегалиев қарт. Жиналған жұрт қарт сөзін қызу қостады. Себебі, ол сөзімен де, ісімен де өзгеге үлгі.

— Комсомолдық құдалықты қадірлі ақсақал колдаса, жастар бұл жаңа салтты дамыта беруге дайын, — деді сөз арасында аудандық комсомол комитетінен келген Қ. Бейсенбаева.

Халықтық дәстүрлерге жаңа мазмұн, әр беріп, оларды замандастарымыздың өскелең рухани дәрежесіне сай пайдаланудың атеистік тәрбие жұмысында үлкен маңызы бар. Дінді уағыздаушылар халық дәстүр-

леріне діни сипат бере отырып, мұны өз мүдделері үшін пайдалануды көздейді. Ал атеистер халықтың жақсы дәстүрлерін сол шырмаудан аршып алуға тиіс. Бұл істе олардың қолы жеткен табыстары да бар. Куйбышев атындағы совхоздағы қуанарлық көріністер осының айғағы.

Халықтың материалдық әл-ауқатының, мәдени дәрежесінің өсуіне байланысты дін иелерінің оларды өз жақтарына тартуы барған сайын қиынға соғуда. Сондықтан да олардың жұртты дін шырмауында ұстау үшін діни уағыздарға кейбір «жаңалықтарды» да енгізіп отырғаны байқалады. Мысалы, олар құран аяттарын магнитофонға жазып алатын болған. Дін иелерінің мұндай айла-шарғыларын атеистер жұрт алдында әшкерелеп келеді.

Аудан атеистері бақытты тұрмыстың «кұдайтағаланың рахымымен» емес, қайта шынайы еңбекпен келетінін озаттар өнегесімен, солардың күнделікті тұрмысынан алынған мысалдармен дәлелдеуде. Сол Куйбышев атындағы совхоздың озат шопаны Адамбек Сауытбековтың көп бөлмелі жаңа үйі бар. Үйін ол мүлде жаңаша салдырған. Ішіне кірсең, қала үйінен бір де кемістігі жоқ: әдемі де әсем гарнитур, өнер-білімнің әр саласынан рухани нәр беретін кітапхана бар. Тынығатын, кісі қабылдайтын бөлмелері өз алдына. Сауытбековтың өзі жүргізетін жасыл «Волга» машинасы да бүгінгі шопан өмірінің бақыттылығын дәлелдегендей.

Сауытбековтың сәнді үйінде шопандар, малшылар жиі-жиі бас қосып тұрады. Олар «о дүниедегі ұжмақ» жайында емес, бүгінгі өскелең өмірдің келелі мәселелері — шаруашылық пен мәдениет, ғылым мен өнер жайында пікір алысады.

Аудан атеистері насихаттың неғұрлым әсерлі түрлерін қолдануға ұмтылуда. Бір мысал келтірейік. Түркстан қаласынан жүз елу километр қашықтықта діни адамдар барып табынатын «Укаша ата» деген зираттың басында көп жылдар бойы Камил хары деген біреу тұрған. Ол сол маңдағы өрік бағын суарып, күтіп, одан жылма-жыл жақсы өнім алып келген. Оның үстіне әлгі хары зиратқа келгендерге өрік сатып, пайда тауып отырған. Кейін ол бір себептермен мекенін тастап кеткен. Ол кеткеннен кейін күтімсіз қалған өрік ағаштары қурай бастаған. Діншілдер мұны пайдалана қойып: «хары кеткен соң, судың да, жердің де көркі кетті, ағаштар қурай бастады» деп лақап таратқан.

Бұл лақаптың тәрбие жұмысына үлкен зиян келтіретінін кезінде түсінген атеистер А. Плотников, О. Достанов, Т. Бермұхамедовтер совхоз дирекциясына «Укаша атадағы» жеміс бағын дереу күтімге алу жайында, сөйтіп ең бір шұрайлы жерді еңбекшілер дем алатын орынға айналдыру жөнінде ұсыныс жасаған. Бұл ұсыныстың жүзеге асуына олардың өздері бас-көз болған. Қазір ол бақ бұрынғыдан да жақсара түсті.

Дінге қарсы идеялық күрес өте сақтықты, икемділікті қажет етеді. Сондықтан да абайсыз жасалған әрбір қадам, ойланбай айтылған әр сөз, діншілдер жөнінде жасалған әрбір әкімшілік әрекет (Түркстан ауданында осындай әрекетке бой ұрып жүргендер жоқ емес) атеистік тәрбие жұмысына үлкен зиян келтіруі ықтимал.

КПСС Орталық Комитеті «Бұқара арасында ғылыми-атеистік насихатты жүргізудегі кемшіліктер туралы» 1954 жылғы 10 ноябрьдегі қаулысында дінге сенетін жеке адамдардың сезіміне тиюдін зияндылығы жөнінде партия ұйымдарына ерекше ескерткен болатын. Шыдамдылықпен, үнемі жүргізілетін мағыналы ғылыми-атеистік насихат қана адамдарды діни адасушылықтан азат ете алады. Мұны жергілікті партия ұйымдарының, жекелеген атеистердің есте ұстағандары жөн.

М. САДЫҚОВ.

Түркстан қаласы.

БҮГІНГІ КҮННІҢ РУХЫ

БАҒЫТ — БАЙЫПТЫ БАСШЫЛЫҚ

Конференцияның басталуына әлі біраз уақыт бар. Түрлі ұрандамен безендірілген клуб үйінің маңы шоғыр-шоғыр адам. Бұлар Алматы облысы, Панфилов аудандық XXIV партия конференциясына келген делегаттар. Бір топтың арасында әзіл-қалжың, ал бір топта байсалды әңгіме. Соңғы топ орталарына «40 лет Октября» колхозының председателі, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Николай Никитич Головацкийді алыпты.

— Николай Никитич, бүгін сөйлейсіз ғой. Сіздерде ұялмай айтуға болатын табыс бар ғой.

Головацкий бұл сөзді айтқан жігітке көзінің қиығымен сынай қарады. «Тағы да мақтанасың-ау деп тұрсың ба, әлде шын пейілің бе?» Оның жүзінен осы ойларды оқу қиын емес еді.

— Жігіттер, бұл—партия конференциясы. Меніңше, бүгін сөз аудан биігінен, тіпті бүгінгі өмір биігінен болуы керек. Шешімін таппаған келелі мәселелер жайында көбірек әңгіме қозғаған мақұл болар.

— Сіз олай дейсіз, цифрларды тізіп, «біз өйттік, біз бүйттік» деп сабаулап өте шығатындар да табылар. Қалғып-шұлғып отырармыз.

— Жоқ. Сылдыр сөздің уақыты өткен шығар. Бұл КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь, март, сентябрь Пленумдарынан кейінгі конференция екенін ұмытпайық.

Ол Пленумдардан кейін еліміздің селолары мен қалаларында қандай тамаша өзгерістер өркен жая бастады десеңізші! Байыпты, байсалды партиялық басшылық қалпына келді. Партия жұмысында творчестволық рух, іздену дес алды. Шаруашылыққа, мәдени құрылысқа ықпал етудің небір жаңа жолдары қарастырылуда.

Міне осындай жағдайда өтіп отырған аудандық партия конференцияларынан бүгінгі күннің рухын, партиялық жұмыстың қазіргі сипатын көргіміз келетіні әбден заңды.

Панфилов аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ш. Сапиев өз баяндамасында конференция делегаттарына осы жаңа рухтың игі өсерін көрсетуге тырысты. Ол табыстарды қысқаша ғана айтты да, әңгімені негізінен келелі мәселелер төңірегіне құрды.

Панфилов ауданында айтуға тұрарлық жетістіктер бар-ды. Астық тапсыру жөнінде мемлекет заказы 126 процент орындалды. Былтырғыдай құрғақшылық жылы Алматы облысында астық өткізуді асыра орындаған бірден-бір аудан осы. Мал шаруашылығы енімдерінің барлық түрінен де берген серттерінде тұрды. Ет өткізу жөніндегі мемлекеттік жоспар 100,9 процент, сүт — 108,6 процент, жүн — 107,3 процент, жұмыртқа — 107,7 процент орындалды. КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы мемлекет заказын — жоспарды орындау заң деп талап қойған жоқ па еді. Бұлар сол талапты орындады.

Өткен жазда шөптің өте сұйық болғанына қарамастан қоғамдық малға қажетті жемшөп толық әзірленді. Малшылардың үй-жайы, мал қоралары жеткілікті. Барлық отарда суат бар. Бұл қоғамдық малды алдағы уақытта ойдағыдай өркендетудің алғы шарты деген сөз.

Баяндамада цифрдың өзінен гөрі оның сырына үңілу басым болды. Өндірісті дамытуға партиялық ықпалдың қандай жолдарының тиімді екеніне, оны бүгінгі күннің рухымен тығыз байланыстыру үшін не қажеттігіне айрықша назар аударылды.

Партия комитеттерінің өндіріске ықпалы жөнінде ойлағанда ең алдымен партиялық басшылықтың табиғатын дұрыс түсінуіміз керек. Ол не деген сөз? Басқару стилінде әкімшілік, әмір ету жолдары емес, саяси және ұйымдастыру қырлары басым жату керек. Партиялық жұмыс — ең алдымен адамдармен жұмыс істеу. Аудандық комитет ең алдымен кадрларды дұрыс іріктеп, тәрбиелеу және орналастыру арқылы, олардың тапсырылған іске жауапкершілігін көтеру, қабылданған шешімнің орындалуын қадағалау, еңбекшілердің творчестволық инициативасын ояту арқылы өндіріске ықпал етеді. Партиялық басшылықтың табиғаты міне осында.

Панфилов ауданы жүгеріден жыл сайын мол өнім алып жүр. Ия, осы істе партиялық ықпалдың көрінісі қандай деген заңды сұрақ туады. Конференция делегаттарының да күткені сол еді. Баяндамашы бұған жауап берді.

Айталық, жүгеріні біреу ексе, екінші біреу күтсе, үшінші біреу жинаса не болар еді? Ия, ауданда олай етіп жүрген шаруашылықтар жоқ емес. Аз өнім, егіншілік мәдениетінің төмендігі сонда. Яғни жүгері өсіруші кадрларды тұрақтандыру керек, оларды сапырып ауыстыра беруге жол берілмеуге тиіс. «40 лет Октября», Киров атындағы колхоздардың көп жылғы тәжірибесінен аудандық партия комитетінің көзі осыған жетті. Бұл шаруашылықтар бір жыл емес, бірнеше жыл бойы қатарынан тұрақты өнім алып келеді. Өткен құрғақшылық жылдың өзінде «40 лет Октября» әр гектардан 46 центнерден, Киров атындағы колхоз 41 центнерден өнім алды. Жоғары агротехниканы мұрат тұтқан бұл шаруашылықтарға құрғақшылық қорқынышты емес. Ал ол агротехниканы жүзеге асыратын кімдер? Тұрақты жұмыс істейтін жүгерішілер ғана. Жыл сайын олар өз учаскесінің жағдайына қаныға береді. Яғни жер сырын жетік біле түседі. Мол өнім алудың құпиясын аша береді. Кадрдың тұрақты болуында осындай мән жатыр.

Өткен жылдан бері аудандық комитет осы бағытты барлық шаруашылықта қатаң ұстауға бел бұды. Жүгеріші кадрлардың тұрақты болуы барлық партия ұйымдарының назарында.

Мұнымен ғана іс бітпейді. Сол жүгерішілердің еңбегін ұйымдастыратын, егістік сырын білетін жер қожасы керек. Ол — агроном. Киров атындағы колхозда сондай агроном жоғары білімді, өз ісіне берілген Асмитулла Разиев. Институтты бітіріп келісімен ол ғылым жетістігін қару етті. Колхоз табиғатына орай жер өңдеудің жаңа жүйесін жасады. Демек, бұл шаруашылықтағы ілгері басудың бір сыры білімді кадрда деген сөз.

Ал көрші «Красный Восток» колхозында мұның бірі жоқ. Сол себепті де жүгері дәні жыл сайын тіпті ауданның орта көрсеткішінен төмен болып жүр. Былтыр әр гектардан небәрі 25 центнерден ғана өнім алды.

Қазіргі талап — шаруашылықты ғылыми негізде жүргізуге үйрену. Партия комитеті бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін оның кілтін табуы керек. Ондай кілт — кадрлардың экономиканы жетік білуінде. Яғни экономикалық білімді көтеруде.

Головацкий жолдас конференция мінбесінен осы ойды ортаға тастады. Мұнсыз шаруашылықты білгірлікпен басқару мүмкін емес. Тура бастар компос — экономикалық талдау. Ал оны бұл күнде бір ғана шаруашылық басшысының біліп қоюы жеткіліксіз. Орта буынның барлық кадры, әрбір еңбеккер білуі керек. Сен егін салып отырған әр гектар немесе бағып отырған әр отар не береді? Оған қандай шығын жұмсаған қанша табыс аласың, қандай сала тиімді? Міне осы басыңда сайрап тұрса, сенің қимылың, әрекетің сенімді болады, ертеңіні болжай аласың.

Қазір экономикалық талдау жасауды барлық кадрлар біле ме? Жоқ, оған әлі жеткеміз жоқ. Бұл ашық сыр. Бірақ жетуіміз керек. Ол үшін барлық кадрдың экономикалық білімін көтеру қажет.

Міне осындай өмірлік мәні зор мәселелер конференциялар мінбесінен көтеруге лайық. Бірақ біз үнемі осы мінбені орынды пайдаланамыз ба?

ЕСКІ ӘДЕТТІҢ КЕЙБІР САЛҚЫНЫ

Жамбыл аудандық партия конференциясында Ленин атындағы колхоз парткомының секретары В. Мусинге сөз берілді. Ол қанша ет, сүт, жүн өткізгендерін бір сыдыртып шықты. Жеке озаттарды тағы тізді. Қысқасы, сөйлеп тұрған партком секретары емес, статистика органының қызметкеріндей әсер қалды. Тыңдап отырғандар үшін оның сөзінің бір түйір дәні болмады. Не ой жоқ, не ұсыныс жоқ. 15 минут уақытты босқа алған жалаң есеп болды да шықты. Конференция мінбесі сондай жалаң есептің орны ма? Ол беделді, көкейтесті мәселелер көтеретін қадірлі жер емес пе?

Ондай мәселелер Жамбыл ауданында да жеткілікті. Партиялық жұмыстың бүгін таңда қандай жаңа түрлері туды? Партия ұйымының секретарына осы жөнінде неге айтпасқа, пікір таластырмасқа? Әр мәселенің басын бір шалып, жалпы кеткеннен гөрі бір мәселенің қыры-сырын арши айтқан жөн емес пе? Тіпті басқаны былай қойғанда, сол колхоздың өзін алайықшы. Мұндағы № 1, 2 бригадаларда партия жиналысының беделі жоқ. Шақырылған мерзімде өтпейді, коммунистер жиналысты әзірлеуге белсенді ат салыспайды. Осының төркініне көз жіберсек, цех партия ұйымдарының дәрменсіздігі жатыр. Мұның өзі колхоз парткомына үлкен мін. Ал конференцияда цех партия ұйымдарының ролін күшейту туралы пікір қозғаса, келелі мәселе деген осы емес пе. Партия ұйымдарының, коммунистердің авангардтық ролін көтеру — қазір мәселенің мәселесі.

Жамбыл ауданында осы іс ақсаулы десек, артық айтқандық болмас. Өткен жылы астықтан, қызылшадан аудан өз борышын өтей алмады. Сүт тапсыру жоспары да орындалған жоқ. Мал азығы қысқа толық жетпейді. Қызылшаның әр гектарынан алынған өнім Алматы облысы бойынша 313 центнерден болғанда, Жамбыл ауданында небәрі 246 центнерден айналды. Осы кемшіліктерге байланысты кінәнің барлығын ауа райының қолайсыздығына жыға салу дұрыс па? Құрғақшылыққа олақтықтың, оралымсыздықтың қосымша болғанын мойындау керек. Суармалы жерде құрғақшылық есте сылтау бола алмайды. Оны тіпті Жамбыл ауданындағы озаттардың тәжірибелері де дәлел

деді. Жамбыл атындағы колхоздың звено жетекшісі Құлтай Кенжеғұлов әр гектардан 325 центнерден қызылша алды. Осы озат конференция мінбесінен:

— Суы бар жерден өнім ала алмау жалқау мен кертартпаның ғана ісі. Табиғатты табалайтын ешнәрсе жоқ. Кінә өзімізден, — деді.

Бұл сөзде ащы да болса шындық жатыр. Суармалы жер тиімді пайдаланыла ма? Оған экономиканы көтерудің резерві деп қараймыз ба? Әйтпесе Жамбыл ауданында 26 мың гектар суаруға болатын жердің биылға дейін 14—15 мың гектары ғана пайдаланылып жүргенін немен түсіндіруге болады? Әрине, су жүйелері нашар, әлі инженерлік қалыпқа келмеген. Бірақ соны сырттан біреу келіп жасап береді деу дәрменсіздік болар еді. Шаруашылықтың ішкі мүмкіндігін ескеріп, қаржы бөліп, әрекет жасауға болады ғой. Соңғы бес жылда мемлекет Алматы облысындағы су құрылыстарына 29 миллион сом бөлген екен. Жамбыл ауданының осы мерзімде шаруашылықтардан шығарғаны 40 мың сом ғана. Бұл не? Өзінен өзі аяғаны ма?

Кейбір шаруашылық басшыларының мемлекетке ауыз ашып, жаман үйреніп кеткен жайы бар. Қолында барды ұқсатқанның өзінде көп игілік жасауға болатынын ескермейді. Мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ. Талдықорған ауданының Крупская атындағы колхозы соңғы бес-алты жылда ішкі су жүйелері құрылысын өз қаражатымен-ақ жөндеп алды. Жыл сайын су құрылысына белгілі мөлшерде қаржы бөлу мұнда дәстүрге айналған.

Мұны неге айтып отырмыз? Бірқатар коммунистер бас ауыртып, балтыр сыздатпайды. Кемшіліктер көз алдында болып жатады, резервтер пайдаланусыз қалып жатады. Жамбыл ауданы қызылшаны су тапшы болғандықтан аз жинап отырған жоқ. Екіншілік мәдениетін көтеруге бет бұрмағандықтан аз жинап отыр. КПСС Орталық Комитетінің мәрт Пленумы қалыпты жұмыс істеуді, табиғат қиындығына тәуелді болмауды талап етті емес пе. Ал бұл күресті ұйымдастырушы, Пленум шешімін жүзеге асырушы кім болмақшы? Пленум шешімі дұрыс, оны басшылыққа аламыз деп мінбеден айтылған құр сөз, негізсіз уәде өнім болмайды. Гәп неде? Іс тетігін шешетін кадрлармен дәйекті жұмыс істеуде. Болмаса мал тұқымын асылдандыруды алайық. Бүкіл республикамызға қойдың асыл тұқымын беріп отырған «Қастек» қой заводы осында. Республикалық ғылыми-зерттеу мал шаруашылығы институты осында, оның «Ақсеңгір», Мынбаев атындағы тәжірибе шаруашылықтары осында. «Орманда отырып отынға жарыманды» дегендей, ауданда бұл жұмыстың да қазіргі дәрежесі қанағаттандырмайды. Бұл салада да нақты, табанды күрес жеткіліксіз.

Баяндамада да, жарыс сөздерде де әр салада қанша коммунистерден жүргені жайлы цифрлар келтірілді. Дұрыс, өндірістің шешуші учаскелерінде коммунистер болуы керек, көбейе түсуге міндетті. Алайда өндіріске партиялық ықпалды онда жүрген коммунистердің бір ғана санымен көрсетуге тырысу бір жақтылық. Істің түйіні сол коммунистердің не істеп, қандай өнеге көрсетіп жүргендігінде. Ал біз көбінесе «пәлен коммунист мал шаруашылығында, түген коммунист егіншілікте» дегенді жиі естиміз де, сол жүргендердің өнегесі қайсы, тындырғаны не деген сұраққа жауап таба алмай қаламыз.

Жамбыл ауданының «Рославль» совхозында Социалистік Еңбек Ері Жолдасбек Сәдуақасов бар. Ол — қой бағудың шебері. Қазір мұның шәкірттерінің саны 35-ке жетті. Жастарды баулуда Жолдасбектің өзі де, оның тәжірибесін таратуда партия ұйымы да көп жұмыс істеді. Коммунист өнегесі, оның өндіріске ықпалы деген осы. Мұндай жұмыс бар жерде партия ұйымы беделді, оның жұмысында іздену, ілгері басу, соны леп береді. Осы совхоздың партком секретары Ж. Күреңбеков жолдастың сөзі соны аңғартты.

Ол Мусин секілді «таза шаруашылық» тұрғыдан сөйлеген жоқ. Партиялық жұмысқа телдау жасады. Аудандық комитеттің атына бастауыш партия ұйымдарының жұмысына терең бойламайды деп сын айтты. Партиялық-ұйымдастыру жұмыс тәжірибесін таратушы, бір ұйымда өнегелі іс болса, оны бар ұйымның игілігіне айналдырушы аудандық комитет болу керектігін, сол арқылы бүкіл аудан бойынша партия жұмысының тәжірибесін толықтыруға, байытуға болатындығын еске салды.

Шынында қазір партиялық-ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстағы титтей де болса игі нышанды барлық партия активінің білгені мақұл. Бір кездегі партиялық жұмыстың өңін айналдырған, оған шаруақорлық тон кигізген дәуір келмеске кетті. Енді лениндік ұлы мектепті — партиялық тәрбие мектебін байытуымыз керек. Оның қасиетті босағасын аттаған адамның жаны түлеп, ойы нұрланып шығуына жетуге тиіспіз. Бұл не деген сөз? Партиялық жұмысты творчество деп білу, оның творчестволық аясын кеңейте түсу деген сөз.

Осы тұста әрбір бастауыш ұйымның мысқалдап жинаған тәжірибесін тот бастырмай мәпелеу қажет. Және оның кең арнаға ұласуы үшін күресу міндет. Бір кезде партия қызметкері де «маман» болсын деді. Бірақ ол партия жұмысының маманы ма еді? Міне осы бір аса маңызды факторды назардан шығарып алдық. Бізге партия жұмысының маманы керек. Олар — адам жанының инженерлері. Жұрттың көңіл-күйін, жүрек соғысын түсіне алмаған партия қызметкерінен нәтижегі жұмыс күтпе. Ол халықты өз соңынан ерте алмайды. Ал халық ермеген жерде табыс жоқ.

Бір-екі ауыз кіріспе айтып, сосын шаруашылықтың бар цифрын тізіп шығып, аяғында «сендіреміз, уәде береміз» деп бітіру «мода» болып кетпеді ме?! Бос сөзділік,

даурықпалық, жөнсіз күпіну, сылдыр сөздің шылауында кету, сөздің бір басқа, істің бір басқа болуы содан тумап па еді.

КПСС Орталық Комитетінің соңғы Пленумдары партия жұмысына, партиялық басшылыққа соны леп әкелді. Іскерлік, мәселеге терең бойлау, байыпты шешім күн асқан сайын тамырын терең жайып келеді. Біздіңше, осы өзгеріс, бүгінгі күннің жаңа рухы сөйлейтін сөздерімізге де енуі керек. Сөзге жауапсыз қарау дертін сылып тастайтын мезгіл жетті. Басы, ортасы, аяғы бір-біріне ұқсас, инкубатордан шыққан балапандай бір-бірінен аумамайтын сөздерден келер пайда жоқ. Біз мақаламыздың басында бір делегаттың «қалғып-шұлғып отырамыз да» деген сөзін әдейі келтірген едік. Дәлі жоқ сылдыр сөздер аудиторияны зеріктіреді, адамдарды есінетеді. Жиналыстың беделін кетіреді.

Ең үлкен сор, мұндай сөздер істің сырына, экономикаға үңілтпейді. Дәл тәптіштеп айтар жерге келгенде «алайда бізде де елеулі кемшіліктер бар. Оны түзетуге барлық күшті жұмылдырамыз» деп бұрып ала жөнеледі. Кемшілік елеулі боп тұрса, оның себепін айтпағанда нені айту керек? Ал елеулі кемшілікті жоюға жұмылатын күш-жігер болса, оны жұрт алдында неге ашып айтпасақ? Бірақ мұның бәрі құпия боп қала береді. Сөйленді бітті, мінбеге шықты, қайта түсті. Ондай «шешеннің» қалдыратын өсері сол ғана. Мұндай әдет сөз қадірін, сөз беделін кетіргендік. «Сөзінде береке жоқтың өзінде де берсеке жоқ» дейді халық.

Ал партиялық сөз, коммунистің сөзі, ол көтерілген мінбе беделді болуға керек-ті. Онда шыққан сөз бір сәттік болғанмен, оған дейін мың сәттік толғағы болуға тиіс. Сөйлер аудитория қандай, оның бүгінгі көкейіндегі не, мамандығыңа, атқарып отырған ісіңе, біліміңе, өреңе қарай сенен нені талап етеді — осыны зерттеуің керек. Партия қызметкеріне, партиялық сөзге осы қасиет керек. Аз сөзбен көп жайды түйіп айтқанға не жетсін.

Кадрлардың бойына осы сапаны егу де бүгінгі күннің талабы, қазіргі дәуір рухына сай келеді деп білеміз. Сөз бен істің бірлігі, ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстың тұтастығы — табыс кепілі. Барлық бастауыш партия ұйымы осы рухта жұмыс істеп, барлық коммунистер осы талапты орындаған жағдайда біздің шығар белесіміз бұдан да биік болмақ.

К. ҚАЗЫБАЕВ.

Алматы облысы.

Экономикалық талдау — басты шарт

Шалқар аудандық партия конференциясының делегаттары аудандық комитеттің есепті мерзім ішіндегі жұмысын бірауыздан қанағаттанарлық деп бағалады. Бұл дәстүрлі бағаның сыр-сипаты, мен-жайы аудандық комитеттің бірінші секретары Т. Алдияров жолдастың есепті баяндамасында және конференция делегаттарының сөйлеген сөздерінде терең ашылған еді.

Аупартком есепті мерзім ішінде аудан өміріне белсенді араласып, алда тұрған міндеттерді байсалды шешуде елеулі жұмыс жүргізді. Әсіресе КПСС Орталық Комитетінің март Пленумынан кейін аудандық партия комитеті, саяси басшылық органы ретінде, өзінің ұйымдастырушылық ролін едәуір арттырды, партияның ауыл шаруашылығын жедел өркендетуге бағытталған шараларын жүзеге асыруға коммунистердің, барлық аудан еңбекшілерінің күш-жүгерін жұмылдырды.

Бұл өзінің алғашқы жемісін де берді. Аудан шаруашылықтары өткен жылы қоғамдық мал басын өсірудің мемлекеттік жоспарын ірі қарадан, қойдан асырып орындады. Мемлекетке 32 906 центнер ет сатылды, бұл да жоспардағыдан едәуір артық. Жүн өндірудің жайы да жаман болған жоқ. Мемлекетке жоспардан тыс өткізілген жүн есебінен совхоздар 95 290 сом пайда түсірді. Қазір аудан шаруашылықтарының бәрі де рентабельді жұмыс істейді.

Облыста іргендірілген шопандар бригадасын ұйымдастыру тұңғыш рет Шалқар еңірінде туды. Жемшөп дайындауды жаппай механикаландыру да осы ауданның совхоздарында басталды. Мал азығының берік жемшөп базасы жасалды. Қозыны енесінен ерте бөліп бағу және оны күзге дейін семіртіп, етке тапсыру, биені механикаландырылған агрегатпен сауу, малға биостимуляторды қолдану, мал азығын дайындауда еңбек-

ақы төлеудің сыйлық жүйесін қолдану сияқты жаңа әдістер де осы Шалқарда бұрынғырақ қанаттанды.

Бұл игі бастамалардың нәтижелі нышандары қазір-ақ бой көрсетуде. Ішкі шаруашылық есеппен жұмыс істей бастаған «Шетырғыз» совхозындағы ірілендірілген шопандар бригадасы шаруашылық жылын 13 800 сом таза пайдамен аяқтады. Қозыны енесінен ерте бөліп, семіртеп етке тапсырудан шаруашылықтар көп пайда түсірді. Өткен жылы төрт айлығында етке өткізілген он мың қозының әрқайсысының орташа салмағы 31,3 килограмнан келді. Мұның нәтижесінде совхоздар қозы басына 8 сом 70 тиыннан таза пайда алды. Экономикалық жұмыстарға нақты бет бұрыс жасаудың алғашқы кейбір нәтижелері осындай.

Конференцияда атап көрсетілгеніндей, жаңа жағдайда, жаңа талаптарға байланысты аудандық комитет партиялық-ұйымдастыру және тәрбие жұмыстарының дәрежесін едәуір жақсартты. Коммунистердің авангардтық ролі арта түсті. Мұның бәрі ауданда партиялық жұмыстың творчестволық сипат алып, нақты, жүйелі де пәрменді жүргізіле бастағанын аңғартады.

Шындығында да аудандық комитет, бастауыш ұйымдар маңызды шаруашылық міндеттерді шешкенде оның экономикалық тиімділігіне мұқият зер салады, әбден зерттейді. Ол мәселенің орынды да орнықты қойылуын, нақты нәтижелерге жеткізуін ескереді. Аудандық комитеттің бюросы, оның бөлімдері мәселені атүсті дайындамайды, шама келгенінше оны байыбына жеткізе шешуге тырысады. Соның нәтижесінде де бюро мен пленумдарда, актив пен партия жиналыстарында, партия қызметкерлерінің семинар-кеңестерінде мәселелер жан-жақты талқыланады, өзінің әділ бағасын алады. Осындай іскерлік пен байыптылық конференцияда да тәуір байқалды.

Ауданның ауыл шаруашылығын онан әрі дамытуда партиялық басшылықтың, партиялық ықпалдың дәрежесі қандай болуы керек? Міне конференция делегаттарының сарапқа салған ойлары да ең алдымен осы сұрақтың маңында болды. Сондай-ақ экономикалық зерттеулер мен талдаулардың маңызына, берер пайдасына көп назар аударылды.

— Біздің азғантай тәжірибеміздің өзі, — деді конференция делегаты, «Шетырғыз» совхозындағы ірілендірілген шопандар бригадасының бригадирі Байқат Елеуенов жолдас, — осы басталған істің тиімді екенін танытты. Бригада іріленіп, шаруашылық есепке көшкеннен бері өндірістік шығындар едәуір азайды, совхоздың көптеген қаржысы үнемделді.

Ал енді осы жаңа істің пайдалы екені, қажет екені ап-айқын көрініп тұрса да, ауданда соны қостаушылар саны әлі тым аз. Тіпті кейбір мамандардың өзі отарларды ірілендіруге тыжырына қарайды. Неге дейсіз ғой? Сылтау көп-ақ. Шоғырланған отарлар жайылымды таптайды, жер ыңғайы келмейді, су тапшы, шабындық жетіспейді, механизаторлар жоқ, тағысын тағылар деседі. Бірақ Елеуенов бригадасының жұмысы, оның табысы сол сылтау-себептерді бекерге шығарып отыр. Бірер фактілер келтірейік.

Бригадада небәрі 20 адам бар, оларға төрт отар немесе үш мың қой бекітіліп берілген, қажетті трактор, ауыл шаруашылық техникасы бөлінген. Осыған сай ішкі шаруашылық есептің негізінде экономикалық талдаулар жасалып, өндірістік тапсырмалар анықталды. Жоспар бойынша бригада 2 441 қозы алып, 75,1 центнер жүн, 470 центнер ет өндіруге, 10 400 центнер жемшөп дайындап алуға тиіс болды. Осылардың бәріне жұмсалатын қаржы өткен жылғы осындай көлемдегі жұмысқа кеткен қаржыдан 33 процент кем болуы керек деп белгіленді. Іс жүзінде бригада барлық тапсырманы түр-түрімен орындап қана қоймай, оларға жұмсалған өндірістік және еңбек шығынын едәуір азайтты. Мысалы, өндірістік жоспарда бір центнер шөптің өзіндік құны 1 сом 67 тиын болып белгіленсе, ол 1 сом 25 тиынға түсті. Бір қозыны өсіруге 8 сом 44 тиын жұмсау белгіленсе, іс жүзінде 4 сом 20 тиыннан жұмсалды. Жүннің өзіндік құнын арзандатудан 2 178 сом, шөптен 5 880 сом, төлден 9 620 сом, еттен 2 134 сом үнемделді. Техника тиімді пайдаланылды. Бригаданың өндірістік көрсеткіштерінің бәрі де совхоздың орташа көрсеткіштерінен әлдеқайда жоғары.

Қазір шопандар бригадасы аяғынан нық басып, өз шаңырағын көтерді. Жайлауда шопандар қалашығы пайда болды. Жаңа үйлер, қой қоралары салынды. Қауымдасқан қойлы ауыл сән-салтанатымен бой түзеді. Тұрақты қоныс тепкен шопан бригадасы бір күннің, не бір айдың камын емес, алдағы асуларға көз жіберуде. Олар жайылымдар мен шабындықтарға су көзін жинауды, бөгеттер мен тоғандар салуды ойластыруда.

Біздің бұл мәселені егжей-тегжейлі әңгіме етіп отырғанымыз — осы жаңалық көнінен қанат жайса екен, мұндай игі істі ең алдымен партия ұйымдары шын ықыласпен қолдаса екен дейміз.

Шалқар аудандық партия комитеті шаруашылыққа басшылықты жетілдіруде жарты жолда қалып қоймай, үнемі іздену үстінде болуға тиіс. Аудан экономикасының ең жетекші саласы мал, соның ішінде қой шаруашылығы болса, оған ерекше көңіл бөлінуі қажет. Өйтпейінше алдағы келелі міндеттердің деңгейінен шығу қиын. Осы бесжылдықта бұл ауданда қой санын 289 мыңға, ірі қараны 13 600-ге, жылқыны 12 800-ге, түйені 1 557-ге жеткізу белгіленіп отыр. Соған лайық мал шаруашылығының өнімдерін өндіру де еселеп артпақ.

Осы биік межеге жетудің кілті, біздің пікірімізше, мал шаруашылығының мәдениетін көтеруде сияқты. Ал Шалқарда бұл істің жайы мез емес. Әсіресе мал тұқымын

асылдандыру, қойды қолдан ұрықтандыру, оны бордақылау, малшылар еңбегін жеңілдету, оларға еңбесіне төлеуді тәртіпке келтіру, шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту, механизатор кадрларын даярлау сияқты өзекті мәселелер өзiрге тиянақты шешiмiн таба қойған жоқ. Мұндай перспективалық, проблемалық мәселелердi түбегейлi шешпейiнше мал шаруашылығын март Пленумы талап еткен дәрежеде өркендету мүмкiн емес.

Аудан совхоздары жыл сайын қозыны аз алады, етке қоңы, салмағы төмен малдар тапсырады, осы себептерден мал шаруашылығы өнiмдерiнiң өзiндiк құны әлi де жоғары.

Мал шаруашылығы мәдениетiн көтерудегi басты мәселенiң бiрi — шабындықтар мен жайылымдарды суландыру, малды сумен қамтамасыз ету. Бiрақ бұл салаға мемлекет тарапынан бөлiнетiн қыруар қаржы дұрыс пайдаланылмай жүр. Суландыру жүйелерiн ұлғайтуға тиiстi құрылыс ұйымдары тарапынан қажеттi көмек көрсетiлмей отырғанын да айта кеткен жөн.

Шопан еңбегiнiң бейнесi кiмге де болса белгiлi. Ал осы ерлiк еңбектiң адамдарына тұрмыстық-мәдени қамқорлық жағы қанағаттанарлық дәрежеде емес.

— Тiптi газет-журналдарымыздың өзiн түйдекеп он-он бес күнде бiр-ақ әкеледi, — деп ренжидi шопан Ғұбайдолла Мұсаев жолдас. Бiрқатар шопандар елiмiзде болып жатқан алуан жақалықтардан бейхабар. Өздерiнiң кiммен социалистiк жарыста өкөндерiн де бiлмейдi.

Шопан өмiрiн, шопан тұрмысын сез еткенде ойға оралатын жәйттер көп-ақ. Ең алдымен шопан мәдениетiн мықтап қолға алған жөн. Олардың басым көпшiлiгi мектепте оқыған, армия қатарында болған жастар. Ал кейде солар қажеттi қамқорлықтың көзiнде болмауынан өмiр талабынан, даму көшiнен кейiн қалып жатады. Мiне осы жерде партиялық қамқорлық, рухани көмек қажет-ақ.

Соңғы кезде ауданда мал азығының берiк базасын жасау, малды жедел бордақылау жұмыстары қолға алына бастады. Өткен жаздың қолайсыз болғанына қарамастан, қажеттi жемшөп дайындалып, түгелiнен қыстақтар басына тасылып алынды. Аудан шаруашылықтары 1963—1964 жылдың қысынан мықты қорытынды жасаса керек. Бiрақ Шалқар жерiнде мол өнiм беретiн мал азығындық дақыл — соргоға әлi де жеткiлiктi көңiл бөлiнбей келедi. Оның әр гектарынан 8 центнерден өнiм жинаған «Шалқар» совхозының тәжiрибесi басқа шаруашылықтарға енгiзiлмей жүр. Мал бордақылаудағы жергiлiктi тәжiрибенiң тағдыры да осы сияқты. Бұл маңызды iске жете мән берiлмегендiктен, мамандардың есебi бойынша, өткен жылы совхоздар 50 мың сомға жуық пайдадан айырылып қалған. Егер озат шопандар етке әр қойдың тiрiлей салмағын 58 килограмнан тапсырса, аудан бойынша 42 килограмм ғана. Жүн өндiрудегi көрсеткiштер де осындай. Мiне мұның бәрi мол мүмкiншiлiктердiң әлi де болса жөндi пайдаланылмай жатқандығын дәлелдейдi.

Аудандық комитеттiң есебiнде мал мамандарының, зоотехниктердiң атына үлкен сын айтылды. Ол орынды да өткiр сын болды. Бiрақ жаңаны қолдаушы, прогрестiк әдiстердi өндiрiске енгiзуге күш салушы ең алдымен партия ұйымдары болуға тиiс екенiн де естен шығармаған жөн.

Шалқар аудандық партия ұйымы — Ақтөбе облысындағы iрi ұйымдардың бiрi. Оның қатарында 2215 коммунистi бiрiктiрген 88 бастауыш ұйым бар. Соңғы кезде аудандық комитет бастауыш ұйымдарға басшылығын едәуiр жетiлдiрдi. Дегенмен партиялық-ұйымдастыру, тәрбие жұмыстарында, коммунистердiң авангардтық ролiн арттыру, оларды өндiрiстiң жауапты учаскелерiне орналастыру iсiнде әлi де болса бiраз кемшiлiктер кездеседi. Мысалы, аудан шаруашылықтарында еңбек ететiн 633 шопанның 98-гi ғана коммунист. Сол сияқты малшылар, механизаторлар арасында да өндiрiске белсендi қатысып жүрген коммунистердiң саны өте аз.

Бұқара арасында жүргiзiлетiн саяси-көпшiлiк, түсiнiк жұмыстарының дәрежесi де көп ретте өмiр талаптарынан төмен жатыр. Социалистiк жарысты ұйымдастыру, еңбекшiлер арасында лекциялар, баяндамалар оқу, әңгiмелер өткiзу, көрнекi үгiттi жолға қою iсiнде елеулi кемшiлiктер бар. Сол сияқты оқу-тәрбие, мәдени-ағарту салаларында да шұғыл шешетiн мәселелер баршылық. Конференция делегаттары тәрбие жұмысының бұл маңызды буынындағы мiндеттердi де саралап көрсетiп бердi.

Н. ТЕЛЕУОВ.

Ақтөбе облысы.

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Елімізде социалистік индустрияландырудың жүзеге асырылуы

Социалистік қоғам орнату үшін еліміздің халық шаруашылығын социалистік арнаға көшіру, индустрияландыру саясатын жүзеге асыру қажеттігін алғаш рет В. И. Ленин ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді. Ол қоғамдық-экономикалық формациялардың шығу және даму заңдарына сүйене отырып, капитализмнің орнына келетін социализмнің түпкілікті жөнелетінін, өйткені социализм өндіргіш күштерді капитализм тұсындағыдан анағұрлым шапшаң дамытатынын көрсетті.

В. И. Ленин Россия қаншалықты артта қалғанымен, орта дәрежелі өндірісі, аз да болса өндірістік-техникалық жабдықтары бар ел, сондықтан жұмысшы табы осы материалдық-техникалық базаны пайдалана отырып, жабдықтарды мейлінше үнемдеп жұмсай отырып, елімізде ірі машиналы өндірісті дамыта алады деп үйретті.

1922 жылы 20 ноябрьде Моссовет пленумында В. И. Ленин социализм ұзақ-сонар, дерексіз, абстрактылы ұғым болудан қалды, ол енді ғылыстағы болашақ емес, бүгінгі күннің практикалық міндетіне айналды, совет халқының күнделікті тұрмысына енді; Россияда социализм орнату мейлінше қиын бола тұрса да, «нәптік Россия социалистік Россия болады» деді (Шығармалар, 33-том, 405-бет).

Өндіріс құрал-жабдықтарын шығаратын машиналы ірі өндіріс жасау—ұсақ товарлы шаруалар шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың қажетті шарты. Елімізде социализм орнату үшін халық шаруашылығын техникалық жағынан бүтіндей қайта құрып, алдыңғы қатарлы ірі өндіріс жасау қажет еді.

В. И. Ленин социалистік құрылыстың ең шұғыл, әрі кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі СССР-де ең жоғары дәрежелі, аса қуатты ауыр индустрия жасау міндетін атап көрсетті. Ол елімізді жаппай электрлендіруге ерекше маңыз берді. Ол мұны бүкіл халық шаруашылығын техникалық жағынан қайта құрудың аса маңызды негізі, коммунистік қоғам орнатудың қажетті шарты деп білді. В. И. Лениннің инициативасымен және оның тікелей басшылығы арқасында елімізді электрлендіру жоспары (ГОЭЛРО) жасалды. Мұның өзі Совет республикасын шаруашылық жағынан дамытудың тұңғыш перспективалық жоспары еді. «Егерде Россияға электр станциялары, күшті техникамен жабдықталған орындар мол жайылатын болса, онда біздің коммунистік шаруашылық құрылысымыз болашақ социалистік Европа мен Азияға үлгі болмақ» деп жазды Ленин (Шығармалар, 31-том, 356-бет).

Елімізді индустрияландыру, электрлендіру және ең алдымен ауыр өнеркәсіпті кеңінен өрістету жөніндегі лениндік нұсқаулар коммунистік партияның шаруашылық құрылысындағы сара бағытына негіз болды.

Социалистік индустрияландыру ісі халық шаруашылығын қалпына келтіру, шаруашылықта социалистік негізді, пролетариат диктатурасының экономикалық базасын күшейту, сонымен бірге жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар одағын нығайту кезеңінен кейін жүзеге асырыла бастады. Бұл туралы партияның XIV съезінде (1925 жылғы декабрь) шешім қабылданды. Съезд партияның Орталық Комитетін экономикалық

кұрылыс саясатында СССР-ді машиналар мен өндіріс құрал-жабдықтарын басқа елдерден алатын елден бұларды өзінде өндіретін елге айналдыру бағытын ұстауға міндеттеді.

Коммунистік партия ауыр индустрияны неғұрлым басым өркендету үшін қаржы табу, қорлардың ішкі көздерін барынша толық пайдалану, үнем тәртібін қатаң жүргізу мәселесін ойдағыдай шешті. Социалистік индустрияландыру барысында социалистік өндірістік қатынастардың өрісі кеңейіп, одан әрі нығая түсті. Социалистік шаруашылық салаларында ауыр индустрияның жалпы өнімде алатын үлес салмағы 1924 жылғы 76,3 проценттен 1937 жылы 99,8 процентке жетті.

Социалистік индустрияландыру негізінде еліміздің ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісі жүзеге асырылды. Мұның мәнісі—еңбекші шаруа социалистік жолға біржолата түсті деген сөз. Осындай шаралардың нәтижесінде еліміздің экономикасында социалистік система үстем болып алды. Қорамдастырылған шаруашылықтың ұлттық табыстағы үлес салмағы 1924 жылы 35 процент болса, 1937 жылы 99,1 процентке жетті.

Социалистік құрылыста соғысқа дейінгі бесжылдықтардың аса зор роль атқарғанын айрықша атап өтуге тиіспіз. Бұл бесжылдықтар кезінде өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 1928 жылғымен салыстырғанда 3,5 есе өсті. Өнеркәсіп өнімінің орташа жылдық өсу қарқыны 1930 жыл мен 1940 жылдың арасында 16,5 процент болды, яғни басты-басты капиталистік елдердегі өнеркәсіптің өсу қарқынынан әлденеше рет асып түсті. Совет Одағында 1940 жылы бүкіл өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 1928 жылғы дәрежеден 6,5 есе артты.

Индустрияландыру программасының ойдағыдай орындалуы нәтижесінде социалистік өнеркәсіп халық шаруашылығы саласында шешуші күшке айналды. 1913 жылы ауыр өнеркәсіптің үлес салмағы 33,3 процент болса, 1940 жылы 61,2 процентке жетті. Жалпы өнеркәсіп өнімдерінің ішінде өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру басым орын алды.

Коммунистік партия қуатты индустрия жасау міндетін орталық аудандарда ғана емес, сонымен бірге еліміздің шикізат көздері мол шегкері аудандарында да шешуді көздеді. Бұл мәселе өндіргіш күштерді орналастырудың социалистік принциптерінен, коммунистік партияның лениндік ұлт саясатынан туған еді. Мұның өзі бұрын экономикалық жағынан кеңже қалған, езілген халықтардың теңсіздігін жоюға, олардың жаңа социалистік ұлт болып қалыптасуына негіз болды.

Мысалы, Қазақстанның өнеркәсібін өркендету елімізді социалистік жолмен индустрияландырудың құрамды бөлегі болып саналды. Бұл бүкіл қазақ халқының, бүкіл еліміздің өмірлік мүдделеріне толық сәйкес келді. Қазақстанды индустрияландыру міндеті республиканың өндіргіш күштерінің өсуін, өнеркәсіпті, ең алдымен ауыр өнеркәсіпті өрге баастыруды қамтамасыз етуді көздеді. Қазақстанда ұлттық маман жұмысшы кадрлар мен өнеркәсіп-техникалық интеллигенция қалыптасты.

Алайда еліміздің орталық аудандарына қарағанда Қазақстанда индустрияландыру жұмысы қиын жағдайда жүргізілді. Себебі, бізде халық шаруашылығын қалпына келтіру әлі аяқтала қоймаған болатын. Бұл кезде республика өнеркәсіп өндірісі тұтас алғанда соғысқа дейінгі дәреженің 61 процентіне, ал ауыл шаруашылығы — 82,9 процентіне әрен жеткен еді. Коммунистік партия мен жұмысшы табының орасан зор күшжігер жұмсауының нәтижесінде ғана біз бұл салада зор табысқа ие болдық. Мысалы, 1940 жылы ірі өнеркәсіп өнімдерін өндіру 1913 жылғымен салыстырғанда 19,5 есе артты. Мұнымен бірге өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру 36,7 есе көбейді. Көмір өндіру — 77,4, мұнай—5,9, электр қуаты — 486 есе өсті.

Қазақстанды индустрияландыру өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасалмағына да елеулі өзгеріс енгізді. Социалистік экономиканың

орасан зор артықшылығы мен социалистік құрылыстың ойдағыдай жүзеге асырылуы арқасында қалыптасқан совет халқының моральдық-саяси бірлігі нығайды. Социалистік шаруашылық ғылыми негізде кең өрістетілді.

Коммунистік партияның аса қуатты социалистік өнеркәсіп жасауға халықтың творчестволық күш-жігерін жұмылдыру жөніндегі саясатының дұрыстығы айқын танылды. Соның нәтижесінде халық шаруашылығы машиналы өндіріспен алдыңғы қатарлы техникамен қамтамасыз етілді. Мұның өзі еліміздің қорғаныс қабілетін күшейте түсті. Социалистік индустрия Отан соғысының сан қилы ауыртпалығына төтеп берді, ол Совет Армиясын тамаша соғыс техникасымен жарактандырды. Ақыры совет халқы фашистік Германияны талқандап, ұлы жеңіске ие болды.

Фашистік жыртқыштар талқандаған электр станцияларын, заводтар мен фабрикаларды, қалалар мен селоларды совет халқы өте қысқа мерзім ішінде қалпына келтірді, халық шаруашылығының соғысқа дейінгі дәрежесіне жетіп қана қоймай, одан әлдеқайда асып түсті.

Партия елімізде ауыр өнеркәсіпті басым өркендету жөніндегі лениндік нұсқауларды бұлжытпай орындап келеді. Бұл жайында КПСС XX съезі аса елеулі тарихи оқиға болды. Бұл съезд Совет Одағында социалистік экономиканың, мәдениеттің, ғылым мен техниканың дамуындағы шешуші кезеңнің міндеттерін нақтылы белгілеп берді. Сонымен қатар алдағы уақытта да социалистік индустрияландырудың лениндік бағытын тынбастан жүргізе беруді, ауыр өнеркәсіпті тез қарқынмен өркендетуді, елімізді электрлендіруді, сондай-ақ құрылыс индустриясын барынша дамытуды міндеттеді. Съезд техникалық прогресті үздіксіз алға бастыра беру, өндірістің барлық саласын комплексті механикаландыру мен автоматтандыру негізінде оның техникалық дәрежесін көтере түсу, өндіріске жоғары өнімді жаңа жабдықтарды, озат технологияны кеңінен енгізу қажет деп көрсетті.

Совет халқының экономиканы, мәдениет пен ғылымды дамытудағы ұлы жеңісі, өндіргіш күштер мен социалистік қоғамдық қатынастарды дамытуда жеткен дәрежесі коммунистік құрылыстың жоғарғы сатысына өту үшін жағдай жасады. КПСС-тің кезектен тыс шақырылған XXI съезі коммунистік қоғамдық құрылыстың кеңінен өрістетілген кезеңіне енгенімізді паш етті.

Съезде қаралып, бекітілген халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары елімізді индустрияландырудың лениндік бағытын жүзеге асырудың аса маңызды кезеңі болып саналады. 1959—1965 жылдарға арналған халық шаруашылығын өркендетудің бақылау цифрлары еліміздің экономикалық күш-қуатын онан әрі нығайта түсу, ауыр өнеркәсіпті басым дамыту негізінде халықтың тұрмыс дәрежесін үздіксіз көтеруді жүзеге асыру жетіжылдықтың басты міндеті екенін дәлелдеп берді. Еңбекшілердің, жұмысшы бұқарасының творчестволық белсенділігін қолдай отырып, партия жоғары ұйымшылдықты, саналылықты нығайта түсуге бағытталған бірқатар ұйымдастыру шараларын іске асырды. Өнеркәсіп пен құрылыста туған коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділерінің қозғалысы осы бір саналылықтың жарқын белгісі болды. Партия осы тамаша патриоттық бастаманы дер кезінде қостап, оны бүкіл халықтық қозғалысқа айналдыра білді.

Совет адамдары жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындау үшін күресе отырып, Коммунистік партияның басшылығымен өнеркәсіптің аса маңызды салаларында жылдан-жылға елеулі табысқа жетіп келеді. СССР Министрлер Советі жапындағы Орталық Санақ басқармасының деректері бойынша 1964 жылдың өзінде-ақ өндіріс құралдарын өндіру 1958 жылмен салыстырғанда 80 процент өсті.

Жетіжылдық жоспар өнеркәсіптік құрылысты өркендетуге кең өріс ашты. Бұл бүкіл өнеркәсіпті, әсіресе ауыр индустрияны онан әрі дамы-

туға қолайлы жағдай туғызды. Осы жылдардың ішінде ірі-ірі электр станциялары, заводтар мен фабрикалар салынды. Күрделі құрылыстың кең құлаш жаюы—ең жаңа техникамен жабдықталған құрылыс индустриясының жоғары сатыға көтерілуінің, қуатты металлургияның, энергетикалық машина жасау өнеркәсібінің, яғни ауыр индустрияның нәтижесі.

Социалистік индустрияландыру бұрын артта қалған және езілген халықтардың капитализмге соқпастан бірден социализмге өтуінің шешуші шарты болды. Қазақстанды индустрияландыру жеке-дара жүргізілген жоқ, еліміздің неғұрлым дамыған аудандарында өнеркәсіпті құру ісімен тығыз байланысты жүзеге асырылды. Социалистік индустрияландырудың елеулі өзгешеліктерінің бірі мынада болды: Қазақстандағы өнеркәсіптің өсу қарқыны еліміздің орталық аудандарындағы қарқыннан әлдеқайда асып түсті. Мәселен, СССР-де 1964 жылы бүкіл өнеркәсіптің жалпы өнімі 1913 жылдың дәрежесінен 56 есе артса, осы мерзімнің ішінде Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі бұл дәрежеден 84 есе асып түсті.

Қазір біздің республика елімізде қорғасын өндіру және хромит рудасын шығару жөнінен **бірінші**, мырыш, қалайы, кадмий өндіру жөнінен **екінші**, күрделі қаржының көлемі, электр энергиясын өндіру, темір рудалары мен көмір шығару жөнінен **үшінші** орынға ие болып отыр. Советтік Қазақстан еліміздің халық шаруашылығында жетекші роль атқаратын индустриялы-аграрлы республикаға айналды. Қазақстан—Совет Одағының Шығысындағы аса ірі индустриялы базасы.

Елімізді жаппай индустрияландыру халықтың әлеуметтік құрамының тез өсуіне шешуші ықпал етті. Атап айтқанда 1964 жылы еліміздегі жұмысшылар мен қызметшілердің саны (семья мүшелерін қоса есептегенде) 75,1 процент болды, ал 1913 жылы небәрі 17 процент қана болатын.

Біздің республикамыздағы халықтың құрамында да елеулі өзгерістер болды. Социалистік индустрияландырудың нәтижесінде қалаларымыздың сыртқы бейнесі өзгеріп, экономикалық базасы мен рухани өмірі бұрын-соңды болмаған дәрежеде гүлденіп өсті. Мысалы, Қазақстан қалалары революцияға дейін патша өкіметінің отаршылық саясатын жүргізуші әкімшілік орталығы, сауда-саттық мекені болып қана келді. Бұл қалалардағы мардымсыз мектептерде дәулеттілердің ғана балалары оқыды. Қазір республика қалалары социалистік өнеркәсіптің, мәдениет пен ғылымның аса көрікті орталығына айналды. Мектептер мен жоғары оқу орындары, мәдени-ағарту мекемелері совет адамдарына қалтқысыз қызмет етеді. Өскемен, Лениногор, Шымкент, Қарағанды, Рудный, Зырян, Теміртау, Қентау сияқты қалалар күннен-күнге жақсара түсуде.

Индустрияландырудың лениндік бағытын жүзеге асыру коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың аса зор процесі болып саналады. Бұл, екінші жағынан, мәдениет пен ғылымның тез өркендеуіне байланысты. Совет ғылымының космосты игерудегі тамаша табыстары—ғылым мен техника салаларының, сол сияқты олардың материалдық негізі—социалистік индустрия жетістіктерінің тікелей нәтижесі. СССР-ді индустрияландыру, деп көрсетілген партияның жаңа Программасында, жұмысшы табының, бүкіл халықтың ұлы ерлігі.

Коммунистік партия өзінің жаңа Программасында коммунистік құрылыс негіздерінің негізі болып саналатын индустрияландырудың лениндік идеясын онан әрі жүзеге асыра беру жолдарын белгіледі. Осыған сәйкес КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1964 ж.) және одан кейінгі Пленумдары партиялық, мемлекеттік басшылықта орын алып келген волюнтаризм мен субъективизмді айыптады.

Коммунистік партия маркстік-лениндік іліммен қарулана отырып, экономикалық заңдарды дұрыс пайдалану, олардың әрекетіне кең өріс

ашу, оған тосқауыл болатын кедергілерді жою үшін социалистік қоғам дамуының объективтік шарттарының мәнін терең ашуда.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының шешімдері объективтік заңдар мен коммунистік саналылықтың ролін ескере отырып, еліміздің экономикалық өміріне басшылықтың тәсілдері мен стильдеріні жетілдіре беруге бағытталған сара жолды ғылыми тұрғыдан негіздеп берді. Бұл шешімдер совет экономикасы мен халықтың әл-ауқатын жоғары дәрежеге көтере түсуге жана мүмкіндіктер ашады. Сентябрь Пленумы былай деп атап көрсетті: «Жақсы ұйымдастырылған және жоғары дәрежеде өркендетілген өнеркәсіп осы заманғы социалистік экономиканың негізі, елдің күш-қуатының базасы болып табылады. Бүкіл экономикамыздың ойдағыдай өсуі, совет халқының тұрмыс дәрежесінің артуы, Совет Одағының қорғаныс қабілетінің онан сайын нығая беруі өнеркәсіпті өркендетудің дәрежесі мен көлеміне, өнеркәсіп жұмысының нәтижелеріне байланысты».

Біздің республикамыз бойынша 1966 жылы өнеркәсіп өнімдерін өндірудің жоспары өнеркәсіп өндірісінің құрылымын жетілдіруді, технологиялық процестерді жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асыруды, жана техниканы өндіріске енгізіп, ішкі резервтерді пайдалануды, қолда бар шикізат ресурстарын, құрылыстың жайын және өндірістік объектілерді іске қосуды ескере отырып жасалған.

Биыл жалпы өнім өткен жылы өндірілген өнімге карағанда 7,2 процент көп өндіріледі. Өндірістің өсімі мына салаларда еселеп арттырылмақ: электр энергетикасы өнеркәсібінде — 14,9 процент, мұнай өндіру өнеркәсібінде — 47,2 процент, химия өнеркәсібінде — 21,4 процент, машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібінде — 10,7 процент, құрылыс материалдары өнеркәсібінде — 15,7 процент. Өндіріс құрал-жабдыктарын өндіруді («А» тобы) 8,8 процент, халық тұтынатын бұйымдар («Б» тобы) өндіруді 3,3 процент арттыру көзделіп отыр.

Қазір еліміздің еңбекшілері партияның алда болатын XXIII съезін лайықты табыстармен қарсы алу жолында ойдағыдай күрес жүргізуде. Бұл күресте өнеркәсіп орындары көрнекті роль атқармақ.

Х. АЙДАРОВА,

тарих ғылымының кандидаты.

Э. ЕЛШІБЕКОВ,

экономика ғылымының кандидаты.

ӘДЕБИЕТТІҢ ҚЫСҚАША ТІЗІМІ

В. И. Ленин. «Апат хаупі және онымен қалай күресу керек». Шығармалар, 25-том, 327—376-беттер.

В. И. Ленин. «Ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының желісі». Шығармалар, 27-том, 317—318-беттер.

В. И. Ленин. «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері». Шығармалар, 27-том, 227—269, 311—312-беттер.

В. И. Ленин. «Солшыл» балалық туралы және ұсақ-буржуазияшылдық туралы». Шығармалар, 27-том, 321—353-беттер.

В. И. Ленин. «Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі» (22—29 декабрь 1920 жыл). Шығармалар, 31-том, 536—543, 551-беттер.

В. И. Ленин. «Коммунистік Интернационалдың IV конгресі» (5 ноябрь—5 декабрь, 1922 жыл) Шығармалар, 33-том, 413—432-беттер.

КПСС XX съезі. Стенографиялық есеп. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1958 жыл.
КПСС-тің кезектен тыс шақырылған XXI съезі. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1960 жыл.

КПСС XXII съезінің материалдары. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1962 жыл. 318—346-беттер.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы. Қазақ мемлекет баспасы, 1961 жыл. 12—13-беттер.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь (1965 жыл) Пленумының қаулысы. «Қазақстан коммунисті» журналы, № 10, 1965 жыл.

ПАРТИЯНЫҢ ХХ СЪЕЗІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

(КПСС ХХ СЪЕЗІНІҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫНА)

1956 жылы февральдың 14-нен 25-іне дейін Отанымыздың астанасы Москва қаласында Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи ХХ съезі жұмыс істеді.

Съезге 6 795 896 партия мүшесі мен 419 509 кандидатының атынан делегаттар келді. Оның ішінде Қазақстаннан 268 675 партия мүшесі мен кандидатының өкілі болды. Осы съезге қонақ ретінде 55 шетелдің коммунистік және жұмысшы партияларының делегациялары келді. Бұл съезд Коммунистік партияның, совет халқының, халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының өміріндегі аса маңызды оқиға болды. Онда Орталық Комитеттің есебі және СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1956—1960 жылдарға арналған алтыншы бесжылдық жоспары жөніндегі директивалар талқыланды.

Партияның ХХ съезі Совет Одағының халықаралық және ішкі өмірінің мәселелеріне терең талдау жасады, әлеуметтік құрылысы әртүрлі системалардың бейбіт қатар өмір сүруі, соғысты болдырмау мүмкіншілігі, социализмге өтудің жолдары мен формалары туралы маркстік-лениндік қағидаларды қазіргі заман талабына сай творчестволықпен ілгері дамытты.

Партияның даңқты ХХІІ съезінің қарарында атап көрсетілгендей, еліміздің сыртқы және ішкі саясат саласындағы табыстары — совет халқының қаһармандық еңбегінің, Коммунистік партияның орасан зор ұйымдастырушылық және тәрбие жұмысының нәтижесі.

Съезд совет халқының түпкі мақсаттарын көздей отырып, социалистік өнеркәсіпті, ең алдымен ауыр индустрияны дамыту, ауыл шаруашылығын жедел қарқынмен өркендету, сөйтіп осы негізде еңбекшілердің тұрмыс-халін жақсартып, олардың мәдени дәрежесін арттыру бағытын белгіледі.

Партиямыздың ХХ съезі социалистік экономиканы онан әрі мықтап өркендетудің, марксизм-ленинизмді творчестволықпен дамытудың жаңа кезеңі болды.

Насихатшылар мен үгітшілер еңбекшілерге КПСС ХХ съезінен кейінгі жылдардың партиямыздың, совет халқының, бүкіл адамзаттың өмірінде өте зор маңызы болғанын кеңінен түсіндіргені мақұл. Атап айтқанда, партия лениндік сара жолды жүзеге асыра отырып, коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін орындауға барлық еңбекшілерді жұмылдырды. Мұны партиямыздың ХХІІ съезі де ерекше атап көрсетті. **«Партиямыздың теориялық қорытындылары мен саяси жолының дұрыстығын оқиғалардың бүкіл барысы дәлелдеп отыр, — делінген ХХІІ съездің КПСС Орталық Комитетінің есебі бойынша қабылданған қарарында. Өмірдің өзінен, халықтың игілігін ойлаған қамқорлықтан туған, лениндік революциялық творчествоның рухына бөленген ХХ съездің бағыты толық салтанат құрды».**

Бұл арада насихатшы мына мәселелерге басты назар аударғаны жөн. Капитализмнің жалпы дағдарысы сөзсіз тереңдей түседі деген ХХ съездің қорытындысы толық расталды; империализмнің экономикалық, саяси және идеологиялық позициялары онан сайын нашарлап, оның негізгі қайшылықтары бұрынғыдан бетер шиеленісті, жұмысшы табының революциялық күресі, халықтардың демократиялық және ұлт-азаттық қозғалысы орасан зор көлемде өріс алды; ұлт-азаттық қозғалысының аса күшті соққыларының нәтижесінде отаршылдық системасы іс жүзінде күйреді. Осы қағидаларды айта келіп, насихатшы нақты фактілерге жүгінуі керек.

Елдердің социализмге өту формаларының әртүрлі болуы туралы ХХ съезд қорытындысының дұрыстығы да қазір әбден дәлелденіп отыр. Халықаралық коммунистік қозғалыс қолдаған бұл қорытынды маркстік-лениндік партиялар өкілдері кеңестерінің 1957 жылғы Декларациясында және 1960 жылғы Мәлімдемесінде бейнеленген. Сол сияқты ХХ және ХХІ съездердің қазіргі заманда мемлекеттер арасында соғыс болуы даусыз шарт емес, соғысқа жол бермеуге болады деген қорытындысының дұрыстығын да соңғы жылдардағы оқиғалар дәлелдеп берді.

Коммунистік құрылыстың шапшаң қарқынмен жүргізілуі ХХ съезден кейінгі дәуірдің аса маңызды сипатты белгісі болып табылады. Насихатшы бұл жағдайды еліміздің өміріндегі, әсіресе ХХ съезден кейінгі уақытта өнеркәсіпте, құрылыста, транспортта сапа жағынан болған елеулі өзгерістерді нақты мысалдармен баяндап бергені дұрыс.

Партияның ХХ съезі советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылысты онан әрі жан-жақты нығайтып, дамыта берудің, жұмысшылар мен кәлхозшы шаруалардың бірлігін, совет халықтарының мызғымас достығы мен олардың өзара қарым-қатынасын онан сайын күшейте түсудің кең программасын белгілеп берді. Съезд өзінің шешімдерінде еңбекшілердің творчестволық белсенділігі мен инициативасын үнемі арттырып отыру, оларды мемлекетті басқару ісіне неғұрлым кеңінен қатынастыру міндетін қойды.

Съезде көтерілген аса маңызды теориялық және саяси проблемалардың ішінде **партияның ұлт саясаты жөніндегі түбірлі мәселелер** айрықша орын алғаны мәлім.

Бұл жайлы съезд қарарында былай деп жазылды: социализм ұлттық ерекшеліктер мен өзгешеліктерді жоймайтыны былай тұрсын, қайта мұның керісінше, барлық ұлттар мен халықтардың экономикасы мен мәдениетін барлық жағынан өркендетіп, гүлдендіре беруді қамтамасыз етеді.

КПСС XX съезі одақтас республикалардың шаруашылық және мәдени құрылық саласындағы праволарын кеңейту жөніндегі Орталық Комитеттің қабылдаған шараларын толық мақұлдады. Съездің қарарында одақтық министрліктердің жалпы басшылық ету, жоспар белгілеу, оның орындалуын бақылау, жабдықтармен қамтамасыз ету, күрделі қаржы бөлу праволарын сақтай отырып, республикалық министрліктердің праволарын кеңейту қажеттігі атап көрсетілді.

Партияның XX съезінің партия үшін және оны дамыта беру үшін де баға жетпес маңызы болды. КПСС Орталық Комитетінің жеке адамға табынушылық сияқты марксизм-ленинизмге жат, зиянды әрекеттерін жою жөніндегі қызметі толық мақұлданды. Партияның бірлігін нығайту, партиялық өмірдің лениндік принциптері мен нормаларын қалпына келтіру, партияның саяси және ұйымдастырушылық ролін арттыру, оның бұқарамен байланысын күшейту съездегі аса маңызды мәселелер болды.

XX съезд партиялық-ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстар саласындағы міндеттерді де белгілеген болатын. Онда маркстік-лениндік ілімді творчестволықпен дамыту, коллективтік басшылық пен партияның ішкі демократиясы жөніндегі лениндік принциптерді қатаң сақтау, партияның халықпен байланысын нығайта беру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді.

Сондай-ақ партияның XX съезі КПСС Уставына кейбір өзгерістер енгізді. Атап айтқанда аудандық, қалалық, округтік, облыстық партия комитеттерінің және одақтас республикалар компартиялары орталық комитеттерінің пленумдарын, жергілікті партия ұйымдарының, ірі кәсіпорындар мен мекемелердегі партия комитеттерінің конференцияларын, одақтас республикалар компартияларының съездерін шақыру мерзімдерін тәртіптеді.

Сонымен қатар съезд партияның жаңа Программасын әзірлеу жөнінде шешім қабылдады.

Біздің партия, бүкіл совет халқы ішкі және халықаралық дамудың аса маңызды түбірлі мәселелерін маркстік-лениндік теорияның сәулесімен нұрландырған КПСС XX съезінің шешімдерін асқан жігермен қарсы алды. Съезд марксизм-ленинизм ұлы принциптерінің салтанат құрғанын паш етті, сонымен бірге партия қатарын нығайтуда, коммунистік құрылыстағы партияның басшы және бағыт беруші ролін арттыра түсуде жаңа кезең болды.

Съездің шешімдері капиталистік лагерьдің бірқатар билеп-төстеушілері арасында абыржушылық туғызды. Алайда көптеген буржуазиялық қайраткерлер мен олардың баспасөздері XX съездің аса зор тарихи маңызын мойындауға мәжбүр болды. «Москвада өткізілген Коммунистік партияның XX съезі, — деп жазды буржуазиялық «Нью-Йорк геральд трибюн» газеті, — соғыстан соңғы жылдарда болған тарихи ұлы оқиғалардың бірі болып көрініп отыр».

КПСС Орталық Комитетінің есепті баяндамасында, съездің шешімдерінде одақтас республикалардың өндіргіш күштерін өркендету мәселелеріне айрықша көңіл бөлінді. Съезд өнеркәсіпті өркендету саласында Қазақстанның алдына да үлкен міндеттер қойып, оны еліміздің Шығыстағы алып экономикалық базасына айналдыру қажет деп шешті.

Лениндік саясатты дәйектілікпен жүргізу және КПСС XX съезінің шешімдерін жүзеге асыру нәтижесінде еліміз алтыншы бесжылдықта социалистік өнеркәсіпті, ең алдымен ауыр индустрияны өркендету ісінде жаңадан елеулі табыстарға жетті.

1956 жылдың өзінде ғана халықтың материалдық өл-ауқаты мен мәдени дәрежесін оған әрі арттыру жөнінде КПСС XX съезі белгілеген программаны жүзеге асыруда келелі жұмыстар істелді: еңбекшілерді пенсиямен қамсыздандыру мөлшері арттырылды, орта және жоғары оқу орындарында оқу үшін төленетін ақы жойылды, мейрам алдындағы және демалыс алдындағы күндерде жұмыс күні қысқартылды, көмір өнеркәсібінде жұмысшылар қысқартылған жұмыс күніне көшіріле бастады. Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау мен сатып алу бағалары өсірілді. Табысы аз жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысын 1957 жылғы 1 январьдан бастап арттыру туралы шешім қабылданды. Міне осының бәрі XX съезд шешімдерінің тікелей жүзеге асырыла бастауы еді.

КПСС XX съезі белгілеген міндеттерді жүзеге асыруға біздің республикамыз да елеулі үлес қосты. 1958 жылы 1955 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімдерінің жалпы көлемі едәуір артты: мырыш өндіру — 1,7 есе, қара металлургия — 15,2 процент, қорғасын — 12,4 процент, цемент — 2,4 есе өсті. Жаңадан пайдалануға берілген кәсіпорындар саны 1957 жылы 1913 жылмен салыстырғанда 10 есе, жалпы өнім өндіру 40 есе, оның ішінде ірі өнеркәсіп өнімдерін өндіру 108 есе артты.

Республикамыз астық өндіру жөнінде де зор табысқа ие болды. Мәселен, 1956 жылдың өзінде ғана Қазақстан мемлекет қоймасына бір миллиард пұттан астам астық

өткізді. Бұл бұдан бұрынғы 11 жыл бойы өндірілген астықтан артық. Сол үшін де республикамыз Совет Одағының ең жоғары наградасы — Ленин орденімен наградталды.

КПСС XX съезі шешімдеріне сәйкес республикамызда мал шаруашылығын өркендету ісінде де бірсыпыра жұмыс істелді. 1955 жылы ірі қара 4234 мың болса, 1959 жылы оның саны 5201 мыңға, қой мен ешкі 17667 мыңнан 26343 мыңға жеткізілді.

Мұндай фактілерді көптеп келтіруге болады. Бұл үшін насихатшылар мен үгітшілер республика партия ұйымдарында өткізілген пленумдардың, конференциялардың, кеңестердің есептерін, 1956, 1957, 1959 жылдардағы статистикалық жинақтарды мұқият қарап шығып, ондағы деректерді пайдаланғандары жөн.

КПСС XX съезінің шешімдерін бүкіл совет халқымен бірге Қазақстан еңбекшілері де зор қуанышпен қарсы алды. Съезден кейін республика қалалары мен селоларында партия активтері өткізілді, ірі кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдарында жиналыстар, митингтер болып өтті. Көптеген коллективтер мен мыңдаған еңбек адамдары өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, съезд шешімдерін жүзеге асыру үшін өз үлестерін қосуға уәде берді. Мысалы, Қарағанды облысында өткізілген митингтерге 140 мыңдай адам қатысты, оларда 8 мыңнан астам адам сөйлеп, нақты міндеттемелер алды.

Насихатшылар мен үгітшілер бұл жөнінде өз тарапынан көптеген нақты фактілер келтіре алады.

Сонымен бірге республикамыздың барлық партия ұйымдарында, кәсіпорындарда, колхоздар мен совхоздарда КПСС XX съезінің қорытындыларына арналған жиналыстар болып өтті. Оларда съезд делегаттары, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшелері мен секретарьлары, басшы партия, совет активистері баяндама жасады. Бұл жиналыстарда мыңдаған коммунистер мен еңбекшілер сөйледі. Республика бастауыш партия ұйымдарында КПСС XX съезінің қорытындыларына арналған 11626 жиналыс болып өтті, оларда 53886 коммунист сөйледі.

Партияның XX съезі материалдарын терең насихаттау ісіне үлкен мән берілді. Мұның өзі партия, совет активтерінің теориялық білімін арттырып, олардың істің мән-жайын байыпты ұғынуына көмектесті. КПСС XX съезінің шешімдері мен материалдары жөнінде семинарлар өткізілді, оларда съезд белгілеген теориялық мәселелер жөнінде лекциялар оқылып, баяндамалар жасалды.

Сөйтіп Қазақстан Коммунистік партиясы КПСС XX съезінің материалдарын еңбекшілерге, партия, совет активтеріне терең түсіндіруге шұғыл бет бұрды.

Съезд материалдарын насихаттауда республиканың баспасөзі де елеулі роль атқарды. Мәселен, «Съезд делегаттары сөйлейді» деген тұрақты рубрика үнемі беріліп тұрды. М. И. Калинин атындағы Шымкент қорғасын зауытының бригадирі, КПСС XX съезінің делегаты С. Молдақожаев көпшіліктің ойын білдіріп, былай деп жазды: «Съезден тынысым кеңіп, шалқар шабытпен оралдым. Коммунистік партия бізді ұлы істерге мезгеп отыр. Біз халық шаруашылығына қорғасынды көп беруіміз керек. Ол үшін еселеген жігерлі еңбек қажет. Біз өз зауыдымызды Отандағы алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың біріне айналдыруға тиіспіз. Съезд бізден осыны талап етеді».

Насихатшылар мен үгітшілер КПСС XX съезінің тарихи маңызын түсіндіргенде бұл съезд маркстік-лениндік теорияны одан әрі дамыта түскенін, оның шешімдері коммунистерді, еңбекшілер бұқарасын коммунизм құрылысы заңдарымен, қазіргі ревизионизмге, буржуазиялық идеологияға қарсы күрес әдістерімен қаруландырғанын кеңінен баяндап беруге тиіс.

С. КӨЛБАЕВ,
тарих ғылымының кандидаты.

ПАЙДАЛАНАТЫН ӘДЕБИЕТ

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы (толықтырылып, екінші басылуы). Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1964 ж. 693—704-беттер.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі. 14—25 февраль, 1957 жыл. Стенографиялық есеп. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1958 ж. I—II томдар.

Совет Одағы Коммунистік партиясы XXII съезінің КПСС Орталық Комитетінің есебі бойынша қарары. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1961 ж.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1961 ж.

Қазақстан Компартиясы тарихының очерктері. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1964 ж.

Қазақстан Коммунистік партиясы X съезінің Қазақстан КП Орталық Комитетінің есепті баяндамасы бойынша қарары. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1960 ж.

НАСИХАТШЫ ЖӘНЕ КОЛЛЕКТИВ

Зәулім үйдің үшінші қабатындағы осы бір кең бөлмеден адам әсте үзілмейді. Ал бүгін смена бітісімен жиналған жұрт тіпті қалың.

Металлургтердің топ-тобымен қызыл мүйіске қарай ағыла бастағанын көріп отырған бөлім бастығы Жолдасбек Смаилов өндірістік жұмысты тез-тез қорытындылай бастады.

Бір сәтте бригадир Ларионов келіп: «Бәрі әзір» деп хабарлады.

Міне қызыл мүйістің кең залы. Жаңа ғана вагон-вагон концентрат қотарып, оны ыстық пеш табанының қайнау қабатында күйдіріп, мырыш айырған, күкірт қышқылын бөлген, сирек металға шикізат берген металлургтер енді стол басында отыр. Бәрінің алдында дәптер, қолында қалам.

Қызыл мүйіс жайнап тұр. Владимир Ильичтің өмірі мен революциялық қызметін бейнелейтін суреттер тартымды-ақ. Қабырғаларда алуан түрлі диаграмма, көрсеткіш такта, жібек шашақты қызыл жалау ілінген. Осының бәрі Ленин орденді Өскемен қорғасын-мырыш комбинатындағы мырыш өндірісі күйдіру бөлімінің өмір айнасындай.

В. И. Лениннің өмір баянын оқып үйрену жөніндегі бастауыш саяси мектеп старостасы Ларионов насихатшыға журналды ұсынып жатып: — Тындаушылар түгел, — деді.

Жолдасбек енді залдағы магнитофон мен диафильм қондырғысына назар аударды.

— Көрнекі құралдар әзір шығар, Григорий Фомич?

— Бәрі де әзір!

Сабак та басталып кетті. Жолдасбек бұ жолы да алдымен өткен сабақты пысықтауға кірісті. Қызу пікір тудырып, тындаушылардың ын-та-ықыласын арттыру арқылы аудиторияны баурап алу оның жақсы бір әдеті еді.

Мінеки зал тағы да түгел қол көтеріп отыр. Өткен тақырыпты қайталауға бәрі де әзір. Аға пешші Александр Александрович Дробот бірінші дүние жүзілік соғыстың сипаты жайлы айтып, мәселені совет халқының бейбітшілік жолындағы бүгінгі күресімен жақсы байланыстырды. Шихташылар Қаримолда Қасенов пен Василий Николаевич Богданов «Пролетарлық интернационализмнен айнамау» жайлы өткен тақырыпты кең қамтып, II Интернационалдың күйреуін, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру туралы лениндік ұранның мәнісін нақтылап айтып берді. Слесарь Николай Андреевич Верднекович социалистік революция жөніндегі лениндік теорияны терең түсінгенін аңғартты.

Насихатшы бұлардың айтқандарын толықтыра, қорытындылай отырып, әңгімені келесі тақырыпқа жалғастырып әкетті. «Октябрь революциясының көсемі» деген тоғызыншы тақырып бойынша Жолдасбек Владимир Ильич Лениннің «Апрель тезистеріне», «Партияның VI съезіне», көсемнің «Мемлекет және революция» атты еңбегіне кең тоқтала отырып, социалистік мемлекеттің буржуазиялық мемлекеттен түбірлі айырмашылықтарын талдап айтып берді. Мәселені бүгінгі жағдаймен де қонымды байланыстырды. Сабак барысында Владимир Ильичтің өмірімен байланысты диафильм ленталары көрсетіліп, плакаттар пайдаланылды. Насихатшы сабақтың келесі бөлімінің маңызды болатынын, онда

партияның Орталық Комитетінің тарихи мәжілісі, қарулы көтерілісті басқару, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі жайлы нақтылы әңгіме айтылатынын ескертіп, тыңдаушыларға үлкен ой тастады.

Бұл күні де тыңдаушылар бірден тараса қоймады. Олар енді магнитофонды қоршап алып, мана сабақ барысында жазылған пленканы қайта айналдырып тыңдап тұр. Әркім өзі айтқан жауабына ерекше құлақ түреді. Қап, ана жерін олай емес, толығырақ айту керек еді-ау дегендей өкініш те білдіріп қояды кейбіреуі.

Мұнда әрбір сабақ осылай қызықты өтеді. Ең бастысы — саяси сабақ металлургтердің идеялық шыңдалуына, олардың өндірістік белсенділігінің артуына күшті әсер етуде.

Күйдіру бөлімі коммунистік еңбек коллективі атағын алған. Мұнда өндірісте болсын, тұрмыста болсын тәртіп бұзушылық жоқ. Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін деген ұран берік орныққан.

Рас, өндіріс болған соң белгілібір кедергі болмай қоя ма?

...Мастер Нығметжан Байтоқашевтың сменасы жұмысты аяқтап келе жатқан болатын. Кенеттен транспортердің үзіліп кетпесі барма. Авария. Нығметжандар жан ұшырып жүр. «Пештер тоқтап қалмаса екен». Бәрінің ойы осы. Сол бір сәтте сменаны қабылдайтын Василий Николаевич Богданов та өз адамдарымен келіп жетті. Концентрат қоймасынан краншыларын тік көтеріп Илья Карпович Бирюков келді. Ертемен Жолдасбектің өзі де үлгірді.

Барлығы жапатармағай жабыла жүріп транспортерді қалпына келтірді. Жұмыс үзілген жоқ, пештер сөнген жоқ. Әуелде шошып кеткен Нығметжанның қуанышы да қойнына сыймайды. Ол жиналғандарға рахметін жаудырып жатыр. Ал көпшілік болса: «Рахметті сендерге айту керек, ерлік сендердікі, өндіріске нұқсан келген жоқ» десіп, Нығметжанды арқадан қағады. Осында мен артық ерлік жасадым деп бөлектеніп тұрған бір жан жоқ. Бәрі бір кісідей. Өйткені олардың тынысы бір, ойы ортақ қой. Осында ағайынды Мырзағали мен Қаримолда Қасеновтар еңбек етеді. Олар тек күйдіру бөлімінің ғана емес, бүкіл комбинаттың мақтанышы болып отыр. Мырзағали — пешші, Қаримолда — аға шихташы. Екеуі де орденді металлург.

Аға пешші Алексей Александрович Дроботты алыңыз. Дроботтар үрім-бұтағымен металмен бірге қайнап келе жатқан нағыз құрыш жандар. Алексейдің әкесі Александр Дробот бір кезде байырғы пешші болған. Қазір ол пенсияда. Алексейдің ұлы Владимир Дробот бұл күнде әкесімен бір сапта еңбек етіп жүр.

Аға краншы Илья Карпович Бирюков та осындай. Ол да әке өнегесімен келген болатын комбинатқа. Қазір Илья өз ұлын қалың металлургтер қатарына қосты.

Илья Карпович Бирюков нағыз сегіз қырлы, бір сырлы жан. Ол қазақша сөйлеп кеткенде өзіңді жаңылдырады. «Іле аға» дейді оны Қасеновтар. Илья Карповичтің тұрған бойы тұнған жаңалық. Ол талай-талай құнды ұсыныс енгізді өндіріске.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты бірінші біріккен цехындағы күйдіру бөлімінің өз ерекшелігі бар. Бүкіл мырыш өндірісінің концентрат қоймасы осы бөлімнің қарауында.

Демек, мырыш пен күкірт қышқылының, сирек металдардың шикізаты осында қатарылып, осында ұқсатылған соң тиісті өндірістерге барады. Яғни концентратты қотару — бірінші әрі шешуші процесс. Бұрын өндірістің осал жері де осы болып келген-ді. Концентрат тиеген бір вагонды түсіру он күнге дейін созылатын. Қыста тіпті қиын болып жүрді. Концентрат қатып қалады да, екі жұмыс атқаруға тура келеді.

Бұл қиындыққа кашанғы төзуге болады? Осы бір мәселе Илья Карповичті қатты толғандырды. Ол концентратты қотару жөнінде көп ізденді, ғалымдарға да ой салды. Концентратты жүз процент контейнерлеп

тасымалдау жөніндегі ғалымдар кеңесі оған өте ұнады. Бұл құнды пікірді бригада адамдарының талқысына салғанда мұны олар да қызу қолдады.

Цех, комбинат басшылығы Бирюковтарға жаңалықты іске асыруға барлық жағдай тудырды. Сөйтіп, елімізде тұңғыш рет концентратты жүз процент контейнерлеп тасымалдау әдісі Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында ойдағыдай жүзеге асырылды. Бұл жаңалық Бүкіл одақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің назарынан тыс қалған жоқ. Илья Карпович бастаған бір топ адам көрме медальдарымен наградталып, бағалы сыйлықтар алды.

Күйдіру бөлімі коллективінің өндірістік табыстары таудай. Олар өткен жазда-ақ жетіжылдық шебінен асып шыққан. Содан жыл аяғына дейінгі өнімнің бәрі жоспардан тыс түскен таза табыс. Қазір коллектив партияның XXIII съезі құрметіндегі еңбек вахтасында. Мұнда әрбір адам съезге жеке тарту әзірлеуде. Олардың әрқайсысы жаңа жылдан бастап үш-үштен рационализаторлық ұсынысты өндіріске енгізуді міндет етіп алған. Токсандық тапсырма екі айда жүзеге асырылмақ.

Міне осындай коллективтің ұстазы болып отырған насихатшы Жолдасбек Смаиловтың еңбегі шын мәнінде елеулі, шын мәнінде абыройлы. Алматы политехника институтынан түлеп ұшқан осы жігіт өзінің еңбек қуанышын, еңбек бақытын Өскемен металлургтерінің ортасынан тапқан еді. Ол мұнда 1957 жылы келген болатын. Жолдасбек алғашқы қадамын қатардағы металлург қызметінен бастады. Ол бұдан қателескен жоқ, кейін мастер, аға мастер, одан соң топтық кәсіподақ комитетінің басшысы, бөлім бастығы болды.

Биыл Москваның «Металлургия» баспасында Жолдасбектің металлургтерге көмекші құрал ретінде жазған «Қорғасыны бар материалдарды агломерациялау» деген кітабы жарыққа шығады. Бұл еңбекті металлургтер де, ғалымдар да алдын ала талқылау кезінде орынды бағалады.

Көп көңілін табу — инженер Смаиловтың бойындағы ең ардақты қасиет. Адамдарды тәрбиелеу, адамдарды баулу асыл міндет деп біледі ол. Сондықтан да Жолдасбек әрқашан қалың көпшіліктің қайнаған ортасында. Оның насихатшылық өнерді өзінің екінші бір сүйікті ісі етіп қалап алуы да осындай ізгі мақсаттан туса керек.

Жолдасбек күйдіру бөлімінде үшінші жыл насихатшы болып келеді. Коллектив оны өндіріс командирі ретінде ғана емес, өздерінің идеялық тыңдаушысы, саяси жетекшісі ретінде де қадір тұтады.

Өскемен қалалық партия комитеті Жолдасбек Смаиловтың насихатшылық тәжірибесіне ерекше назар аударды. Ол насихатшылардың қалалық семинарында әлде неше рет өз тәжірибесін ортаға салды.

— Насихатшыға біліммен бірге үлкен шеберлік қажет, — дейді Жолдасбек. — Мен алдымен сабақты ұйымдастыруға көп көңіл бөлемін. Онда ұсақ-түйек демей барлық қажеттінің қамтылуын қатты ескеремін. Сонда тыңдаушының сабаққа да, өзіне де талабы артады. Соған кейін жеке бір белсенді тыңдаушыларды ғана сараламай, барлық тыңдаушыларды сабаққа қызықтыра білген жөн.

Саяси оқу Өскемен металлургтерінің күнбе-күнгі өмір қажетіне, рухани қайнарына айналған. Осы сарқылмас қайнардан идеялық қуат алған металлургтердің өндірістік және саяси белсенділігі үнемі жоғары. Бұл үшін олар өздерінің идеялық ұстазы Жолдасбек Смаиловтай насихатшылар қызметіне дән риза.

К. САПАРҒАЛИЕВ.

Бағаны жоспарлы түрде белгілеу мәселелері

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «Өнеркәсіпті басқаруды жақсарту, жоспарлауды жетілдіру және өнеркәсіп өндірісін экономикалық жағынан көтермелеуді күшейту туралы» шешімдерінің бүкіл дүние жүзінде пікір туғызғаны белгілі.

Совет елінің халықтары бұл шешімдерде белгіленген шараларды Отанымыздың экономикасын онан әрі өркендетудің маңызды құралы деп біледі.

Социалистік елдердегі біздің достарымыз, бүкіл әлемнің прогресшіл топтары, еңбекші бұқарасы, тіпті коммунизмді ұнатпайтын көптеген адамдардың өзі өнеркәсіпті басқарудың жаңа жүйесін совет экономикасын өрге бастырудың қамы деп түсініп отыр. Бірақ Совет Одағының дұшпандары, реакцияшыл насихаттың дем берушілері, олардың қол шоқпарлары мен жетегінде жүргендер сентябрь Пленумы шешімдерінің өңін айналдырып, маңызын кемітуге тырысуда, тіпті басқарудың жаңа әдістерін капитализмге қайта оралғандық деп жоруда. Олар пайда дегеніміз капиталистік фактор, ал социалистік система сол факторды пайдаланып отыр, мұның өзі капиталистік әдістерге ойысқандық деген сияқты жалған лақап таратуда. Мысалы, Италияның «Месседжеро» газеті шаруашылықты жүргізудің советтік жүйесіндегі өзгерістердің мәнісі «кәсіпорындарды басқаруда пайданың нағыз капиталистік факторын ақтау» болып отыр деп жазды. Мұның ойдан шығарылған шылғи өтірік екенін советтік өмірдің өзі айқын көрсетуде.

Буржуазиялық кертартпа баспасөз Пленум қаулысының кәсіпорындардың қызметін шамадан артық реттеуді жою, оларға өндірісті дамытуға және жетілдіруге арналған қажетті құралдар беру, пайда, баға, сыйлық, кредит сияқты аса маңызды экономикалық құралдарды пайдалануды жақсарту сияқты нұсқауларының шын мәнін түсінбейді яки әдейі түсінгісі келмейді.

Шынында да бұл экономикалық құралдар біздің елде бұрын қолданылған жоқ па? Францияның «Франс Суар» газеті жазғанындай, Совет Одағы қазіргі кезде «өзінің индустриясында тәртіп орнату мақсатымен өздерінің таптық жауларының — батыс кәсіп иелерінің әдістері мен табыстарына бой ұрып отыр» деуге бола ма? Жоқ, олай емес!

Тіпті Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын В. И. Ленин «Социализмді тағы бір жоюшылық» деген мақаласында Струве мырза мен оның сыбайластарының құн заңы жөніндегі ғылымға жат, антимарксистік пікірлеріне күйрете соққы бере отырып, былай деп жазды: «Баға құн заңының көрінісі болып табылады. Құн дегеніміз бағалар заңы, яғни баға құбылысының қорытылған көрінісі» (Шығармалары, 20-том, 200-бет).

Өзінің мұнан кейінгі бірқатар еңбектерінде В. И. Ленин социализм тұсындағы қоғамдық еңбек бөлінісінен туатын товар өндірісіне байланысты баға, пайда, сыйлық, кредит сияқты экономикалық құралдардың құн формаларына жататынын дәлелдеп берді.

Социалистік қоғамның бүкіл даму барысы. ВКП(б) Орталық Комитетінің февраль (1927 ж.) Пленумында атап көрсетілгендей, Совет мемлекетінің бүкіл негізгі экономикалық, демек, саяси проблемалары баға проблемасына келіп түйісетінін айқын көрсетті.

Капитализм жағдайында баға капиталистердің баю, еңбекшілерді езіп, жаншу құралы болса, социализм тұсында орасан зор міндеттерді срындауды қамтамасыз ететін құдіретті құралға айналды. Өйткені партия бағаның барлық түрін (көтерме, сатып алу, тапсыру, бөлшек сауда және есеп айырысу) жоспарлы түрде реттей отырып, товарлы өндіріс жағдайында құнның объективтік заңдарын халық шаруашылығының аса маңызды міндеттерін шешу үшін пайдаланды.

Социализм жағдайында баға құнның ақшалай көрінісі деген анықтамадан социалистік елдер мен капиталистік елдердегі баға мен оның белгіленуі бірдей деген ұғым тұмайды. Өйткені капитализм тұсында баға рынок стихиясына қарай белгіленеді, ал социализм тұсында бағаны халық шаруашылығын пропорциялы дамыту міндеттеріне сәйкес мемлекет белгілеп, жоспарлы түрде реттеп отырады.

Әдетте өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарының жалпы бағасы өз құнына тең болуға тиіс. Бірақ Октябрь революциясынан кейінгі дәуірдегі дамуымыздың барлық кезеңінде өндіріс құрал-жабдығының бағасы өзінің құнынан кем болып отырды. Мұның өзі елімізді индустрияландыруға, оның өндіргіш күштерін өрістетуге көмектесті. Кейбір тұтыну товарларының (ет және сүт өнімдерінің көптеген түрлерінің, балалардың киімі мен аяқ киімінің) бағасы өз құнынан төмен болды. Оның ессіне онша зәру емес заттардың бағасы өз құнынан едәуір жоғары болып белгіленді. Бұл ұлттық табысты дұрыс бөлуге мүмкіндік берді.

Соңғы кезде ауыл шаруашылық өнімдеріне сатып алу, тапсыру бағасы, ал көмірге, түрлі қазба байлыққа, құрылыс материалдарына, ет өнімдеріне, тағы басқаларына есеп айырысу бағасы белгіленді, бұлар экономикалық жағынан әбден негізделіп жасалды. Көтерме сауда және бөлшек сауда бағасын бір ізге салу жөнінде жұмыс жүргізілуде. ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысына сәйкес 1966 жылғы бірінші январьдан бастап автомобильдердің, тракторлардың, ауыл шаруашылық машиналарының және оларға керекті запас бөлшектердің көтерме сауда бағасы кемітілді. Колхоздар мен совхоздардың экономикасын нығайтуда мұның маңызы зор. Тек осының өзінен ғана шаруашылықтар ондаған мың сом үнемдеді. Осы жылғы бірінші январьдан бастап ауыл-селоларда канттың, кондитер тағамдары мен трикотаж бұйымдарының, макта-матаның және басқа товарлардың бағасы кемітіліп, қалалардағы бағамен теңестірілді.

Осыған қарамастан баға белгілеуде шешуді күтіп тұрған мәселелер әлі де бар. Бұл — ең алдымен шаруашылық есепке байланысты мәселелер. Өнеркәсіп өнімдерінің көтерме сауда бағасы 1955 жылы, яғни бұдан 11 жыл бұрын қайта қаралған еді. Осы кезең ішінде өндіріс жағдайы, өндіріс технологиясы едәуір өзгерді, жалақысы аз жұмысшылардың жалақысы екі рет көбейтілді, электр қуатының, тасымалдау жұмысының, тағы басқалардың жаңа тарифі белгіленді. Бірсыпыра жаңа өнімдер шығарыла басталды, өндірістің прогрестік салаларының ролі ерекше артты. Осының нәтижесінде жоспарлы түрде шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындар пайда болды. Бағаның буын-буын бойынша көптеп белгіленуі, уақытша бағаның қойылуы ала-құлалық тудырды, берекесіздікке апарып соқтырды.

Жаңа жағдайда бағаны жоспарлы түрде реттеп отыру міндеті де біраз өзгерді. Бұрын ауыр өнеркәсіп салаларының өнімдеріне баға олардың өз құнынан кем белгіленген болса, енді өнеркәсіптің бұл саласында баға жұмсалған қоғамдық-қажетті еңбек шығынын неғұрлым толық бейнелейтіндей, өндіріс және айналым шығынын өтейтіндей болуын, әр-

бір кәсіпорынның пайда келтіруін камтамасыз ету жағын қарастыру керек.

Бұрын ауыр өнеркәсіп, яғни «А» тобы саласы өнімдеріне бағаны олардың өз құнынан кем белгілеу «А» тобын «Б» тобына, яғни тұтыну заттары өнеркәсібі саласына қарағанда басымырақ өркендету үшін қажет болды және «А» тобы саласы өнімдерінің құны мен бағасы арасындағы айырмашылық «Б» тобы саласы өнімдеріне олардың өз құнынан асып түсетін көтеріңкі баға кою жолымен едәуір дәрежеде өтеліп жүрді.

«А» тобындағы өнеркәсіптің бұдан былай да «Б» тобындағы өнеркәсіпке қарағанда шапшаңырақ өркендейтіні сөзсіз, бірақ келешекте «Б» тобындағы өнеркәсіп жедел қарқынмен өркендейтін болады. Мұның бәрі алдағы уақытта халық тұтынатын товарлар өндіруді едәуір арттырып, олардың бөлшек сауда бағасын кемітуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты және өндірісті дамыту, мемлекеттік өндірістік қорға берген қаржыны өтеу үшін кәсіпорынның тиісті мөлшерде қор жинауын камтамасыз етуге байланысты қазір қолданылып жүрген көтерме сауда бағасын қайта қарау қажет болып отыр. Бұл жұмыс Совет Одағы көлемінде 1967 және 1968 жылдары аяқталуға тиіс. Оны жүзеге асыру СССР және одақтас республикалардың Мемлекеттік жоспарлау комитеттерінің Баға жөніндегі мемлекеттік комитеттеріне тапсырылды.

Енді Қазақстанда баға белгілеу жөніндегі кейбір түйінді мәселелерге тоқталып өтейік.

Мұндағы ең қиын мәселе — жоспарлы түрде баға белгілеудің негізі болып табылатын өндіріс шығынының орташа дәрежесін анықтау. Ал республикамыздың кәсіпорындарында, ауыл шаруашылық өндірісінде және халық шаруашылығының басқа да салаларында өндіріс шығынын есептеу қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отыр. Министрліктер мен ведомстволарда есеп мәліметтері нашар қорытылады. Өндірісті қанағаттанғысыз ұйымдастыру, озат кәсіпорындардың жұмыс тәжірибесін нашар пайдалану фактілері де кездеседі. Соның салдарынан біздің республикада өнеркәсіп өнімдерінің өзіндік құны басқа республикалардағыдан едәуір жоғары болып отыр. Бірнеше мысал келтірейік. «ЖВН-10» жаткасының өзіндік құны РСФСР-де 874 сом болса, Қазақстанда 1 521 сомға жеткен. «С-80» тракторын күрделі жөндеуден өткізу құны Қазақстанда 2 387 сом болса, Украинада 1 585 сомнан аспайды. Машина жасау саласымен қатар жеңіл, тамақ, химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылық өндірісі өнімдері жөнінде де осыны айтуға болады. Мысалы, Шымкент гидролиз заводында бір тонна ксилитан 1 857, Өзбекстанда 950 сомға өндіріледі. Соңғы үш жыл ішінде республиканың совхоздарында сиыр етінің өзіндік құны 38, қой еті — 40, шошқа еті — 22, құс еті — 10, сүт — 34, жүннің өзіндік құны 29 процент артты. Бұған ең алдымен ауыл шаруашылық қызметкерлері жалақысының артуы, оған соң ауыл шаруашылық дақылдарынан, малдан өнімнің аз алынуы, еңбек өнімділігінің төмендігі себепші болды. Сондай-ақ ауыл шаруашылық өнімдерінің өзіндік құнын анықтауда жіберілген өрескел қателер де өнімнің қымбаттауына апарып соқтырды. Айталық, Қарағанды облысының Нұра ауданындағы «Марқакөл» совхозының басшылары өткен жылдарда көп жылдық шөптер өсіруге жұмсалған шығынның жалпы сомасын биылғы жылдың өнімін өндіруге жұмсалған шығынға, Гурьев облысының «Первомай» совхозының басшылары бұған күрделі қаржыны да қосып жіберген. Қостанай облысының «Айдарлы» совхозында егін шаруашылығында жұмсалған қосымша шығын түрлі дақылдар бойынша түрліше процентпен бөлінген.

Кейбір шаруашылықтарда етке тапсырылатын төлге бір баға, негізгі табынға қосылатын малға басқа баға белгіленіп, жүннің өзіндік құны қосалқы өнім категориясы бойынша анықталып отырған.

Есеп-кисаптың дұрыс жүргізілмеуі салдарынан жемшөп көп жұмсалған, төл, түрлі мал өнімдері, жұмыртқа аз алынған болып шығады. Мысалы, 1964 жылы Қызылорда облысы совхоздарының жылдық есебінде әрбір сауын сиырға 90 центнер пішен, 79,5 центнер құнарлы азық, 9,6 центнер концентрат азық, Гурьев облысы совхоздарының есебінде 30,7 центнер пішен, 65,4 центнер құнарлы азық, 4,7 центнер концентрат азық жұмсалды деп жазылған. Оның есесіне Қызылорда облысында әрбір сиырдан 723, Гурьев облысында 831 литрден сүт алынды деп көрсетілген. Бұл фактілер көз бояушылықтың орын алып отырғанын дәлелдейді.

Біздің республикада өнімнің өзіндік құнында үлкен алшақтыққа жол беріліп отыр. Дәлел келтірейік. Бұрынғы Қарағанды халық шаруашылығы советінде кеспекке құйылған жигули сырасы декалитрінің өзіндік құны 60 тиын болса, бұрынғы Батыс Қазақстан халық шаруашылығы советінде 90 тиынға дейін ауытқыған. Бұрынғы Алматы халық шаруашылығы советінде майлы ұсақ сырдың бір центнерінің өзіндік құны 144 сом, ал бұрынғы Семей халық шаруашылығы советінде 220 сом болған. Бұдан жана бағаны белгілеп, бекіткен кезде жеке өнеркәсіп орындарында және ауыл шаруашылығында орынсыз жұмсалған тірі және затқа айналған еңбекті есепке алмай, қоғамдық қажетті еңбек шығыны ескерілуге тиіс деген қорытынды шығаруға болады.

Өзіндік құнның әртүрлі дәрежеде болуы және кейбір жағдайда республикада бағаның дұрыс белгіленбеуі көптеген жоғары рентабельді және шығыны мол кәсіпорындардың пайда болуына әкеліп соқты. Мысалы, Алматының аспап жөндеу заводында таразыларды жөндеу жөніндегі рентабельділік 63 процентке, Алматының төменгі вольтті аппаратура заводында газ цистерналарын жасап шығару жөніндегі рентабельділік 202 процентке жеткен. Ал халыққа сатылатын сұйық газға белгіленген тариф республиканың барлық қаласында дерлік шығынға ұшыратып отыр. Демек, жана бағаны белгілеп, бекіткен кезде кәсіпорындардың орынсыз жоғары рентабельділікке жетуіне яки зор шығынға ұшырауына жол бермеу жағы қарастырылуы керек.

Өздеріне берілген правоға сүйеніп, республиканың жеке кәсіпорындарының басшылары өнімдердің кейбір түріне уақытша баға белгілеп жүр. Бұрынғы Қарағанды халық шаруашылығы советінің басшылары «СБГ» бұрғылау станогының өзіндік құны 3 063 сом 56 тиын бола тұрса да, 4 500 сом уақытша көтерме сауда бағасын белгілеген. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Жана министрліктер, ведомстволар бұл қолайсыз жайларды жедел тексеріп, бағаны дұрыс рентабельділік дәрежесіне жеткізуге тиіс.

Тұрмыстық қызмет көрсету бағасы мен тариф жөнінде ала-құлалыққа жол берілуде. Мысалы, Павлодар облыстық атқару комитеті «Семейные» тұрпатты тігін машиналарын күрделі жөндеуден өткізу бағасын 6 сом 61 тиын, Жамбыл облыстық атқару комитеті 8 сом 40 тиын, Қостанай облыстық атқару комитеті 9 сом 27 тиын етіп бекіткен.

Қазақстанның жер көлемі үлкен екені, оның облыстарының топырақ-ауа райы жағдайы бір-бірінен едәуір өзгеше екені жұртқа мәлім. Республика жерінде Менделеев системасы таблицасындағы элементтердің бәрі дерлік бар. Жер қойнауындағы кен байлықтардың құрамы сан алуан және олар әртүрлі тереңдікте жатыр. Қазақстанның осы ерекшеліктері жана баға белгілеген кезде ескерілуге тиіс. Біздің ойымызша, басқа республикаларға қарағанда Қазақстанда есеп айырысу бағасын кенінен қолданған тиімді.

Одақтық Үкімет өңірлер мен аймақтар бойынша, кейде типті республикалар бойынша бағаның көптеген түрін белгілейді. Соған сәйкес Қазақстан үкіметі облыстар бойынша республикалық орташа баға шеңберінде сараланған баға белгілейді. Кейде біздің облыстарымыздағы баға басқа республикалардың бізге көршілес облыстарының баға-

сына сәйкес келмейді. Мысалы, Шымкент, Алматы, Жамбыл облыстарында бидайдың әрбір центнерінің сатып алу бағасы 70 сом, тапсыру бағасы 50 сом, ал көршілес Қырғызстанда тиісінше 85 және 67 сом, Өзбекстанда 90 сом. Тракторларды күрделі жөндеуден өткізу бағасы Қазақстанда бесінші өңір, Өзбекстанда үшінші өңір бойынша белгіленген. «СК-3» комбайнның күрделі жөндеуден өткізу бағасы үшінші өңір бойынша 600 сом, бесінші өңір бойынша 670 сом. Сонда Шымкент облысында комбайнды жөндеу Ташкент облысындағыдан 70 сом қымбатқа түседі.

Егер біз баға белгілеудің осы тәртібін республика көлемінде қолдансақ, әрбір облыста техника жөндеу құны әртүрлі болып кетер еді. Түптеп келгенде мұның өзі бір облыс шаруашылықтарының экономикасын күшейте түссе, екіншісінің экономикасын төмен құлдыратуға әкеліп соғады. Сондықтан да ең қолайлысы — есеп айырысу бағасын белгілеп, артық-кемісін ерекше счет арқылы реттеп отыру. Мәселен, ет комбинаттары мал дайындап, бордақылайтын орындарға өткізілген мал үшін толық сатып алу бағасымен төлейтін болса, оған дайындау орындарының жұмсаған шығындары мен жинаған қоры қосылса, ет комбинаттары финанс жағынан үлкен қиыншылыққа душар болар еді. Бұл олқылықтан құтылу үшін де есеп айырысу бағасы белгіленіп, айырмашылығы бюджеттің есебінен реттелуге тиіс. Сол сияқты темірдің, түсті металдың, өзге де өнімдердің өзіндік құны әртүрлі. Өйткені олардың проценттік құрамы рудада әртүрлі болып келеді және руда республиканың әр ауданында әртүрлі тереңдіктен қазып алынады. Осы себептерге байланысты кірпіш пен құрылыс материалдарының құны да әртүрлі. Мұндай жағдайда өндіруші мен тұтынушының арасындағы өзара есеп айырысу мәселелері тек есеп айырысу бағасын белгілеу арқылы ғана дұрыс шешіледі.

Әрине, бұл шағын мақалада жоспарлы баға белгілеу мәселелері жөнінде біздің алдымызда тұрған барлық міндеттерді қамту мүмкін емес. Сондықтан да бағаны белгілеудің республикамыздың жағдайларына сай келетін теориясы мен практикасы мәселелерін баспасөз бетінде әлсін-әлсін көтеріп, өзіндік құн мен баға дәрежесін анықтау, баға белгілеудің өзге де мәселелері жөнінде тиісті ұсыныстар беріп отырған жөн болар дейміз. Солай бола тұрса да осы мақалада баяндалған мәселелердің өзінен-ақ таяудағы 1,5—2 жыл ішінде жана көтерме сауда бағасы мен есеп айырысу бағасын белгілеп, бекіту жөнінде орасан көп жұмыс жүргізуге тура келетінін көруге болады.

Республикада баға жөніндегі комитет құрылғанымен, министрліктер мен ведомстволар бұл маңызды мәселелерді шешуден тыс қала алмайды. Комитет негізінен министрліктер мен ведомстволар, облыстық атқару комитеттері белгілеп, ұсынған бағаның жобасын қараумен шұғылданады. Олай болса, барлық министрліктер мен ведомстволарда, облыстық атқару комитеттерінде баға белгілеу жөнінде аппарат құрып, оларды кадрлармен нығайту қазіргі уақытта бірінші кезекте тұрған міндет болып табылады.

Баға белгілеу — мемлекеттік зор маңызы бар мәселелердің бірі. Партия мен үкіметтің бұл мәселе жөнінде алға қойған міндеттерін ойдағыдай орындауды қамтамасыз ету — біздің абыройлы борышымыз.

Ғ. СМАҒҰЛОВ,

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті
жаанындағы Баға жөніндегі мемлекеттік
комитеттің председателі.

ҰРАНЫМЫЗ — ҰҚЫПТЫЛЫҚ

Алматы ауыр машина жасау зауытының бас экономисі

А. ПЕТРОВ жолдасымен аңгіме

Москвалықтар мен ленинградтықтардың көтерген бастамасының бүкіл халық шаруашылығы үшін маңызы орасан зор. Мұның өзі — сентябрь Пленумының үнемдеу тәртібін қатаң сақтау, ысырапқорлыққа, материалдар мен қаржының орынсыз жұмсалыуына жол бермеу жөніндегі нұсқауларын жүзеге асырудың бір көрінісі.

Біздің зауыттың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері бастаманы цехтардың жалпы жиналысында талқылап, тиісті ұсыныстар жасады. Сонымен қатар партия комитетінің шешімімен құрылған арнайы комиссия бір апта жұмыс істеп, завод көлемінде үнемдеу тәртібін жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастырды. Кейіннен жалпы жиналыста социалистік міндеттеме қабылданды.

Завод коллективі 1966 жылы товарлы және жалпы өнім шығару жоспарын 27 декабрьге орындап, жоспардан тыс 160 мың сомның өнімін беруге, 500 тонна металл, 500 мың киловатт-сағат электр энергиясын, 550 мегакалорий жылу қуатын, сондай-ақ 6 мың сомның түрлі материалын үнемдеуге, өнімсіз шығындарды азайтуға уәде берді.

Завод жасап шығаратын машиналарды жаңғырту (модерлендіру), металл прокаттарын пішуді жақсарту, металл қалдықтарын пайдалану, металды балғамен ұрып бөлу орнына арамен кесуге көшу, механикалық-құрастыру цехында универсалды құрастыру тетіктерін қолдану нәтижесінде көп металл үнемдемекшіміз. Үнемделген металдан завод «BC-1/550» маркалы 63 стан жасап шығара алады.

Дегенмен үнемдеудің негізгі көзі өндіріске ең жаңа техника мен технологияны, озат тәжірибені кеңінен енгізу болмақ. Бұл арада жоспарлауды жақсарту, еңбекті дұрыс ұйымдастыру ісінің де маңызы арта түспек.

Металл үнемдеу жолындағы күреске конструкторлардың елеулі үлес қосатыны жұртқа мәлім. Конструкторлар металды машиналардың конструкциясын қайта қарап, салмағын азайту арқылы үнемдейді. Мысалы, «Гипрометиз» институтының тапсырмасы бойынша өткен жылы завод конструкторлары темір катанкада тұрып қалған қақты механикалық жолмен қырып тастауға арналған желінің жобасын жасады; завод оны жасап шығаруды игерді. Соның нәтижесінде желінің салмағы 4,2 тонна, металл мен материалдардың шығыны 8,1 тонна кеміді. Биыл осындай 20 желі жасалмақ. Мұның өзі машиналардың таза салмағын 84 тонна кемітіп, 150 тоннадан астам металл мен материалдар үнемдеуге мүмкіндік береді. Үнемдеген металл мен материалдардан «BC-1/550» маркалы 20 стан жасауға болады.

Бұрын завод басқа бір типтегі салмағы 118 тонналық орау аппаратын жасаған болатын. Оны жасауға 182 тонна металл мен материал жұмсалған-ды. В. Колесов, И. Сиволобов, В. Волков, О. Усенко, Л. Шлиомензон, Г. Сосенко сынды бір топ конструктор бұл аппараттың мүлде жаңа конструкциясын ұсынды. Оны өндіріске енгізу нәтижесінде завод екі аппаратқа арналған металдың өзінен үш аппарат жасай алады. Биыл осындай бір аппарат жасау белгіленіп отыр. Одан 68 тонна металл мен материал үнемделмек.

Тағы бір мысал келтірейік. Жас конструктор Ю. Чернов жолдас орау аппараты блоктарының конструкциясын өзгертті. Соның нәтижесінде қолға өте сирек түсетін металл — қоланы үнемдеуге мүмкіндік туды. Тек осының өзінен ғана завод жылына 11 мың сомнан астам пайда түсіре алады.

Бас конструктор бөлімінде толғағы жетіп, жобасы жасалған «BCT-1/1500» станын айтпай кетуге болмайды. Бұл Совет Одағындағы тұңғыш мол өнімді жабдық. Оны өндірістік сынақтан өткізу тамаша нәтиже берді.

Конструкторларымыз прокат станындағы қола втулкаларды капрон втулкалармен ауыстырды. Соның арқасында әрбір тоннадан 800 сом үнемделуде.

Завод конструкторларының бұлардан басқа да жаңалықтары бар. Олар әрбір іске үнемшілдік, ұқыптылық көзбен қарайды.

Конструкторлар бюросының бастауымен, жаңашылдардың қатысуымен биыл басты 8 машинаның үлгісі жасалып, сыннан өткізілмек, ал басқа 15 машинаның үлгісі түрлі өнеркәсіп орындарында сыналмақ.

Тағы бір айта кететін жайт, зауыттың бас конструкторы В. Колесов жолдас партком секретарының бірінші орынбасары, халықтық бақылау комитетіне көмектесу тобының председателі міндетін қоса атқарады. Москвалықтар мен ленинградтықтардың бастамасына сәйкес көмектесу тобының жұмысын жандандыруға мұның игі әсері болып отыр. Топ мүшелері — коммунистер, комсомолецтер, партияда жоқ актив қазір металдың, электр және жылу энергиясының, отынның, басқа да материалдардың үнемделу барысын қадағалап, кездескен кемшіліктерді жою жөнінде нақты ұсыныстар жасап отырады.

Бұлармен қатар зауытта цехтық топтар мен постылар, «Комсомол прожекторы» штабы жұмыс істейді. Штаб үнемдеудің барысы жөнінде бір айда екі рет тексеру рейдін ұйымдастырады.

Әрбір цехта материалдарды жұмсаудың лимит карточкалары бар. Бұдан қандай материалдың қанша артық яки кем жұмсалғанын, қанша үнемделгенін күнбе-күн біліп отыруға болады.

Заводта металл үнемдеу жөнінде жүзеге асырылып жатқан осындай шаралармен қатар келешекте қолға алынатын күрделі істерді де айта кеткен жөн. Мұндай шаралардың бірі — пішу учаскесін ұйымдастыру. Бұл мәселені түбегейлі шешпейінше заводта металл үнемдеу, еңбек шығынын азайту міндетін толық жүзеге асыру мүмкін емес. Мұның мәнісі мынада. Қазір заводқа керекті бүкіл металл қоймада сақталады. Әрбір цех металды қоймадан жаздырып алады да, өз еркімен жұмсайды. Тіпті кіпкішкене бөлшек пен тетік үшін де толып жатқан тұтас металды яки қалың бір тақта темірді кесіп алуға тура келеді. Қалған бөлегі басқа бір қажетке жаратылады немесе қайта қорытуға беріледі; сөйтіп оған қосымша уақыт, еңбек жұмсалады. Металдың ойып алынған бөлегі жонылып, өңдеуден өткізіледі. Жону үстінде біраз металл тағы шығын болады. Ал біздің заводтың жылына 10 мың тонна прокат машина-жабдықтарын шығаратынын ескерсек, бұл металл ысырабының қаншалық көп екені айқын көрінеді. Егер бүкіл завод бойынша металл бір жерден пішілсе, орасан мол металл үнемделіп, қажетке жаратылар еді, еңбек өнімділігі артып, өндірілетін өнім мөлшері үш есе көбейер еді.

Пішу учаскесін күрделі қаржы жұмсамай-ақ ұйымдастыруға болады. Тек оған орын керек. Ал заводта бос жер жоқ. Заводтан шалғай жерде бөлімше салу экономикалық жағынан тиімді емес. Біз қазір тиісті орындардың алдына бұл жөнінде мәселе қойдық.

Заводта отын, жылу және электр энергиясын үнемдеу мәселесі көп уақыттан бері қолға алынып келеді. Мәселен, жеті жыл ішінде завод коллективі 1 656 тонна шартты отын, 21 347 геккалорий (миллиард калорий) жылу энергиясын, 7 545 киловатт-сағат электр қуатын үнемдеді.

Энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануға завод көлемінде жүзеге асырылған мына шаралар көмектесті: энергетикалық құрылыстар қайта салынды; энергетикалық тұтыну қондырғылары жетілдірілді; жасалатын машиналар жаңғыртылды және технологиялық процестер жетілдірілді; оттегі станциясы қайта салынды; компрессорлық машиналар жаңғыртылды және басқа көптеген жаңалықтар енгізілді.

Бірақ заводта энергетикалық ресурстарды пайдалану шығынын бұдан да азайтуға көмектесетін мүмкіндіктердің бәрі толық жүзеге асырылды дегуге болмайды. Бұған заводтың да, бұрынғы Алматы халық шаруашылығы советінің де басшылары кінәлі. Мәселен, 1961 жылы котельный салған кезде Алматы халық шаруашылығы советі котел агрегаттарын жылуды үнемдейтін қондырғымен, отынның жануын бақылауға, жылу қуатының өндірілуін және отынның жұмсалуын есепке алуға арналған бақылау-өлшеу аспаптарымен қамтамасыз етпеді. Онан кейінгі жылдары заводты қалалық жылу жүйесіне қосып, котельныйды тоқтату мақсаты көзделді. Бірақ бұдан осы күнге дейін ешқандай нәтиже шықпай келеді.

Бақылау-өлшеу және есептеу аспаптарының болмауы отынның жануын, котел агрегаттарының өнімділігін реттеуді қиындатып жіберді. Сонымен қатар бұл жұмысшыларға котельныйдың экономикалық көрсеткіштерін арттырғаны үшін сыйлық беру мүмкіндігінен айырып отыр. Ал жоғарыда аталған аппараттарды орнату шамамен 1—1,5 процент шартты отынды үнемдеуге жағдай туғызар еді; мұның өзі — жылына 75—110 тонна мазут үнемдеумен тең.

Ұста цехының қыздыру пештері ауаға кететін газдың жылуын алып қалатын тетікпен (утилизаторлармен) жабдықталмаған. Ұйымдастыру-техникалық шаралар жоспарына сәйкес утилизаторлар сатып алып орнатса, оның өзі жылына 300 тонна шартты отын үнемдеуді қамтамасыз етер еді.

1964 жылы завод бұрынғы Алматы халық шаруашылығы советінің шешімі бойынша мемлекеттік банктен кредитке ақша алып, оттегі станциясын кеңейтті. Станция сағатына 300 текше метрге дейін оттегі бере алатын дәрежеге жетті. Шешімге сәйкес Алматы қаласындағы өнімді аз беретін, шағын оттегі қондырғыларының бәрі тоқтатылып, барлық кәсіпорындар мен мекемелерге оттегін біздің завод жеткізіп беруге тиісті болатын. Халық шаруашылығы үшін маңызы зор бұл шараны жүзеге асыру оттегінің өзіндік құнын 2,2 есе арзандатады (бұл жылына 257 мың сом үнемделеді деген сөз), қаладағы оттегін өндірумен шұғылданатын 180—200 адамды басқа жұмысқа ауыстыруға және жылына 1,8—2 миллион киловатт-сағат электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бірақ тиімсіз, өнімсіз ұсақ қондырғылардың жұмысын тоқтату мәселесін қалалық және республикалық ұйымдар әлі күнге дейін шеше алмай отыр. Бұған ең алдымен тар шеңберлі ведомстволық кедергілер кесірін тигізуде.

Заводта энергетикалық ресурстарды пайдалану жөнінде бұдан басқа да кемшіліктер бар. Ол кемшіліктердің тезірек жойылуы биыл және бұдан кейінгі жылдарда отынды, жылу және электр энергиясын үнемдеу жөнінде белгіленген шараларды ойдағыдай жүзеге асыруға көмектеседі. Ал завод коллективіне келетін болсақ, біздің жұмысшыларымыз бен инженер-техник қызметкерлеріміз үнемшілдік пен ұқыптылық жолындағы жарысты барған сайын кең өрістете береді.

Жазып алған
Қ. ӘЛИАСҚАРОВ.

Ташкент Декларациясы— бейбітшілік докумені

Үстіміздегі жылдың 10 январында халықаралық маңызы орасан зор саяси документ — Ташкент Декларациясына қол қойылды. Бұл Декларация Үндістан мен Пакистан арасындағы жаңа қатынастардың негізін қалады, азиялық осы екі ірі державаның арасында туған шиеленісті, талас мәселелерді шешуге даңғыл жол ашты. Сонымен бірге Азияның аса маңызды ауданы Үндістан түбегінде бейбітшілікті баянды етіп, оны сақтаудың нақтылы шарттары белгіленді.

Ташкент келіс сөздерін жүргізуге бұдан төрт жарым ай бұрын Азияның екі ұлы елінің — Үндістан мен Пакистанның арасында ай жарымға созылған соғыс қимылдары, соған байланысты басқа да мәселелер себепші болды.

Осыдан 18 жыл бұрын, яғни 1947 жылы азаттық жолында күресуші Үндістан патриоттық күштерінің тегеурініне төзе алмаған ағылшын отаршылары оған тәуелсіздік беруге мәжбүр болғанды. Бірақ «суға кеткен тал қармайды» дегендей, олар Үндістан түбегіндегі өз позициясын сақтап қалу мақсатында Үндістан мен Пакистан мемлекеттері арасындағы даулы мәселелерді, атап айтқанда Инд өзені, әсіресе Кашмир жөніндегі мәселелерді аяқсыз қалдырды. Содан бері қарай Кашмир мәселесі екі ел арасындағы келіспеушіліктің басты себебі болып келгенді.

Осы жылдардың ішінде империалистік реакцияшыл күштер Пакистан мен Үндістанның ішкі істеріне араласып, екі елдің Кашмир жөніндегі келіспеушіліктерін, таластарын онан әрі өршіте түсті. Мұның себебі, біріншіден, Кашмир Совет Одағына жақын орналасқан және Ауғанстан, Қытай Халық Республикасы, Үндістан, Пакистан елдерінің шекараларымен түйісіп жатқан стратегиялық аудан болса, екіншіден, бұл ең бір бай өлке. Сондықтан империалистер мұны өз мүдделері үшін мықтап пайдалануды көздейді.

Үндістан түбегіндегі ағылшын әріптестерінің орнын басып қалу мақсатымен Америка Құрама Штаттарының билеп-төстеушілері Кашмирді өздеріне қаратып алуға, онда өз ықпалын, үстемдігін жүргізуге тырысып бақты. 1947 жылдың 10 октябрінде, яғни Үндістанға тәуелсіз-

дік берілген күннің ертеңіне-ақ Кашмирді қару күшімен басып алуға тырысып, көшпелілер киімін киген мыңдаған адам оған шабуыл жасады. Бұларды американ соғыс қызметкері Хэйттің басқарғаны да жұртқа мәлім. Бұдан кейін де батыс елдері, Вашингтон саясатшылары Біріккен Ұлттар Ұйымының алдына «Тәуелсіз Кашмир», «Бейтарап Кашмир» құру туралы талай рет мәселе қойды. Бірақ олардың бұл әрекеттері мен айла-шарғысынан ешнәрсе де шықпады. Кашмир патриоттары, бүкіл прогресшіл жұртшылық оларға қатты тойтарыс берді. Дегенмен американ империалистік топтарының әрекеттері тіпті ізсіз қалмады. Оны Кашмирдегі, Үндістан мен Пакистандағы реакцияшыл күштер қолдады. Соның салдарынан Кашмир екіге бөлініп, Пакистан мен Үндістан арасындағы жанжал-таластың басты себебіне айналды. Ақыры бұл екі елді соғыс қимылдарына киліктірді.

Кашмир мәселесін және басқа даулы мәселелерді бейбіт жолмен реттеу мақсатында Совет үкіметі Пакистан мен Үндістан мемлекеттері басшыларын кездесуге шақырды. Жұртқа мәлім, бұл кездесуді екі ел басшылары да мақұлдады. Сөйтіп, Өзбекстан астанасында жеті күнге созылған келіс сөз жүргізілді. Бұл келіс сөз тарихи Ташкент Декларациясына қол қойылумен аяқталды. Оған бүкіл әлем назар аударды. Декларацияға қол қоюдың Ташкентте болған салтанаты туралы сол күні-ақ дүние жүзінің барлық ең ірі информациялық агенттіктері «Молния», «Тығыз» деген тақырыптармен хабар берді.

Екі жақ — Үндістан мен Пакистан елі — бір-біріне қарсы күш қолданбауға, өздерінің арасындағы дауларды бейбіт жолмен шешуге, өздерінің барлық қарулы күштерін 1966 жылдың 25 февралынан қалдырмай 1965 жылғы 5 августқа дейінгі тұрған орындарына қайта әкетуге, бір-бірінің ішкі істеріне араласпауға, екі ел арасындағы экономикалық және сауда байланыстарын қалпына келтіріп, оны дамытуға, екі елге қатысы бар мәселелерді талқылау үшін ең жоғарғы дәрежедегі, сондай-ақ басқа дәрежедегі кездесулерді жүргізе беруге, бір-біріне

қарсы насихат жүргізбеуге келісті. Декларацияда: «...Үндістан мен Пакистан арасындағы қазіргі қатынастарды талқылай келіп, осымен өз елдері арасындағы дұрыс және бейбіт қатынастарды қалпына келтіруге, өз халықтары арасындағы өзара түсінісушілік пен достық қатынастар орнауына көмектесуге берік бел байлап отырғандықтарын мәлімдейді. Олар бұл мақсаттарға жетуді Үндістан мен Пакистанның 600 миллион халқының игілігі үшін өмірлік маңызы бар іс деп санайды» делінген.

Декларация байсалды және екі жақтан да — Үндістан және Пакистан жағынан да — көрсетілген достық келіс сөздің нәтижесі болды. Бұл түсінікті де еді. Өйткені Үндістан мен Пакистан халықтарының ортақ мүдделері көп. Олар шетелдіктердің үстемдігіне қарсы қол ұстасып қаһармандық күрес жүргізді. Осының нәтижесінде отаршылдықты талқандаған жеңіске ие болды. Бұл жеңіске жету үшін ортақ құрбандықтар жасалды.

Мұнымен қатар Үндістан мен Пакистан халықтарының алдында тұрған бүгінгі міндеттер де көбінесе бірдей болып отыр. Екі елдің халықтары да ірі экономикалық проблемаларды шешуге, өздерінің әл-ауқатын, тұрмыс дәрежесін жақсартып, одан әрі прогреске жетуге ұмтылуда. Ол үшін бейбітшілік қажет екенін, екі ел арасындағы қан төгіс соғысқа жұмсалып келген қаржының бұдан былай азаматтық өндірісті дамытуға, көп жыл бойы үстемдік етіп келген отаршылдық қалдығын толық жоюға қажет екенін жақсы түсінеді. Осы тұрғыдан алғанда да Ташкент Декларациясы Пакистан мен Үндістан арасындағы жанжал мәселелерді, алауыздықтарды шешіп реттейтін жолды, екі елдің даму тарихындағы жаңа бет бұрысты ашып берді.

Ташкент Декларациясы Үндістан мен Пакистанның ізгі ниеттерінің екі ел басшыларының мемлекеттік кемеңгерлігі мен реализмінің документі ғана емес, сонымен бірге Совет Одағының бейбіт саясатының жеңісі, оның шынайы достық көмегінің жемісі болып табылады.

Үндістан мен Пакистан халықтары, бүкіл дүние жүзіндегі прогресшіл адамзат Ташкенттегі кездесудің нәтижелерін шын жүректен қызу құттықтады, Үндістан президенті Радхакришнанның Ташкент Декларациясы тек заңдылық және моральдық документ қана емес, ол — «өзара кәміл сенім документі», ол — барлық елдерді бейбітшілікке шақырған» келіс сөзге шақырған документ деп мәлімдеді.

Үндістан Коммунистік партиясы ұлттық советінің қарарында былай делінген: «Ташкент Декларациясы Үндістан мен Пакистан халықтарының достық қатынас орнатуға мейлінше ұмтылған талабына сай келеді. Үндістан мен Пакистан халықтары тек көрші халықтар ғана емес, жал-

пы тарихи және мәдени дәстүрлерімен, өз тәуелсіздігі жолындағы күрес тарихымен бір-біріне тығыз байланысты туысқан халықтар. Күш қолданудан бас тарту жөніндегі берік міндеттеме алған және барлық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу принциптерін баянды ететін Ташкент Декларациясы шешілмеген барлық проблемаларды реттеу үшін және Үндістан мен Пакистан арасында берік және мызғымайтын негізде достық орнату үшін күш-жігер жұмсауға жол ашады».

Пакистанның президенті Мохаммед Айюб Хан өзінің Үндістан президенті Радхакришнанның атына жолдаған хатында марқұм Лал Бахадур Шастридің екі ел арасындағы барлық тапас мәселелерді Үндістан түбегінде бейбітшілікті сақтау үшін әділетті негізде шешуге ұмтылғанын, ол үшін барлық күш-жігерін салғанын айта келіп: «біз Ташкентте өте маңызды бастама жасадық» деп мәлімдеді.

Ташкент Декларациясына социалистік елдердің баспасөзі аса жоғары баға берді. Өзбек республикасының астанасында аяқталған келіс сөз, деп жазды Чехословакия газеті «Праце», өзінің маңызы жағынан Үндістан түбегі шеңберінен шығып кетеді, ол екі елдің арасындағы ұзаққа созылған және хауіпті таластарды бейбіт жолмен реттеу идеясын ұсынып қана қоймай, сонымен қатар жалпы бейбіт келіс сөз жүргізу идеясын, бейбіт қатар өмір сүру идеясын ұсынды; Совет Одағы халықаралық аренада бейбітшіліктің факторы екенін тағы да айқын көрсетіп берді, оның бейбітшілікті сақтау жөніндегі ықпалы мен беделі үнемі артуда.

Польшаның «Жице Варшавы» газеті былай деп жазады: «Ташкенттегі келіс сөздер жер-жердің бәрінде СССР дипломатиясының зор табысы және батыс державаларының отаршылдық саясатына берілген тағы бір соққы деп бағаланып отыр. Ташкент Декларациясы — маңызды саяси документ. Ол Азиядағы екі ұлы мемлекет арасындағы соғыс жанжалына тыйым салып, қиыншылықтарды жоюдың жолын көрсетіп берді және дүние жүзінің осы аса маңызды ауданындағы жағдайдың түзелуіне көмектеседі».

Африка елдерінің газеттері де Ташкент Декларациясының тарихи маңызын ерекше атап көрсетуде. Ташкенттегі кездесу, деп көрсеткен Алжирдің «Эль-Муджахид» газеті, тарихтан орын алады, өйткені бұл кездесу келісімге қол қоюмен аяқталды, ал осы келісім өзара қырқысқан соғысты біржола тоқтатып, Үндістан мен Пакистанды ажырастырып келген проблемаларды бейбіт жолмен шешуге жеткізеді. Үндістан мен Пакистан бейбітшілік орнату жолында орасан зор қадам жасады, ал Ташкент конференциясы бұл жолдағы маңызды кезең болып табылады.

Алайда батыс елдердің бірқатар идеологтары мен баспасөздері Ташкент кездесуінің бірінші күнінен бастап оның ақырғы сағатына дейін бұл «сәтсіздікпен аяқталады» деп лепірді. Бірақ келіс сөздің нәтижелі болғанын көргеннен кейін олар сөз сарынын дереу өзгертіп, мұны қалайда мойындауға мәжбүр болды. Тіпті осы келіс сөзге басты орын берген Би-Би-Си радиосы да басқаша сөйледі. Франс Пресс агенттігінің тілшісі, «Манила таймс» газетінің белгілі шолушысы Х. В. Крус декларация «жарық сәуле нұрындай-ақ, есуастық соғыстың және халықтар арасындағы өшпенділіктің қаратүнек көрінісін жойып жіберді» десе, Юнайтед Пресс Интернэйшнл агенттігінің тілшісі Генри Шапиро декларация «Үндістан мен Пакистан арасында Кашмирдің салдарынан туған 18 жылдан бергі араздықты тоқтату жолындағы маңызды қадам», «сонымен қатар Совет Одағының осы екі ел арасында бейбітшілік орнату мақсатымен жұмсаған теңдесі жоқ күш-қимылының салтанаты» деп жазды. Бұл мойындаулар Ташкент Декларациясының халықаралық қатынаста, дүние жүзілік дипломатияда алатын тарихи орнын тағы да айқын сыпаттайды.

Бұл тарихи документ Үнді-Пакистан таластарын, алауыздықтарын сақтап, оны онан әрі өршітуге ұмтылып отырған, осының нәтижесінде өздеріне пайда табуды арман етіп отырған агрессияшыл күштердің, «бөліп ал да, билей бер» дейтін саясатты жақтаушылардың толық сәтсіздікке ұшырағанын көрсетеді.

Совет Одағы бейбітшілік, достық, өзара ынтымақ саясатын дәйектілікпен және табанды түрде жүргізуде. Біздің еліміз Азия, Африка және Латын Америкасы елдерімен туысқандық байланысты нығайтуды империализмге қарсы күштердің біртұтас майданының ынтымағын, бірлігін күшейтудің, ұлт-азаттық қозғалысты нақты қолдаудың айқын айғағы деп есептейді.

Ташкенттегі келіс сөз тіпті ең қиын халықаралық даулы мәселелерді де шыдамды келіс сөз жүргізу жолымен шешуге болатынын және шешу керек екенін көрсетіп берді. Бұл басқалар үшін де үлгі аларлық сабақ. Ташкент Декларациясының тарихи маңызы да міне осында.

Қазір екі елде де Ташкент Декларациясының шаралары нақтылы жүзеге асырыла бастады. Бүкіл үндістандық бейбітшілік советі февральда Ташкент айлығын өткізу туралы шешім қабылдады. Ондағы мақсат — үнді халқының арасында Ташкент рухын баянды ету. Марқұм Л. Б. Шастридің орнына сайланған Үндістанның премьер-министрі Индира Ганди елдің мүддесі үшін Неру мен Шастридің сыртқы және ішкі саясат жөнінде ұстаған бағытынан айнымайтынын мәлімдеді.

Үндістан мен Пакистан арасында неғұрлым жақсы қатынастар орнаса, Үндістан түбегінде халықтардың көркею заманы соғұрлым тезірек туатын болады.

Ә. МАХМУДОВ.

Әдет-ғұрып пен дәстүрдің даму диалектикасы

Жаңа адам тәрбиелеу—әрі күрделі, әрі маңызды мәселе. Сайып келгенде партиямыздың бүкіл идеологиялық жұмысының арқауы осы мәселеге тіреледі. Сондықтан жаңа адам тәрбиелеуге арналған еңбектің қандайы болсын осы ұлы мақсатқа үлес болып қосылатыны анық. Соңғы жылдары бұл тақырыптан бірқатар зерттеу еңбектері жарық көрді. Солардың бірі — философия ғылымының кандидаты Н. Сәрсенбаевтың «Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер дамуда»* деген монографиялық еңбегі. Мұның өзі автордың көп жылдардан бері жинап жүрген материалдары мен ойларының, философиялық байымдауларының жемісі.

Н. Сәрсенбаевтың монографиясында әдет-ғұрыптың қалыптасу заңдылығы сатылап көрсетіледі. Инстинктің дағдыға көшкені, бертінірек дағдының әдет-ғұрыпқа, одан соң белгілі бір тарихи жағдайларда дәстүрге айналғаны, келе-келе ұлттық әдет-ғұрыптың шыққаны айтылады. Сонымен бірге тұрмыстағы ескі мен жаңаның күресі, еңбекшілерді интернационализм рухында тәрбиелеу, коммунистік әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді дамытып, тарату жайы кең сөз етіледі.

Алғашқы адамдар қауымында кейбір дағдылық нышандар болған. Бірақ мұндай дағды, сол сияқты инстинкт тек алғашқы адамдарға ғана емес, сонымен бірге кейбір хайуанаттар мен жануарларға да (мысалы, маймыл, жылқы, ит, сиыр) тән болғаны ақиқат. Дағдының белгілі бір географиялық, табиғи, тарихи жағдайларға орай өмір сүруге бейімделу кезінде талай қайталанғаны да белгілі. Дағды — әдет-ғұрыптың ең алғашқы және ең төменгі түрі. Дағды, дейді автор, негізінде жеке адамдарға ғана тән қасиет болса, әдет-ғұрып адамдардың белгілі бір тобына, қоғамға тән қасиет.

Осыдан келіп автор әдет-ғұрыптардың бірте-бірте тұрмыстағы қорқыныш пен қуанышқа байланысты, өмір мен өлім қасиеттерінің көңіл күйге өртүрлі әсер етуіне байланысты ұдайы өзгертінін, белгілі бір жағдайда қалыптасып, бірден бірге, атадан балаға мирас болып қала

беретінін жазады. Сондықтан біз ең алдымен жалпы рулық, одан соң тайпалық, таптық, халықтық, ұлттық, жалпы ұлттық әдет-ғұрыптардың қалыптасу, даму заңдылығын немесе олардың бірте-бірте күні өтіп, жойылып кеткендігін байқаймыз. Таптық қоғамдарда әдет-ғұрыптардың да таптық болатынын автор дұрыс көрсетеді.

Бұл еңбекте көптеген анықтамалар, топшылау пікірлер, қорытындылар бар. Дағдыдан әдетке көшу, дейді автор, санның сапаға көшуіндегі секіртпе. Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді бұқараның түйсігінің психикасы мен санасын билейтін үлкен күш деуге болады. Бұлар түрлі мейрамдар, спорт ойындары, діни уағыздар арқылы халықтың санасына сіңіп, бекіп отырады.

Кітаптағы маңызды мәселенің бірі — автордың әдет-ғұрыптарға берген анықтамасы. Әдет-ғұрып — адамдардың қоғамдық тұрмыстағы қарым-қатынастарының тарихи қалыптасқан тұрақты нормасы. Бұдан соң автор дәстүрлерге анықтама береді. Автордың жазуынша, дәстүрлердің әдет-ғұрыптан өзгешелігі, бұлардың тым кеңірек, күрделірек тәсіл екендігінде. Автор өз зерттеуінде жалпы әдет-ғұрып жөнінде пікір айта отырып, ұлттық әдет-ғұрыпқа, ұлттық психикаға анықтама береді.

Осы тұста автордың тағы бір айтатыны, ол ұлттық психика ұлттық сезімнен басталады дейді. Оған дәлел ретінде адамдардың туған жердің табиғатына, ауа райына сүйіспеншілігін, оның тауы мен қырын, орманы мен өзенін мадақтауын, ал бетен жерде жүргенде аңсап сағынуын мысалға келтіреді. Біздіңше, кітаптың бұл тарауындағы автордың тұжырымдары дұрыс сияқты. Бірақ оның ұлттық әдет-ғұрыптар жөніндегі кейбір пікірлері әлі де болса зерттеуді, дәлелдеуді керек етеді.

Мәселен, автордың ойынша қалың мал, пәранжа ұлттық дәстүр бола алмайды, себебі бұлар — рулық немесе алғашқы таптық қоғамның сарқыншақтары. Бәлкім, шығу тегі жағынан бұлардың солай болуы мүмкін. Ал енді осыдан келіп бұлардың капитализм кезінде пайда болған ұлттық әдет-ғұрыптарға ешқандай қаты-

* Н. Сәрсенбаев. Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер дамуда. «Қазақстан» баспасы. Орыс тілінде. Алматы, 1965 жыл.

сы жоқ деуге бола ма? Әрине, буржуазияшыл ұлтшылдар алғашқы өрлеу дәуірінде феодалдық немесе патриархалдық-феодалдық сарқыншақтарға қарсы болған. Бірақ бұл қарсылықты тікелей, сол мағынада түсінуге бола ма? Біздіңше, олай емес. Автор жоғарыда аталған сарқыншақтардан басқа капитализмнің өзінің ұлттық дәстүрлерін іздемекші болады. Бірақ мұндай дәстүрлерді жөнді таба алмайды. Сондықтан ұлттық әдет-ғұрып деген не? — деген заңды сұраққа автордың берген жауабы онша нанымды болып шықпаған.

Шынында ұлттық әдет-ғұрыптар, бір жағынан, ұлттық сезімнен және психикалық тәсілден құралатын болса, екінші жағынан, капитализмге дейінгі қоғамдарда қалыптасып, бірте-бірте халықтардың қанына сіңіп, санасымен жымдасқан тәсілдердің жиынтығынан тұрады. Автордың әуелгі пікірлері де осы тәрізді еді. Айталық, бір қоғамның орнын екінші қоғам басқанда алдыңғы қоғамның әдет-ғұрыптары түгелімен жойылып кетпейді. Олар белгілі бір жағдайларға дейін сақталады. Сондай-ақ әдет-ғұрыптардың таптық қоғамдарда таптық мәні болатынын еске алсақ, феодализм дәуіріндегі таптық әдет-ғұрыптардың капитализм тұсында да орын теуіп, сақталатынын мойындамасқа әсте болмайды. Сөйтіп бұлар капитализм тұсындағы ұлттық әдет-ғұрыптардың жалпы құрамына кіреді.

Кітаптың тәуір баяндалған беттері — халықтардың патриотизм мен достық дәстүрі. Марксизмнің басқа халықты езуші халықтың өз басында ерік болмайды деген қағидасы бар. Осы қағиданы кітаптың желісі ете отырып, автор қарама-қарсы таптары бар антагонистік қоғамдарда бір ұлт пен екінші ұлттың арасында тек арандату саясатының жүргізілетінін, ұлт араздығының қоздырылатынын, ал мұның түптеп келгенде үстем таптарға ғана пайдалы екенін көптеген нақты фактілер, мысалдар арқылы ашып көрсетеді.

Бұл арада айта кететін бір жәйт, сол ескі дүниенің өзінде еңбекші бұқараның патша өкіметіне деген наразылығы, өмірдің ащы-тұщысын бірге тату елдес, көршілес отырған халықтар арасында шыннайы достыққа жол ашты. Мәселен, сол кездің өзінде-ақ көшпелі қазақ халқы мен отырықшы орыс, өзбек, татар халықтарының арасында тұрмыс жағдайларына орай достық қарым-қатынастар пайда болған. Бұл ретте автор «тамыр-таныс» болу дәстүріне тоқталады. Осы дәстүр бойынша көшпелі қазақтар қалада тұратын «тамырының» үйіне баласын жатқызып мектепте оқытатын болған.

Н. Сәрсенбаевтың кітабында қазіргі Целиноград облысы, Қорғалжын ауданында тұрған балықшы Егоровтың қызы Марияның қазақ жігіті балықшы Дүйсенге ғашық болып, «Дударай» әнін шығару оқиғасы тәуір суреттелген. Сол сияқты

Абай мен Михаэлс, Долгополовтардың, Шоқан мен Достоевскийлердің ізгі достығын бейнелейтін беттер тартымды жазылған.

Еңбекшілерді жұмысшы табының революциялық дәстүрлері рухында тәрбиелеу мәселесіне Н. Сәрсенбаев бірнеше бет арнайды. Соңғы кезде пайда болған жақаевшылар звеносы, шопандар күні, егіншілер күні сияқты жаңа дәстүрлердің зор тәрбиелік маңызы атап көрсетіледі. Әрине, қандай еңбекті алсаңыз да, оның барлық тарауы біркелкі бола бермейді. Осындай пікірді біз Н. Сәрсенбаевтың еңбегі жөнінде де айтар едік.

Біздіңше, бұл еңбектің тартымды жазылған тарауы — «Тұрмыстағы жаңаның ескімен күресі» деген тарау. Автордың сөз ететін тақырыбы — совет дәуірінде халықтарымыздың санасы мен тұрмысында болған түбірлі өзгерістер. Осы тұста автор қоғамдағы дәурені өткен және келешегі бар толып жатқан тұрмыстық салттарға тоқтайды. Солардың бірі — көшпелі тұрмыстан қалған салт — қазақтың киіз үйі. Өйткені көшпелі тұрмыс келмеске кеткенмен, киіз үйдің малшылар үшін әлі де үлкен қажеті бар. Республикамызда 140 мыңдай шопанның қызмет етуі киіз үй мәселесін ойласуды талап етеді.

Бұдан соң кітапта ескіліктің тұрмыста кездесетін әртүрлі қалдықтары талданады. Құрбандық шалу, басқа ұлт адамына үйленуге шек қою сияқты қалдықтар осындай. Автор тұрмыста жоғары мәдениетке жету жолдарын нақты мысалдармен түсіндіреді. Еңбекте феодалдық-байшылдық қалдықтарды жою процесі де нанымды зерттелген. Монографияда көптеген авторлардың пікірі ортаға салынып, оларға ретті жерінде сын айтылады. Бірақ Н. Сәрсенбаев өз тарапынан кесімді пікір айтып, басқалардың ойларын ілгері дамытқан жерлерін ашып көрсетпеген.

Автор рушылдық, қалың мал, өменгерлік секілді қалдықтардың зиянын әшкерелейді, жаңа дәстүрлерді жергілікті жерде кең насихаттау міндетін алға қояды, жаңа дәстүрлерді ескі діни нанымдарға қарсы қоя отыра насихаттайды.

Монографияның соңғы төртінші тарауы «Коммунистік адамгершілік әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің қалыптасуы және дамуы» деп аталады. Ал мұның өзі — маңызды диалектикалық құбылыс. Айталық, совет дәуірінде елімізде әрбір халық өз ана тілінде сауатын ашып, әлеуметтік-саяси жағынан керемет өскені дүние жүзі еңбекшілеріне аян. Сонымен бірге СССР халықтарының екінші ана тілі — орыс тілі. Сондықтан Совет Одағында барлық халықтар өз ана тілімен қоса орыс тілін жақсы білуге ұмтылады. Мұндай заңдылықтың халықтарды интернационалдық рухта тәрбиелеуде маңызы зор. Сондай-ақ жергілікті жағдайларға байланысты қазақ тілін үйренумен бірге

оны өзінің ана тілі деп есептейтін басқа ұлт өкілдері де көп. Бұл да ұлттар арасындағы шектік белгілердің бірте-бірте жойылып, олардың интернационалдық сипаттарының артып отырғанын дәлелдейді. Мәселен, 1959 жылғы санақ бойынша республикамызда басқа ұлттың өкілдерінен 12461 адам қазақ тілін өзінің ана тілі деп жаздырған.

Н. Сәрсенбаев жолдас өзінің кітабында халықтық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің ішінде айтыс пен «жар-жардың» жаңа мазмұнын тауып, оларды дұрыс тарата білудің маңызын атап көрсетеді. Оған дәлел ретінде бірнеше мысал келтіреді. Осы арада біз мына еңбекте айтылмаған, бірақ ондағы пікірлерге тікелей қатысы бар бір фактіні келтіре кетуді жөн көрдік. Өткен жылы март айының аяқ кезінде Қызылорда қаласында облыстық партия комитетінің ұйымдастыруымен «Ескілік қалдықтарын толық жою үшін күрес — коммунистік тәрбие жұмысының құрамды бір бөлігі» деген тақырыпта теориялық конференция өткізілген болатын. Конференция идеялық-теориялық жағынан жоғары дәрежеде өтті. Есте қаларлық және жұртқа әсер еткен бір жай, конференцияға қатысушылар жастарға паспорт, комсомолдық билет тапсыру, жаңа туған нәрестелерге тіркеу куәлігін табыс ету салтанатын көріп, сонымен қоса қазақша өлең жазатын орыс қызы ақын Надежда Лушникова мен қазақ жігіті Тұрлыбек Нұрбековтің үйлену тойына қатысты.

Тойда ақын Асқар Тоқмағамбетовтың сөзіне жазылған «жар-жардың» жаңа түрі шебер орындалып, тыңдаушыларға жақсы әсер қалдырды. Біздің айтайық дегеніміз: осындай жаңа да жақсы бастамаларды елге кеңінен тарата білу керек. Тіпті оларды кино журналдарға түсіріп алған орынды. Расын айтсақ, кей жерлерде осындай жаңа бастамаларды қолдап, дамыту үшін күрес ойдағыдай болмай келеді. Ал ондай жаңалықтарды үздіксіз насихаттау жөніндегі олқылықтар идеология майданының қызметкерлері — біздердің де елеулі кемістігіміз. Н. Сәрсенбаевтың кітабы осындай жаңа әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді жер-жерде кең таратуға шақырады.

Осыларды айта отырып, кітаптағы стилистикалық жеке кемшіліктер мен орынсыз қайталауларды көрсеткен жөн. Мәселен, семьяның даму диалектикасын айтқанда (35—39-беттер), мұны қоғамның қозғаушы күші — өндіріс әдісімен байланыстыра алған дұрыс еді. Айталық, алғаш жеке меншік, Ф. Энгельстің айтуынша, бөренелі үй мен оған тиісті қора-қопсыға пайда болған. Ал бөренелі үйдің шығу дәуірі — моногамдық семьяның да пайда болған кезеңі. Олай болса, бұл екеуінің де шығуына себеп болған нәрсе — белгілі бір дәрежеде өндіргіш күштердің дамуы.

Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің бір өзгешелігі — олардың ұдайы қайталанып отыруы дейді автор. Бұл дұрыс пікір. Қайталанып отыру — құбылыстардың белгілі бір заңдылыққа жақын екенін дәлелдейді және мұндай пікір оларды диалектикалық тұрғыдан түсінудің нәтижесі. Ал онан әрі осы пікірді дамыта келіп автор қайталану әрі жақсы (добро), әрі зиянды (зло) деп топшылайды (91-бет). Біздіңше, бұл мәселенің тек бір жағы ғана. Ал мәселенің негізгі мазмұны оның диалектикалық төркінінде. Мысалы, кеше пайдалы болған әдет-ғұрып бүгін зиянды болуы мүмкін. Немесе нақты бір құбылыс нақты бір жағдайдың өзінде әрі пайдалы, әрі зиянды болуы мүмкін. Бұл жөнінде Н. Г. Чернышевский өзінің «Философиядағы антропологиялық принцип» деген еңбегінде жақсы түсіндіреді.

Жоғарыда айтылған пікірге қосымша мынаны ескерте кету орынды. Кітаптың 102-бетінде автор Ф. Энгельстің дәстүрлерге берген анықтамасын келтіреді. «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбегінде Ф. Энгельс тұрмыстағы діни нанымдарға тоқтай келіп: «Дәстүр — тарихтағы үлкен кедергі, инерциялық күш» деген еді (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалар, II том, 104-бет). Осыдан келіп автор әдет-ғұрыптар тарихтың кертартпа күші деп тұжырым жасайды, бірақ тарихта барлық жағдайда кертартпа күш реакциялық роль атқармаса керек деп келеді де, еңбектің 103-бетінде «халықтық әдет-ғұрып пен дәстүр Энгельстің айтуынша «тарихтың кедергісі және инерциясы» бола тұрса да, әлеуметтік жағынан екі түрлі — прогрестік және реакциялық қызмет атқарады» деп түйеді.

Бұл қорытынды, біздіңше, қисынсыз. Ең алдымен, кертартпа күш прогрестік роль атқарады деген пікір нанымсыз. Өйткені прогресшіл күш бір мезгілде өрі кертартпа бола алмайды, мұның керісінше, кертартпа күш прогресшіл бола алмайды.

Сонсын, жоғарыда келтірілген анықтамадан Ф. Энгельс дәстүр атаулының бөріне қарсы болған екен деген ұғым тұмасқа керек. Еңбектің контекстіне қарағанда, Ф. Энгельс бұл пікірін діни нанымдарға байланысты айтқан. Бұл мәселенің бір жағы ғана. Ал мәселенің басқа да жағы бар. Ол мынау: материалистік диалектика тұрғысынан алғанда әрбір әдет-ғұрып немесе дәстүр белгілі бір қайталанушылықтың нәтижесі. Ал әрбір қайталанушылық құбылыстардың үздіксіз өзгеруі мен түрленуінің қарама-қарсы көрінісі. Осыдан келіп қайталанушылық кертартпа құбылыс болып көрінуі де мүмкін. Бұл — әдет-ғұрыптардың гносеологиялық жағы. Ал олардың тарихтағы роліне келетін болсақ, бұл жағынан әрбір әдет-ғұрып пен дәстүр белгілі жағдайларға байланысты әрқилы роль атқаратыны сөзсіз.

Соңғы жылдары экономика саласында орын тепкен волонтаристік, субъективтік көзқарастардың, жалаң әкімшілік әрекеттердің кей ретте идеология жұмысына теріс ықпал еткені белгілі. Мұның өзі әсіресе өмірде өз ролін атқарып, бүгінгі күндері ұлы мақсатқа — коммунизм ісіне қызмет етіп отырған тұрмыстық салттар мен мәдени дәстүрлерге баға беруден көрініп қалып жүрді. Кейбір теоретиктер әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді саралап, ескілік пен жаңалықты диалектикалық даму тұрғысынан екшеп, ажыратудың орнына бұлардың бәрін «ескірген, дәурені өткен» деп байбалам салды. Мысалы, олар киіз үйді, домбыраны, ақындар айтысын ескіліктің қалдығы деген желеумен өмірден біржола шығарып тастауды ұсынды.

Міне осындай солақай пікірлер мен теріс көзқарастар жөнінде монография авторы партиямыздың соңғы шешімдері тұрғысынан принципті батыл сын айтуы керек еді. Бірақ автор өзінің еңбегінде бұл туралы ештеңе жазбаған.

Соңғы жылдары республикалық «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттері мен «Мәдениет және тұрмыс» журналының бетінде әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер жайы кең сөз болып жүр. Бұл жайындағы мақалалар мен пікір алысуларда дәстүрдің озығы мен тозығы бар екені сарапқа салынып, ескі әдет-ғұрыптарға партиялық тұрғыдан сын айтылған еді, сана мен тұрмыстағы жаңалық насихатталған еді. Бірақ монография авторы қазақ баспасөзіндегі осындай материалдарды көбінесе елеусіз қалдырады.

Кітаптың 111—114-беттерінде «ұлттық сезімдер», 129—132-беттерінде «ұлттық-психологиялық дағды», 129—197-беттерінде «ұлттық тағамдар», 149—280-беттерінде «тамыр-таныстық» деген сөздер, пікірлер орынсыз қайталанып отырады. Сол сияқты цитаталар деректемесі де

біркелкі берілмеген. Кей жерлерде автор деректеме береді де, кейде оны ұмытып кетеді. Әрине, мұндай кемістіктерді қазбалай беруге болар еді. Бірақ біздің айтайық дегеніміз: рецензияланып отырған монография, жеке кемістіктеріне қарамастан, — үлкен ізденудің, үңіле зерттеудің нәтижесі.

Жасыратыны жоқ, адам тәрбиелеу тақырыбына, оның үстіне халықтың санасына сіңген әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің әлеуметтік мәні туралы еңбек жазу оңай емес. Біріншіден, мұндай тақырыпқа ғылыми еңбек жазғанда ғасырлар бойы халықтың санасына сіңіп, онымен бірге жасасып келе жатқан әдет-ғұрыптарға сын айту, халықты реакциялық әдет-ғұрыптардан жирендіріп, прогрестік әдет-ғұрыптарды игеруге баулу — өте жауапты міндет.

Бұл жерде зерттеушінің мәселені өте терең білуімен бірге проблеманы шешудегі шеберлігі керек. Екіншіден, мұндай еңбектің партиямыздың идеологиялық жұмысына тікелей қатысы бар. Сондықтан мұндай еңбекке қойылатын талап та, одан күтетін нәтиже де үлкен. Себебі, мұндай еңбекте ғылыми шыншылдық пен партиялық идеялылықтың ұштасуы қажет. Үшіншіден, қазіргі антикоммунизмнің идеологтары мұндай еңбектерді дұшпандық мақсатқа пайдаланғысы келеді. Әсіресе ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер жайындағы сын пікірлерді барынша бұрмалауға тырысады. Ал Н. Сәрсенбаевтың монографиясы осылардың бәрін ескере отырып жазылғаны көрініп тұр. Сөз соңында айтарымыз: бұл кітапты қазақ тілінде де шығарған мақұл.

Д. КІШІБЕКОВ,

Қазақтың политехника институтының философия кафедрасының меңгерушісі.

ӨМІРДЕН ТУҒАН ӨЗЕКТІ ТАҒЫРЫП

Бүкіл еліміздегі сияқты, Қазақстанның да еңбекшілері 1966 жылды — жаңа бесжылдықтың тұңғыш жылын асқан творчестволық өрлеумен, соны серпінмен бастады. Қазір әрбір өндірісші, әрбір коллектив еңбек вахтасында. Жарыс жалыны лаулап, республикамыздың алуан саналы өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы, құрылысы мен транспорты жаңа табыстарға жетіп келеді. Осының бәрі — еліміздің, бүкіл совет халқының, сүйікті партиямыздың өміріндегі аса зор саяси оқиға болып табылатын КПСС XXIII съезіне өзіндік. Съезд партия мен халықтың жасампаз, қаһармандық істерінің қорытындысын шығарып, жарқын болашағымыздың айбынды міндеттерін белгілейді, жаңа бесжылдық жөніндегі директиваларды бекітеді. Қуанышты күн—съезд ашылатын күн жақындаған сайын оған арналған тартулар да молая түсуде.

Қазір республика өнеркәсібі қызметкерлерінің инициативасын арттыра беруге, еңбек қарқынын күшейтіп, қабілеті мен талантын толық көрсетіп отыруға ұшан-теңіз мүмкіндіктер бар. КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы бұл мүмкіндіктерді, бүкіл экономикамызды онан әрі дамыта берудің даңғыл жолын айқын көрсетіп берді. Пленум шешімдерін жүзеге асыру — республика партия ұйымдарының айбынды міндеті, бүкіл еңбекшілердің игілікті ісі. Ал баспасөз бұл істің әрқашан жаршысы, ұйымдастырушысы болуға тиіс.

«Партиямыз КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерін түсіндіру және жүзеге асыру жөнінде орасан үлкен жұмысты жүргізе отырып, — делінген «Правда» газетінің өткен жылғы 1 декабрь күнгі бас мақаласында, — халық инициативасының тасқынын қолдап, бағыттап келеді, өнеркәсіптің алдына Пленум қойған міндеттерді орындауға еңбекшілерді жұмылдырып келеді. Коллективтік насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы — газеттің ролі бұл жағдайда, қай кездегіден болсын анағұрлым арта түседі».

Міне осы ролін Жамбыл облыстық «Еңбек туы», Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газеттері қалай атқарып келеді? Бұл сұраққа жауап беру үшін осы газеттерде жарияланған материалдарға шолу жасайық.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерін Жамбыл облысының еңбекшілері де қуанышпен қарсы алып, бірауыздан мақұлдады. Пленум алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға олар бір кісідей жұмылды. Бұл жөнінде «Еңбек туы» газетінде «КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдері бірауыздан мақұлдандуда», «Пленум шешімдері жаңа табыстарға жігерлендіруде», «КПСС XXIII съезін табыспен қарсы алайық», «Сентябрь Пленумының шешімдері еңбекте жаңа жігер тудырды» деген және басқа жалпы тақырыппен жұмысшылардың, инженерлер мен техниктердің, шаруашылық басшыларының, партия, кәсіподақ қызметкерлерінің хаттары, мақалалары басылды.

«КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерін жүзеге асырайық» деген рубрикамен берілген кейбір мақалаларда өндіріс тиімділігін арттырудың бай мүмкіндіктері мен резервтері көрсетілген. Мәселен, құрметті шахтер, Қаратау кен-химия комбинатындағы «Молодежный» руднигінің учасок бастығы Ж. Білешбаев жолдастың «Бүгінгі күннің талабы» (16 октябрь) деген мақаласында еңбек пен өндірісті ұйымдастырудағы жақсы әдістер, еңбек озаттарының іс тәжірибесі, техниканы өнімді пайдаланудың жолдары жақсы баяндалған.

Сондай-ақ «Жоспарлауды жетілдіре берейік», «Құрметті борышымыз», «Партияның халық игілігіне қамқорлығы», «Сапа—басты көрсеткіш» деген мақалаларда экономиканы дамытудың маңызды проблемалары сөз етіледі.

«Еңбек туы» газетінде әрқашан, тіпті номер сайын осындай материалдар беріліп отырса нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені Жамбыл — өнеркәсібі жетілдірілген ішінде мықтап өркендеген, индустрияның жаңа салалары құрылған, бүгінгісінен болашағы зор облыстардың бірі. Ол ең алдымен — химиялы облыс. Республикамызда ауыл шаруашылығы үшін әр минут сайын 1 460 килограмм түрліше минералдық тыңайтқыш өндіріледі. Қазақстанның және көршілес республикалардың колхоздары мен совхоздарына тәулік сайын 2 100 тонна минералдық тыңайтқыш беріледі. Міне осылардың көбін өндіріп жатқан Жамбыл облысының кәсіпорындары.

Атағы әлемге әйгілі қазыналы Қаратау, еліміздегі ірі суперфосфат заводтарының бірі осы облыста. Мұнда қос суперфосфат заводы салынып жатыр. Қазақстанның химия өнеркәсібін өркендетудегі негізгі бағыт — минералдық тыңайтқыштар, күкірт қыш-

кылын және фосфорит шикізатын өндіруді одан әрі арттыру. Ал бұл міндетті орындауда Жамбыл облысындағы химия өнеркәсібінің орны ерекше.

Демек, химия өнеркәсібінің бүкіл жұмысын сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерге сай жан-жақты жазып отыру — «Еңбек туы» газетінің абыройлы борышы. Бірақ осы газетте «КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерін жүзеге асырайық» деген рубрикамен берілген материалдардың көбі бір сарынмен, жалаң цифрлардың төңірегінде жазылып жүр.

Мысалға газеттің былтырғы 26 декабрь күнгі номерінде басылған «Өндіріс резервтерін іске қосайық» деген мақаланы алайық. Автор өндіріс резервтері туралы айтудың орнына тақырыбына сай келмейтін цифрларды тізбектей беріпті. «Өнеркәсіп өнімі 1958 жылмен салыстырғанда 1964 жылы 2,4 есе, оның ішінде химия өнеркәсібінің өнімдері 74 процент, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өнімдері 1,5 есе артты. Былғары өнімдерін өндіру облыста 8 есе, құрастырмалы темір бетон 9 есе, электр қуатын өндіру 2,8 есе өсті. Ал өнеркәсіп орындарының негізгі қорлары жетіжылдық ішінде 2,8 есе көбейді» немесе «Еңбекшілер 25 мыңнан астам жаңа, жақсы жабдықталған үйлер алды» делінген. Бұл да өндіріс резерві болып па?

Осы мақалада өнеркәсіптің барлық саласы, темір жол транспорты, құрылыс ұйымдары түгел сөз болған. Ал қандай резервті іске қосу керек екені мақаладан орын таппаған. Рас, мақалада «Облысымыздың өнеркәсіп саласында резервтер мол» деген сөйлем бар. Амал не, сол мол резервтің бірде-бірі көрсетілмейді. Сондай-ақ «Құрастырмалы темір-бетон жасайтын құрылыс кәсіпорындарында резервтерді пайдалану жайы өте нашар» деген сөйлемді оқимыз. Мұнда да қандай резервтер бар екені, олардың неліктен нашар пайдаланылып отырғаны жұмбақ күйінде қалған.

Газетте былтыр Қаратау кен-химия комбинатының Жаңатас руднигі директорының мақаласы жарияланды. Мақаланың тақырыбы «Руда. Өзіндік құн. Құрылыс» деп аталады. Бірақ мақалада бұрыннан жаттығып қалған сарынмен жоспардың жалпы өнім жөнінен орындалу проценті айтылады, жеке табыстар көрсетіледі. Бірақ кәсіпорын жұмысының қаншалықты тиімді екенін анықтап беретін негізгі экономикалық көрсеткіштердің бірі — өзіндік құн ұмыт қалған.

Газеттің қай материалы болсын әрбір еңбеккерді өз ісіне саналы, творчестволық тұрғыдан қарауға тәрбиелеу дәрежесінде жазылуға тиіс. Бұл үшін кәсіпорындардағы істің нақты жайын баяндауы керек. Әсіресе қол жеткен кейбір табыстарды көбірек мадақтап көрсетуден гөрі кәсіпорынның экономикалық жұмысына терең талдау жасау, резервтерді ашу — газеттің бүгін таңдағы басты борышы.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерінде өндірістік қуаттарды толық игеру мәселесіне айрықша назар аударылды. Өйткені әрбір жаңа кәсіпорын, цех өзінің жобалық қуатын неғұрлым тез және толық игерсе, өнімді көп өндіруге, демек, өндіріс тиімділігін артыруға мүмкіндік туады. Бұл маңызды мәселені де «Еңбек туы» газеті жете ескермей келеді. Жамбыл суперфосфат зауытындағы аммофос цехы — жетіжылдықтың перзенті, еліміздегі аммофос өндіретін тұңғыш цех. Ол ауыл шаруашылығына аса бағалы да күрделі тыңайтқыш беруде. Міне осы цех туралы газеттің былтырғы 20 октябрьдегі номерінде арнаулы бөлім берілді, цехтың смена бастығы С. Абашев, аға аппаратшысы Н. Тореханов, кәсіподақ комитетінің председателі В. Микшаков жолдастардың мақалалары басылды. Міне сол материалдарға қарағанда цех мінсіз жұмыс істейтін сияқты.

Ал газеттің бұл арнаулы бөлімінде ең назар аударатын басты мәселе іске қосылғанына екі-үш жыл болған цехтың жобалық қуатты қалай игеріп отырғанында болу керек еді. Бірақ бұл туралы ештеңе айтылмады.

Маңқыстау — қазыналы түбек. Онда «қара алтынның» — мұнайдың сарқылмас мол қоры бар. Таяудағы жылдары Маңқыстаудан 80—100 миллион тонна мұнай өндірілгелі отыр. Құмынан басқа қылтанағы жоқ түбекке жаңа өмір орнады, сәулетті қала салынды. Маңқыстауды игеруде, оның мұнай мен газын, жер қойнауындағы толып жатқан байлығын ел кәдесіне жаратуда өлі көп жұмыс істелуге тиіс, алда талай міндеттер тұр.

Міне сол міндеттерді жүзеге асыруға ат салысу — баспасөздің, ең алдымен Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің төл ісі. Бұл үшін Маңқыстауда қайнаған өмірді, қажырлы еңбекті, табиғат дүлейін жеңе білген совет адамдарының ерлігін, экономиканы өрге бастырудың алуан мүмкіндіктерін кеңінен жазу парыз. Газет жаңа қалада, жұмысшы поселкелерінде еңбек етіп, бақытты өмір сүріп жатқан сан мың еңбекшіге КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи шешімдерін терең түсіндіруге тиіс.

Газет «Маңқыстау — бай қазына», «Шевченко партия ұйымынан хаттар» деген жақсы рубрикалар ашты. Енді осы рубрикалармен қара алтынды түбектен үнемі материалдар беріліп тұрса, жақсы болатын еді. Бірақ бірер айдан кейін бұл рубрикалар көрінбей кетті. Мәселен, «Шевченко партия ұйымынан хаттар» деген рубрикамен Қ. Ізімбергенов жолдастың үш мақаласы басылды да, бұл рубрика сонымен тынды. Рас, «Қалалық комитет және бастауыш партия ұйымы», «Партиялық жұмыс — творчестволық жұмыс», «Талап пен тәрбие» деген тақырыппен берілген материалдар жақсы жазылған. Жас қала, мұнайлы түбек орталығы Шевченко коммунистерінің, партия ұйымдарының үлкен мұнайды игеру үшін күресі жан-жақты баяндалған. Егер осы рубрикамен газет қалалық партия комитетінің, бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына, мұнай-

шы коммунистерге сөз беріп, КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерін жүзеге асыру жолындағы сан қилы жұмыстарды баяндаса жақсы болар еді.

«Маңқыстау — бай қазына» деген рубрикамен де газетте бірер материал беріліпті. Ал Маңқыстау—бәрінен бұрын «Коммунистік еңбек» газетінен түспейтін, оның әрбір номерінен орын алатын тақырып. Маңқыстауға арнап бет беру, тіптен номер арнау өте қажет-ақ. Амал не, газет бетінен мұны кездестіре алмадық. Қазыналы Маңқыстаудан газетте материалдардың сирек кездесетіні, мұнай тыңын игеріп жатқан ерлерге — мұнайшыларға, құрылысшыларға жиі сөз беріліп отырмауы редакцияның Маңқыстау еңбеккерлерімен байланысының нашар екенін дәлелдейді.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының шешімдерінде еліміздің экономикасын онан әрі өрге бастыратын резервтерді тауып, іске қосу керек екені атап көрсетілді, ал Маңқыстауда іске қосылмай жатқан резервтер мол. Мұнай өндірудің өзі әлі қызу қарқын ала алмай келеді. Демек, газет бұл мәселені күнбе-күн, байыпты жазып отыруға міндетті.

Гурьев облысында өнеркәсіптің балық, машина жасау, химия сияқты салалары да өркендеуде.

— **КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерін жүзеге асырайық!** Міне газет осы тұрақты рубрикамен облыс индустриясының бүгінгі тынысын жиі жазып келеді. Бірқатар мақалаларда кәсіпорындардың жұмысына терең талдау жасалып, өндіріс тиімділігін арттырудың нақты жолдары, пайдаланылмай келе жатқан мүмкіндіктер мен резервтер тәуір көрсетілген. Мәселен, «Алдағы асулар», «Комсомол—рентабельді кәсіпшілік», «Барлық резервтерді іске қосайық», «Сомнан тиын» деген мақалалар туралы осыны айтуға болады.

Бірақ газетте бүгінгі талаптарға сай келмейтін, атүсті жазылған мақалалар да кездеседі. Гурьев балық-консерв комбинаты облыстағы ірі кәсіпорындардың бірі. Оның жұмысында қол жеткен табыстар аз емес. Дегенмен пайдаланылмай отырған резервтер де көп. Газетте «Еңбек жемісі» деген тақырыппен көлемді мақала басылды. Амал не, мұнда комбинат жұмысының тек жетістік жағы ғана көрсетіледі. Ал комбинаттағы нақты жағдай дәл осындай емес еді.

Мұны соның артынша «Коммунистік еңбек» газетінде берілген «Негізгі қорларды тиімді пайдаланайық» деген бас мақаладан толық аңғаруға болады. Онда былай делінді: «Гурьев балық-консерв зауытында тоңазыту цехы жылдың екі айында ғана толық қуатында пайдаланылады да, қалған айларда жарым-жартылай бос тұрады. Ал завод басшылары қолға алып, дұрыс ойластырса, қаладағы сауда тағы басқа кәсіпорындардан тез бұзылатын заттарды алып, тоңазыту цехында сақтауына, сөйтіп негізгі қорды толық қуатында пайдалануына болады. Бұл цехтың рентабельді істеп, көп пайда табуына септігін тигізеді. Немесе заводта кильканы өңдейтін 38 машинаның 25—30-ы ғана жұмыс істейді. Қалғаны әртүрлі себеппен іске қосылмай босқа тұрады. Бұл да еңбек өнімділігін мейлінше арттырып, өнімнің өзіндік құнын кемітуге, пайданы көп табуға үлкен нұқсан келтірмей отырған жоқ».

Сөйтіп кәсіпорын туралы екі мақалада біріне бірі қайшы келетін пікірлер айтудың қаншалықты қажеті бар еді?

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерін насихаттауға байланысты аталған газеттер шаруашылық есеп, рентабельділік, кіріс, пайда, кредит, баға сияқты аса маңызды экономикалық тұтқалар жайында мақалалар берген жоқ.

Жоғарыда аталған кемшіліктер жеке облыстық газеттердің КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерінен туатын маңызды тақырыптарды мардымсыз жазып отырғанын сипаттайды. Алдағы уақытта жергілікті баспасөз экономикалық реформаны жүзеге асыру, шаруашылық жүргізу әдістерін жетілдіру, сөйтіп социалистік өнеркәсіпті шұғыл өркендету мәселелерін іскерлікпен жазуға тиіс.

Осы тұрғыдан бүгін таңда журналистерге де қойылатын талап күшті. Экономикалық тұтқаларды, олардың ғылыми негіздерін жақсы білмесе жергілікті жердегі баспасөз қызметкерлері өндіріс экономикасын терең көрсете алмайды, қарадүрсіндікке салынып, жадағай цифрлардың жетегінде кетеді. Сондықтан экономиканы жетік білу, өнеркәсіп мәселелерін білгірлікпен жазу — әрбір журналистің абзал борышы.

Партияның алдағы XXIII съезі құрметіндегі жарысқа газет беттерінен кең орын берілуі керек. Облыстық газеттер москвалықтар мен ленинградтықтардың инициативасы бойынша басталған, металл мен материалдарды үнемдеп жұмсау және осының есебінен қосымша өнім өндіру жолындағы патриоттық қозғалысты күнделікті жазып отыруға міндетті. Жарыс тәжірибесін мол қамтып, еңбек озаттары мен жаңашылдардың даңқын шығару — биік мұрат. Партия ұйымдарының өнеркәсіпке басшылығын жан-жақты көрсету керек. Бұл абыройлы міндетін газет редакциялары өз жұмысына жұмысшылар мен инженер-техниктерді, завод, фабрика басшыларын, партия, совет, кәсіподақ қызметкерлерін кең қатыстырғанда ғана ойдағыдай орындап шыға алады.

Байырғы газеттердің жаңа қадамы

Біраз үзілістен кейін республикамыздың солтүстік облыстарында қазақ тіліндегі облыстық газеттер қайта шыға бастады. Атап айтқанда 1966 жылдың 1 январында Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» (редакторы Қ. Меңдіқожин), Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» (редакторы Б. Жангисин), Павлодар облыстық «Қызыл ту» (редакторы С. Шошанов), Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» (редакторы Ө. Ипмағамбетов), Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» (редакторы Ө. Оспанов) газеттерінің жаңа номерлері шықты.

Бұл газеттердің қайтадан шығуы — солтүстік облыстардың қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі оқиға. Сондықтан да сан мыңдаған оқушылар қауымы: жұмысшылар мен колхозшылар, партия, совет қызметкерлері, ауыл-село интеллигенциясы өздерінің байырғы газеттерінің жарық көруін қуанышпен қарсы алып, оларға ізгі тілек білдірді.

Мысалы, Көкшетау облысындағы қарт тілші И. Тоқпанов былай дейді: «Көкше даласына үлкен бір қуаныш келді. Облыс еңбекшілерінің бұрынғы сүйікті газеті — «Көкшетау правдасы» қайтадан шығарылатын болды. Көз үйреніп, көңіл ұялап, сырлас-мұңдас болып кеткен газетімен қайтадан қауышуы облыстың барша еңбекші қауымы үшін үлкен қуаныш, зор мерей деп білемін».

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінің редакциясына мынадай құттықтау жіберген:

«Ленин туы» газетінің соңғы бірер жылда тоқырап, 1966 жылдан бастап қимылына қайта кірісуі мені ерекше шаттандырады. Себебі, мен бұл газетке шыға бастаған күндерінен бері үздіксіз қатынасып келе жатқан автордың біреуімін.

Газет Ұлы Октябрь социалистік революциясының елу жасқа толатын тойының қарсаңында шығып отыр. Бұл үлкен тойдың алдындағы күндерде газеттің жақсы қызмет атқарып, өз міндетін абыроймен орындап шығатынына сенемін. Қадамың құтты, қаламың ұшқыр болсын, сүйікті «Ленин туы»!

Ал Қазақстан КП Қостанай облыстық комитетінің бірінші секретары А. Бородин жолдас өзінің жаңа жылдық «Келелі міндеттер» деген мақаласында: «Коммунизм таңы» газетінің облыс еңбекшілері КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдерін іске асырып жатқанда, туысқан партиямыздың кезекті XXIII съезіне әзірлік кезінде жарық көруі — өте қуанышты оқиға. Жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындап, халық шаруашылығын өркендетуде, мәдениетімізді көркейтуде бай тәжірибеге ие болған облыс еңбекшілерінің жаңа бесжылдыққа аяқ басып отырған күні туған бұл газеттің өмір жолы жемісті де абыройлы болмақ» деп жазды.

Расында да бұл газеттердің көп жылғы тарихы, тамаша дәстүрлері бар. Кейбіреулері Совет өкіметінің алғашқы жылдарынан шығып келеді. Мәселен, «Ленин туы» газетін алайық. Ол 1920 жылдың март айында Омбы қаласында «Көдей сөзі» деген атпен жарық көрді. 1921 жылдың 19 мартынан бұл газет РКП(б)-нің Ақмола губерниялық комитеті мен губревкомының органы ретінде «Бостандық туы» деген атпен Қызылжар (қазіргі Петропавл) қаласында шыға бастады.

Сол сияқты Қостанай газетінің да отыз жылдық тарихы бар. Оның тұңғыш номері 1936 жылы 26 октябрьде «Большевиктік жол» деген атпен дүниеге келді.

Солтүстік облыстардың қазақ баспасөзі социалистік және коммунистік құрылыстың міндеттерін орындауда, еңбекшілердің саяси, өндірістік белсенділігін арттыруда, оларды советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеуде үлкен роль атқарды, жергілікті партия ұйымдарының жауынгер көмекшілері болды. Енді міне олар КПСС Программасын жүзеге асыру жолындағы күресте сол дәстүрінен, сол игі істерінен айнымауды мақсат етіп қойып отыр.

Бұл газеттердің жаңа қадамы жаман емес. Биылғы жылдың алғашқы айларында олар едәуір маңызды тақырып көтеріп, бірсыпыра қызықты материалдар жариялап тастады. Мысалы, «Ленин туы» газеті «КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін жүзеге асырайық» деген рубрикамен бірнеше мақала, корреспонденция жариялады. «Коммунизм нұры» газеті «Жаңа бесжылдық өріне» деген рубрика ашты. Сол сияқты бұл газет «Миллиондардың лениндік университеті» деген тақырып бойынша коммунистер мен партияда жоқтардың саяси оқуын жақсы жазып келеді.

Солтүстік облыстардың газеттерінде партия, совет, халықтық бақылау қызметкерлерінің мақалаларына кең орын беріле бастады. Мәселен, «Ленин туында» Мамлют аудандық партия комитетінің бірінші секретары М. Камелетдиновтың, «Коммунизм нұрында» Целиноград облыстық халықтық бақылау комитетінің председателі А. Халықовтың, «Коммунизм таңында» Тобыл аудандық Совет атқару комитетінің председателі Қ. Тәжімакиннің, «Көкшетау правдасында» Көкшетау аудандық партия комитеті ұйым-

дастыру бөлімінің меңгерушісі Қ. Дөненовтың және басқаларының мақалалары басылды. Бұл мақалаларда негізінен КПСС Орталық Комитетінің март және сентябрь Пленумдары шешімдерін жүзеге асыру жайы сөз болады.

Осыған орай облыстық газеттердің жеке сәтті шыққан беттері, материалдары бірден көзге түседі. Мысалы, «Қызыл ту» газетінің «Әрбір жүз саулықтан 134 қозы» деген плакат беті тәуір. Мұнда Лебяжі ауданы, № 23 совхоздың аға шопаны Күзеубек Смағұловтың тәжірибесі тартымды баяндалады.

«Көкшетау правдасы» «Озат тәжірибе мектебін» ашты. Соның бірі Көкшетау ауданындағы «Бұлақ» совхозының механизаторы Санақ Сембаевтың тракторды күрделі жөндеусіз жүргізіп, оның пайдалану мерзімін ұзарту туралы бастамасымен таныстырады.

«Коммунизм таңы» газеті Сарыбай руднигінің экскаватор машинисі Жаппас Нұрпейісовтың «Жұмысшы деген зор атақ» деген мақаласын басып, осының төңірегінде еңбек адамының абыройын көтеру жөнінде келелі әңгіме қозғағалы отыр.

«Коммунизм нұры» газеті «Коммунист туралы сөз» деген рубрикамен қатардағы коммунистер туралы суреттемелер, очерктер жариялауға кірісті. Ал «Қызыл ту» газеті «Сізге арнаймыз, насихатшы!» деген тақырыппен насихатшылар бұрышын ұйымдастырды. «Көкшетау правдасы» газеті бір кезде өзінің оқушыларына ұнаған «Біздің ара» сықақ бөлімін қайта жаңғыртты.

Солтүстік облыстардың газеттері жаңа қадамын міне осылай сәтті бастады. Ендігі жерде редакция қызметкерлері өз газеттерінің идеялық-саяси мазмұнын жақсарту мақсатында материалдар берудің соны формалары мен жолдарын үнемі іздестіріп, таба білуге тиіс.

Партиямыздың XXIII съезі ашылатын күн таяп қалды. Жергілікті баспасөз съезд құрметіндегі еңбек өрлеуін, еңбекшілердің творчестволық инициативасын, озаттық пен жаңашылдық үлгісін күнделікті жазып отырса нұр үстіне нұр. Совет адамы — негізгі материалдық игіліктерді өндіруші, ол өзінің қажырлы еңбегімен халық шаруашылық жоспарларын орындауға тікелей ат салысады. Сондықтан миллиондардың еңбегі мен социалистік жарыс жергілікті баспасөздің басты тақырыптары болуға тиіс.

Солтүстік облыстардың газеттері қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін жүзеге асыруға жұмылдырып, көктемгі егіске үлгілі әзірлену, мал қыстату науқанын ойдағыдай өткізу мәселелеріне баса назар аударуы керек.

Аталған газеттердің партиялық-ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстарды терең жаза алмай келе жатқаны байқалады. Бұлардағы елеулі кемшілік — өткір, принципті сын кеміс, істің көлеңкелі жағын ұмыт қалдырып, күңгей жағын көрсетуге әуестену сарыны сезіледі.

Біздің газеттеріміздің еңбекшілерге идеялық тәрбие беруде, олардың ескелең рухани тілек-талғамын өтеуде ролі күшті. Ендеше баспасөздің шағын әдеби жанрларын мол пайдаланып, қызықты, тартымды очерктерді, фельетондарды, әңгімелерді, рецензияларды жиі-жиі жариялап отырған абзал. Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Целиноград, Көкшетау облыстарында тәп-тәуір очерктерімен, әңгімелерімен көзге түсіп жүрген қаламгерлер аз емес. Бұлардың қатарында З. Иманбаев, Ә. Нәбиев, Ғ. Әбілев, Н. Оразов, М. Хасенов, М. Жаманбалинов, Б. Ырзабаев, Е. Ибраһим есімдерін атауға болады.

Осы облыстық газеттер әдебиет беттерін де бере бастады. Бірақ әдебиет беттеріндегі кейбір елеңдер мен сықақ әңгімелердің, этюдтердің көркемдік дәрежесі төмен. Мұның өзі редакциялардың жастар творчествосына қатаң талап қоймайтынын көрсетеді.

Жұмысшы, ауыл-село тілшілері, авторлар активі — совет баспасөзінің үлкен сүйеніші, мықты тірегі. Жергілікті газеттер халық тілшілерін, авторларды өз төңірегіне берік топтастырғанда ғана большевиктік баспасөздің лениндік дәстүрлерін сақтап, коллективтік үгітші, коллективтік насихатшы және коллективтік ұйымдастырушы міндетін ойдағыдай орындай алады.

Халықтық бақылау комитеттерінде

ЖАҢА ТЕХНИКА НАСИХАТТАЛУДА

Өскемен. «Востокстройдеталь» тресіндегі халықтық бақылауға көмектесуші топ мүшелерінің жасаған альбомы «Техникалық прогресс жолында» деп аталады. Бұл альбомнан біз ғылым мен техника жаңалықтарын өндіріске енгізуді байқау кезінде құрылысшылардан 200-ден аса жаңашыл ұсыныстар түскенін көреміз. Бұл ұсыныстарды өндіріске енгізу жылына жүз мыңнан аса сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бірсыпыра ұсыныстардың өндіріске қалай енгізілетіні фото суреттерде көрсетілген.

Халық бақылаушылары — құрылысшылар жаңа техниканы насихаттайтын арнаулы сурет плакаттар шығаруда. Сондай плакаттың бірінде инженер Лукашев ойлап тапқан виброраманың құрылысы көрсетілген. Сондай-ақ құрылысшылар арасында фотоайыптау суреттері де беделге ие болып отыр. Фотоплакаттарда бұрынғы сыннан қандай қорытындылар шығып отырғаны айтылған.

Мысалы, бір плакатта қойманың күйі бейнеленген. Онда шашылып жатқан бұйымдар көрсетілген де, оған тікелей кінәлі адамдардың суреттері қоса берілген. Біраз уақыт өткеннен кейін цехтағы жағдай мүлде өзгерді. Фотоплакаттың кезекті бір номерінде «Шара қолданылды» деген тақырыппен бірнеше суреттер басылды. Онда қойма жағдайының жақсарғаны, бұйымдардың сақталу тәртібі реттелгені көрсетілді. Өздерінің атқарып отырған жұмыстарын көрнекі құралдармен баяндайтын топтың бұл игі істерін халықтық бақылаудың қалалық органдары мақұлдауда.

ЖАҢА ТОП ЖҰМЫС ҮСТІНДЕ

Семей. Бесқарағай ауданындағы «Баскөл» совхозының жұмысшылары бақылауға көмектесуші жаңа топқа 731 кісі сайлады. Бұлардың барлығы дерлік еңбек озаттары. Топты экономист С. Әділбеков жолдас басқарады. Халық бақылаушылары жұмысқа белсене кірісті. Қазірдің өзінде олар бес рет байқау рейдтерін өткізді. Топ әзірлеген, совхоздың бірінші және екінші бөлімшелерінің мал қыстатуды өткізуінің барысы туралы мәселе партком мәжілісінде қаралды. Бөлімше бастықтары мен зоотехниктерге малды күту барысының қанағаттанғысыз екені ескертілді.

Сондай-ақ бақылау тобының мүшелері шаруашылықта штат тәртібінің әлсін-әлі бұзыла беретінін дәлелдеді. Совхоз ди-

рекциясы халық бақылаушыларының көмегімен басқару аппаратында штаттан тыс алты адамның барлығын анықтап, оларды қысқартты. Бұл қысқарту шаруашылықтың ай сайын біраз қаржы үнемдеуіне мүмкіндік берді.

Халық бақылаушылары қазір өздерінің биылға арналған жоспарын жасады. Онда шаруашылықтың экономикалық қызметіне баса көңіл аударылған.

БАҚЫЛАУШЫЛАР СОВЕТИ

Теміртау. «1150» слябингтің құрылысында бақылаушылар советі біраздан бері жұмыс істеп келеді. Ол құрылысы баяу жүргізіліп жатқан объектілерді бақылайды. Құрылыс жұмысының барысын күнделікті бағдарлап біліп отыру үшін совет 12 жерден уақытша пост ұйымдастырған. Олардың құрамында 60 мыңнан аса халық бақылаушылары бар.

Советтің басшылығымен (председателі Н. Еременко жолдас) жұмыс күнінің ұйымдастырылуын, құрылыс басына материалдардың жеткізілуін, механизмдердің тұрып қалмауын бақылаған жаппай рейдтер өткізілді. Совет материалы бойынша халықтық бақылаудың қалалық комитеті «Промстрой» басқармасының слябинг құрылысында жіберген кемшіліктерін қарап, талқылады. Сол секілді халық өкілдері электрокабельді талантаражға салушыларды өшкөреледі. Механик К. Бездомныйға кабель ұрлаушыларды жасырмақ болған ниеті үшін партиялық жаза қолданылды.

Халықтық бақылаушылар советі қабырға газетінің 37 номерін, 17 фотоайыптау суреттерін шығарды. Олар жергілікті радиоторабын да кеңінен пайдалануда. Совет жұмыстарын құрылысшылар қолдауда.

ЖАНАР-ЖАҒАР МАЙ ҮНЕМДЕЛУДЕ

Целиноград. Облыстың бес мыңға тарта халық бақылаушылары электр қуатының, отынның, жанар-жағар майдың жұмсалудың қадағалауда. Бұл жұмысты Целиноград ауданының «Воздвиженский» совхозының бақылаушылары жақсы жолға қойған. Осы шаруашылықта 436 тонна жағар май артық жұмсалған. Электр қуаты мен жағар майдың жұмсалыу есебі шамамен, көз мөлшерімен жүргізіледі.

Жанар-жағар майды үнемдеген тракторшылар мен комбайншылар материалдық жағынан ынталандырылмаған. Осы сияқты басқа да біраз кемшіліктер тек-

серу кезінде анықталған еді. Олар қазір жойыла бастады. Халық бақылаушыларының ұсынысы бойынша совхоз директоры электр қуаты мен жанар-жағар майды үнемдеп жұмсауды көздейтін бірсыпыра шаралар белгілеп, арнаулы бұйрық шығарды. Екі күннің ішінде қоймадағы жағар май сақтайтын резервуарлар жөнделіп, қалпына келтірілді. Есеп жұмысы жолға қойылды.

ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

Павлодар. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары В. Кушнаренок қызмет бабын жеке басының мүддесі үшін пайдаланып келген. Ол Баянауыл аудандық өндірістік басқармасы мен «Ақшимаң» совхозының басшы қызметкерлеріне сыйлық беру жөніндегі заңсыз бұйрықты біле тұра бекітіп жіберген.

«Алексеевский» совхозы өткен жылдың бірінші тоқсанында тұрғын үй құрылысы жөніндегі жоспарды тек жартылай ғана орындағанына қарамастан директор Душенко жолдас аудандық өндіріс басқармасы мен шаруашылықтың басшы қызметкерлеріне сыйлық беру жөнінде бұйрық шығарған. Сол бұйрық бойынша Кушнаренок жолдасқа да сыйлық белгіленген. Тек халықтық бақылау органдарының араласуымен ғана бұл бұйрық орындалмай қалды. Кушнаренок жарты жылға жуық уақыт бойы құрылысшы инженер есебінен жеке машинасына шофер ұстап келген. Осы фактілердің барлығы анықталғаннан кейін, оның мемлекетке келтірген зияны ескеріліп, оған бір айлық жалақысы мөлшерінде ақшалай айып салынды.

ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

Ақтөбе. Электромагнитті екі сепаратор ферросплав заводына Герман Демократиялық Республикасынан осыдан 13 жыл бұрын әкелінген еді. Бір сепаратор ал-

ғашында шамалы уақыт жұмыс істеді де, кейіннен мүлде тоқтап қалды. Ал екінші машина ешбір пайдаланылмастан, өткен жылдың сентябрь айында моральдық жағынан тозды деп санақтан шығарылды. Ет комбинатына Венгер Халық Республикасынан «Саксония» атты фарш араластыратын машина келген болатын. Оның өнімділігі, техникалық сапасы осында қолданылып жүрген басқа машиналардан әлдеқайда жоғары. Сөйтсе де ол ұзақ уақыт бойы өндірісте пайдаланылмай келеді.

Облыстың сүт және сыра заводтары секілді бірсыпыра кәсіпорындарында шетелден әкелінген осындай құрал-жабдықтар пайдаланылмай отыр. Халық бақылаушылары жасаған рейд кезінде сырттан әкелінген бағалы да қымбат машиналардың нашар сақталып отырғаны да анықталды. Халықтық бақылау органдары шетелден әкелінген машина, құрал-жабдықтарды мүмкіндігі бар жерлерде тұтынып, ал жағдайы жоқ жерлерден алып, басқа кәсіпорындарға беру жөнінде нақты шаралар белгіледі.

ХАЛЫҚ БАҚЫЛАУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТАРЫ ӨСУДЕ

Алматы. Республикада халықтық бақылау органдарына көмектесуші топтар мен постыларға партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының өкілдерін сайлау аяқталды. Мемлекет басқаруға еңбекшілердің үлкен бір жаңа тобы қосылды. Халық бақылаушыларының қатары өсті. Мысалы, Алматы облысында халық бақылаушыларының саны 5,5 мыңға көбейіп, олардың жалпы саны 52 350 кісіге жетті. Көкшетау облысында жаңадан 81 топ құрылды. Оның мүшелерінің саны 2 мыңдай. Республика бойынша халық бақылаушыларының саны 25 мыңға көбейіп, жаңадан 1300 топ құрылды. Қазір республиканың халықтық бақылау органдарында 350 мыңға тарта адам жұмыс істейді. Олар 40 мыңнан аса топ пен постыларға біріккен.

УГ01142
Заказ № 1135
Тираж 36 457

РЕДАКЦИЯ ҚОЛЛЕГИЯСЫ:

Қ. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты секретарь), Ж. Бектепов, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Мәдиев, К. Мендібаев, Ш. Өржанов, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: редактор — 2-23-03, секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, идеология және экономика бөлімдері — 2-57-23.

9/II-1966 жылы басуға кол қойылды, қар. 70×108¹/₁₆ 2,5 қар. — 6,85 авт. табак

ҚКП Орталық Комитеті жақындағы республикалық газет-журнал баспасы.